


58.
Н. В. ГОГОЛЬ

ТАРАС БУЛЬБА



5293 ✓
ИИВ.

ИИВ. № 8965

КАЗАКТЫН
БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1945

Нодарская обл.
гражданская библиотека
N. Островского

Н. В. ГОГОЛЬ

ТАРАС БУЛЬБА

Ескертулерін жазған

ЧЕРНЯК Б. Х.

Орысшадан аударған

НУРТАЗИН Т.

ҚАЗАКТЫҢ
БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ ҚАСПАСЫ
Алматы — 1945

йығана байғус білместе, ал, ана балаларының бір тамшы қанының жолына өзін курбан қылуға дайын. Әлемнің алдыңыз уйқысурал бара жатқан балаларының көзінде ана едіреп жасты көзін тікті, кім біледі, Бульба оянған соң екі-үш күннен кейін жүрерміз, дер деп те оиласы. Мүмкін, Бульба ертек жүреміз деп, аракты көп ішкендіктен айтқан шығар.

Аспандары жарқыраған ай үйіктаған жанға толы шарбакты, вербаның¹⁾ қалың тобын, шарбакты қоршаған қаданы көлжелеген биік төбені күміс жарығымен алдақашсаннан-ақ жуып тур. Ана сүйікті балаларының басында отыр, бір минут олардан көзін алған жоқ, үйқыны ойлаған жоқ. Таңың жуықтығын сезген аттарда шөп жеуін қойып, жусап жатысты; вербаның ушарбасындағы жапрактар қалтырай бастады, бул қалтырау тәмендей-тәмендей вербаның бар жапрағына жайылды.

Ана таң атқанша отырды, тіпті талып шаршаған жоқ, тұн созыла берсе екен деп тіледі ішінен. Өрістегі құлынның шіңгірлеп кіснегені, қоңыраудай естіліп жатты. Қызыл саддақ аспанда айқындаған ірге тепті, Бульба кенет оянып, ушып түре келді. Кешегі берген жарлықтары булжымастан оның есінде еді. «Ал, балалар, осы үйіктағандарың жетер! Уақыт болды! Уақыт болды! Аттарыңды суарындар! Әлгі кәрі, (әйелін ол осылай атайдын). Қайда? Бізге асты тезірек дайында, кәрім, сапарымыз үзак!»

Байғус ана соңғы үміттен қол үзіп, аяғын зорға басып үйге кіріп кетті. Көзінен жасы барлап жүріп ана таңертеңгі тамакты дайындал жүргенде, Бульба жүруді қамдал буйрықтарын беріп, атқорада болып, балаларына ер-турманды өзі таңдал ыңғайлады. Бурсактар²⁾ тез түледі: бурынғы сатпақтанған етіктің орнына күміс тағалы қызыл сафьян етік, Қара теңіздің кеңдігіндегі, мың қатармалы, алтын баулы шалбар киді. Кор-қорға арналған

1) қарагаш реуішті ағаш,

2) Бурста оқушылар, —

түрлі әлеміштер, шашақты қайыстар алтын бауға сал-быратып тағылған. Жарқыраған ал қызыл тұсті сукнодан тіккен Козакин¹) оюлы белбеумен бұылған; таңбалы түрік пистолеті белбеуге қыстырылған; узын қылыш аяқпен арпалысып жүр. Олар күн жөнді шалмаған жүздері ағарған, сулуланған секілді. Қырбықтанған қара мұрты бетінің ағын, жастықтың әлуетті бояуын айқын елестетіп тур; алтын төбелі, қара буйра елтірі бөрікте оларға жарасулы. Байғус ана оларды көргенде тіл катуға муршасы, келмей, мөлдіреген жас көзіне іркіліп тұра қалды.

«Ал, балаларым, бәріде дайын! Тоқтаудың хажеті жок!» деді Бульба. «Енді христиан әдеті бойынша сапарға шығар алдында бәрімізде тізе бүгүіміз керек».

Бәрі, есікте турған балаларға дейін түгелі мен отырды. «Ана, ёнді балаларыңа батаңды бер!»—деді Бульба. «Тайсалмай соғыс, рыцарь намысын кіршиксіз қорға, христиан дініне көкірегің адап болсын, деп тіле кудайдын. Олай болмаған күнде мейлі курғып, бул дүниеде исіде қалмасын! Балалар, анаға жақын барындар. АナンЫң батасы суда, да, курда да аман сақтайды». Елжіреген жүргімен ана балаларын күшактады; кішкене екі иконды²) қойынан альп, солқылдан жылап, балаларының мойнына кигізді. «Алланың анасы... сендерге жәрдем берсін.., улдарым... анаңды умытпаңдар... тым болмаса хабарларыңды білдіріп турындар ..». Будан әрі ананың сөйлеуге дәрмені жетпеді.

«Ал, жүрейік, балалар!» деді Бульба. Крыльцының³) алдында аттар ерттеулі тур еді. Бульба өзінің Перісіне атын мініп алды, үстіне жыйырма бүт жүктің пайда болғанын сезген ат күтырғандай жарқ берді; Тарас өте жуан және ауыр еді. Балаларының да атқа мініп алғанын көрген ана кіші улын бас салды, оның нурлы жүзі өте жылы көрінді; ана кіші улының үзенгісіне жармасып,

1) Қатарма белді, тар женді шекпеннік бір түрі.

2) Икона — кудайдық пішіні.

3) Есіктің басқышы.

ерше жабысты, көзіне түк көрінбеді, қолын айырғысы келмеді. Еқгезердей өкі козак ананы ептең қана көтеріп, үйге алып жөнелді. Жолаушылар қақпадан шыққанда анада кустай ушып қақпадан жүгіріп шықты, айтып болмастық куатпен атты токтатты, кутырғандай екпіндеп, оттай жаңыга баласының бірін құшактады, ананы көтеріп тағыда үйге алып кетті. Екі жігіт тунжыраған түспен, әкесінен қорыкқаңнан жастарын көздеріне іркіп келе жатты. Әкесіде білдірмейін дегенімен біраз лоблыған еді. Күн туманды; жасыл шөп жарқыраған бояуы өрескел көрінеді; сайраған кустардың даусы да үйлеспей жатқан секілді. Жолаушы жігіттер біраз жүргенсон артына қарады: жаңа ғана шыққан хуторды жер жұтып кеткен секілді, жупыны үйінің екі трубасы, өздері бұтағына өрмелеген ағаштың бастары ғана керінеді; тек пішінді дала ғана алдарында жазылып жатты, осы далаға қарал олар өздерінің шықты шөпті жапыра жүгірген бағалық шағынан, өкпесін қолына алыш, кустай ушып келе жатқан қаракасты козак қызын осы сайда күткен жігіт күніне дейінгі өмір тарихын естеріне түсіретін.. Үзай түсті. Күдықтың басындағы доңғалак байлаған жалғыз сырғауыл ғана сорайып көрінеді, олар басып өткен жазық жер енді тау сыйкты болып, енді бәрін тасалады. Балалықта, ойын да, бәріңде хош болыңдар!

Уш салт атты тіл қатыспай жүріп келеді. Қарт Тарастың ойы ертедегі өткенде: жастық шағы көз алдына елестеді, жасаған жастар, өмірі балдырған болып өтуді арман еткен қозактар аңсайтын жастар кайта айналып алдынан өткендей болды, Сечте бурынғы үзенгілес жолдастарының нешеуіне кездесер екемін деп ойлады ғл. Нешеуі өлді, нешеуінің көзі тірі, деп санады Тарас. Қезінен шыққан мөлдір жас, моншақша тізбектеліп, бурыл тартқан басы салбырап түсіп кетті.

Тарастың балаларының кеуіл, есін басқа ой көрнеді. Біз улдар туралы көбірек баяндауымыз керек. Олар онекі жасында Киевтің академиясына оқуға берілген, оль заманда ардакты сановниктер¹) балаларын академия тәрбиесіне беруді салт қып кеткен, академиядан алған тәрбие, білім кейінде көбінесе өмірге аспай, умытылып қалыні қоятын. Бурсаға түскен басқалардай, буларда тағыг, еркіндікте өрке болып бой тәрбиелеген болатын, тек бурсада біраз жаттығып, бір ізге түсіп, біріне бірі уксамды қалыпқа көшкендей болатын. Үлкені Остап, бірінші жылы өнерді үйіне қашудан бастады. Оны қайта алып барды, жаңына батыра дүреледі, сабакқа қайта отырғызыды. Әліппе кітабын Остап төрт жерге қазып тықты, төрт рет оны жоны бауырын бірдей қып сабап, әліппе кітабын жаңадан сатыга әперді. Егер академияда бар ғылымды үйренбесен, өмірі Запорожьены көрмейсің, жыйырма жыл монастырь служкасы²) етіп устаймын деп, әкесі ызғарын төкпесе, Остап бесінші рет қашуғада дайын еді. Оқымыстылықты тілдеп, балаларына ғылымға мойын бурма дегенін біз жуырдаған естіп едік қой, сол Тарастың, жоғарыдағыдай өнегелі сөз айтудаған жағап іс. Сол сағаттан бастап Остап іш пыстыратын кітаптарды мойындаپ оқуға кірісіп, тез уақытта жаксы оқушылардың қатарына косылды. Ол кездегі оқудың өмірге ешбір үйлесімі жоқ еді. Схоластикалық³), грамматикалық, риторика лық⁴), логикалық нәзік талдаулар заманының аузына жана спай, іс жүзінде пайдаланылмай, турмысқа аспай қалып отыратын. Схоластика мен жанасымы кем ғылымдарында олар ештемеге уксата алған жоқ. Ол заманың оқымыстыларының өзі жүрттың бәрінен надан болатын,

1) Сановник — аксүйек, төре.

2) Служка — бойсунған — сопылыққа алынбаған, дайындық, сын дәуірін өтіп жүрген адам. Бой сунғандар — монастырьлердің жұмысын ақысыз істейтін.

3) Схоластика — бұлдыр, байлаусыз, сөзге сүйенген оқу.

4) Риторика — шешендейк ережесін баяндайтын білім тарауы.

Үйткені олар тәжрибеден көш бойы аулақ еді. Оның үстіне, бурсаның республикалық қурылымы, қайратты, балдырған, келбетті жастардың топталуы мунда оқудан сыртқары іске кең мүмкіндік ашты. Кейде турмыстың жамандығына, аштықпен жазалауға, куатты жастың жаңалық-қа, қызғылыштыға аңсауы қосылып олардың бойынан еттілік, тапқырлық тудыратын; бұл хасиет кейінде Запорожьеде кең өріс алған. Бурсаның аш оқушысы Киевтің көшесін шарлай, бүкіл журтты сак болуға мәжбур етегін. Базардағы сәудегер әйелдер пирогтарын, бубликтарын, шекілдеуіктерш бурсактардың өтіп бара жағанын көрсе, уя басар бүркіттей, қолымен баса қоятын. Өзіне бағынған оқушылардың тәртібін бақылайтын консул¹) дың шалбарының қалтасы бейғам қатындардың лавкасы түгел сыйып кеткендей кең болатын. Бул бурса оқшау туратын, Польша мен орыс дворяндарынан қуылған топ буларды маңайына жолатпады. Академияны қанаты астына алғанымен Воевода²) Адам Кисельдің³) өзіде бурсактарды журтшылыққа қатыстырмады, қайта қатаңырак устауды буйырды. Шынында бул тіпті аққула берілген жарлық еді, онсыз-ақ ректормен⁴), профессор-сонылардың өздері-ақ қамшы мен шыбықты аямайтын, олардың жарлығымен ликторлар⁵) өздерінің консулдарын өлтіре дүрелегендіктен, ол жазғандар бірнеше жумаға дейін шалбарларын сыртынан уқалап жүргін. Олардың көбіне мундай қылық гіпті ерсі көрінбейтін, бурышты көбірек қосқан арақ секілденетін, басқалары мундай үнемі куыра беруге шыдамай, жолын тапса және қолга түсіп

1) Консул — тәртіп бақылаушы бурсаның ересек оқушысы.

2) Воевода — округ, облыс бастығы.

3) Адам Кисель XVII ғ. бірінші жартысындағы түстік-батыс Россиянин, саяси қайраткері. Козактар көтерілісі кезінде Польша үкіметі атынан «бас комиссар» болып, көтерілісті жою әрекетінде сөз жүргізді.

4) Ректор — жоғарғы мектептің бастығы.

5) Ликтор — консулдың көмекшісі.

калмаса, Запорожьега қашатын. Остап Бульба логика мен богословияны (діни оку) қанша ықлас қойып оқысада, дүреден кутыла алмады. Мундай жағдай оның мінезін қапгездендіріп, козактарға лайық табанды етуі табиғи нәрсе еді. Остап әрдайым өң жаксы жолдастыд бірінен саналатын. Біреудің бакшасын тонау секілді огаш қыймылдарда ол басшылық істемейтін, ал, айлакер бұсқатың тобына ол бірінші болып қосылатын да, ешуакытта сырды әшкере қылмайтын. Қалай қамшылап, дүрелеседе, ол үнін шыгармайтыш. Соғыс пен есірме тойдан басқаның бәріне оның боýы жібімейтін, басқа¹ нәрсе оның ойынада кірмейтін. Өзімен дәрежесі бірдей адамға ол кайрымды болатын. Оның жақсылық қалпы, сондай мінезді адамда, сол заманда ғана болуы мүмкін еді. Анасының коз жасыд көргенде оның жүрегі шын елжіреді, жалғыз оның гана боýы босап, оýфа шомып, басын түсіріп жіберді.

Кішісі, Андрий пысығырақ, пісіп-катқандау еді. Ол күшті, салмақты, мінезді адамның қалпымен ықлас қоя, көп қыйналмай оқыды. Ағасындай емес ол өнерлі еді; ке&інесе коркынышты іске басшы бола кетіп, жебе-жемге кслгенде онерінің арқасында жалтарып жөн тауып жаздан кутыла беретін, ал, оның ағасы Остап ешкімнід комегіне жалбарынбай, кешірім сурау деген ойында жоқ, киімін шешіп, арқасын тосып жата бастайтын. Атакқ² Андрийде қумар болатын, әйткенмен сезімнід басқа тарауларыда оган жат еместі. 18 жастан аттап түсісімен-ак оның кеудесінде ғашық оты лып етіп жанды. Оның оты қыялынан әйелдің бейнесі әрдайын кегпейтін. Философиялық диспутты¹) тыңдал отырғандада уылжыған нәзік, кара көзді әйел Андрийдің алдында елестейтінде туратын. Әйелдің толған айдай жарқыраған жүзі, тольк кеудесі, аппақ, нәзік, жас баланың білегіндегі, майысқан колы, жарылмаған қауындау, сүйтседе қуатты мүшесіне

1) Диспут — ғылыми я саяси темаға арналған айтыс.

жабысқан көйлегі Андрийдің қыялына тәтті бір дем беретін. Соғыстың дәмін татпай турып ғашықтықтың сонына тұсу, әйелге кумарлану-ол заманда козаққа уят және абройсыздық деп саналатын, соңдыктан Андрий жас жанының нәпсі құбылысын ешкімге білдірмейтін. Соңғы кезде оның дүрмекті топқа басшылық істеуі сирек болатын, оның орнына Андрий Киевтің жемісті бақшалы көшеге бет бурған аласа тамды қойнауларын кезетін мінезге түсті. Кейде ол тіпті ақсүйектер туратын, осы күнгі ескі Киевтегі Малороссия, поляк дворяндарының әсемдеп, әшекейлеп салдырған үйлері бар көшелерге де баратын. Бір күні ол аузын ашып бейгам келе жатқанда Польша панының Колымагасы¹⁾ оны басып кете жаздады, адам шошырлық үрпиген муртты божиши қамшымен тартып жіберді. Жас бурсак қүнінде кетіп, есер батылдықпен алып қолды арбаның артқы додғалағына салып жіберіп Колымаганы тоқтатты. Кегін алар деп корықкан күчер қамшымен тартып жіберген аттар екпінімен арбаны жула жөнелді, қолын жулып алып үлгірген Андрий жерді каба сазға жынылды. Сыңғырлаган тәтті дауысты құлқі естілді Андрийдің қулагына. Жан-жакка көзін салып, ол төрөзеден караған, өмірде көрмейен сулуды көрді. Кара көзді, таңертеңгі күннің сәулесі себілген қардай аппак. Қызың ықласымен күліп тур, сакылдаған құлқі оның тегілген нурына ерекше ажар бірген секілді. Андрий абыржыды, Қызға от кысылған пішінмен қарғызы, бегіндең бапакты сұртемін деп, бұрынғысыңчаңда былгана түсті. Бұл сулу кім ексн? Байдура²⁾) тартущыны қоршап турған байдың асыл киімді қызметшілерінен сурап білмекшіде болды Андрий. Оның бапактанған бетін көріп қызметкерлер қарқылдал құлісті, еш жауап кайырмады. Ақырында, бул сулу Киевке уақытша келген Кровен Воеводасының қызы екенін білді Андрий. Келесі тұні бурсактарға лайық батылдықпен ол коршаудан өтіп

1) Колымага — пандар міндеттін ескі салтты арба (карета).

2) Музыкалық шекті аспап.

бақшаға кірді, бутағы үйдің үстіне төнген ағашқа шыкты, ағаштан тәбеле шыкты. темір пештід трубасымен түсіл сулудыд бөлмесіне кірді, дәл осы сағатта кыз шамныд алдында қулағынан сырғасын алып отыр еді. Танымайтын адам, ғайыптан пайда болғандай, алдына келе калранда поляктың сулу кызыныд қорыққаннан тілі күрмеліп, үні шықпай қалды, әйгінмен, уялғаннан төмен қарап, колын күймылдатуға баталмай турған бурсаны көргенсод, ол әнеуқұні көшеде жерді қаба қулаған жігіт екенін таныған сод, сақ-сақ күліп коя берді. Және Андрийдің келбетінде адам қорқарлық ештеме жоқ еді: оның жүзі жылы көрінді. Қыз¹⁾ копке дейін күліп, Андрийді ажуалады. Бул қыз, поляктың баска қыздарындаи, сулуда және жеділ мінезді еді, бірақ қоғі-ай, тамаша, өткір, мөлдір көзі-ай, алысқа қарап, турақтылық сенімге үндегендей. Бурсақ қолын қынылдагуға баға алмады, қаптың ішінде байлаулы жаткандай болды, воеводаныд қызы алшад басып келіп, мұныд басына өзінін диядемасын¹⁾ кигізді, ерніне сырғасын асып қоиды, иығына алтындал тіккен фестонды²⁾ үлбіреген кисеядан ісгеген шимезетка³⁾ сын жапты. Қыз киімін Андрииге біресе кигізді, біресе шешті, поляктың жеңіл мінезді қыздарыныд салтымен, жас баладай есіріп, мыд түрлі ахмактық істеді, бул мінез бурсақты бурынғыданда уялта түсті. Аузын ашып, қыздыд отты кезінен көзін анырмай, әдейі құлкіге қойған ойыншықтай болды. Осы кезде есік қаққан дыбыстан қыз шошып қалды. Андрийге кроваттың астына жасырын деді қыз, туған хауып ажырағаннан кейін татардың тутқын қызы горничнайын⁴⁾ шақырып алдыда, ептеп бақшаға шығарып, одан әрі шарбактан өткізіп жібер, деп әмір етті. Бірақ,

1) Диадема — әйелдің басын беゼйтін зат (гаунар тастарымен зенисттеге қурсау, не шынжыр),

2) Фестон — киімнің сыртында емшектеніп, шашақтанып шығыж туратын нәрсе.

3) Шимезетка — әйелдің сыртынан жамылатын шекпеншесі.

4) Үй қызметкери.

жайтқан жолында біздің бурсак шарбактан аман-сау өте алмады: оянып калған күзетші аяққа пәрмендеп сокты, желді аяғымен кашып күтылғанша көшенід өзінде корадағы қызметкерлер оны біраз соғымдады. Будан кейін бул үйдің жанынан өту өте хауыпты болды, үйткені воеводадың үй қызметкерлері көп еді. Бір рет Андрий қызыды костел¹) де кездестірді, қыз көзін токтатып, көптен бергі танысындай-ак жымыдады; бірнеше күннен соң Андрийдің көзі қызды тағыда бір шалды, содан кейін Ковен воеводасы кетіп қалды; кара көзді, ай жұзді сулу, полячка карайтын терезеде бет-аузы добалдай біреу туратын болды. Басын салбыратып, көзін атында жалына түккенде Андрийдьың ойында сол қыз еді.

Бул мезгілде жолаушының үшеуіде жасыл шөпті кендалаға шүйгіген, анталаған биік шөп оларды коршап алған, шөптің саласының арасында козак бөркінің караңдаған төбесі ғана көзге ілінетін.

«Э, э, э! Балалар, неге бұлай жым-жырт бола қалдыңдар?» — деді Бульба өзінің шомған ойынан серпіліп: «бейне бір жабайыг адамдай-ак! Ал, әу, десейік, әй, десейік! Ой атаулы тудғыйыққа соғады! Қорқорларынды алындар, шылымды тартып, атты тебініп, шауып жөнелсек, бізді куста күшті жете алмайды!»

Сүйтіп козактар едкейе шауып, шөпке сіңіп кете барды. Кара бөріктегі енді кәрінбей кетті: тек жапырылған шөптің арнасынан ғана олар шауып бара жаткан бетін білуге болатын еді.

Айқын аспанға күн алдакашан шығып, тіршілікке үн берген жылы жарығына даланы бөледі. Козактардың кеудесіне топтанып, мундртқандардың бәріде ыдыраپ, бала кустай, жүректері селт етті.

Барған сайын дала көріктене түсті. Ол кезде **бұқіл**

¹⁾ Костел — католиктердің шіркеуі.

©қтүстік көзіргі Новороссия¹⁾ деп аталатын жер, Қаратеңізге дейін жан жайламаған жасыл дала болатын. Жабайы шөптің шексіз толқынына плугтың жүзі тиіп көрген жокта. Оған, ормандағыдай, тасаланған жылқылардың гана туяғы тиетін. Табиғатта бул даладан артық ешнәрсе болуға тиіс еместі. Жердің беті тұрлі گүлден ою шашқаң жасыл тедіз сыйқтыда. Шөптің жідішке, сыйдам сабағыдың арасынан жасыл, көкшіл, шабдар түсті жапрактар жарысып шығып туратын; сары дрок²⁾ өзінің сатыланған басын бар шөптен жоғары көтеретін, ак گүл қол шатырдай күмбезді бөркімен көзді тартатын, әлде кайдан пайда болған бидай саяда кемеріне келіп толып туратын. Шөптердің нәзік сабағының арасын қырғауылдар мойнын созып кезіп жүретін. Тұрлі кустың сайраған даусы ауаның кернейді. Аспанда қалықтаған қаршыға, көзін жерге тігіп, канатын қакпастан бір жерде турып алатын. Қыядашып бара жаткан каздың канқылы әлде кайда аулактағы көлге жетіп, жаңғырығып жататын. Канатын асықпай кағып көтерілген шағала ауаның жасыл толқынына рахаттанып шоматын. Эне ол аспанға ғайып болып, жалғыз карамықтай гана көрінеді. Эне ол қанатымен төдеріліп, күн соулесінде жарқ етті. Шіркін дала-ай, қандай тамашасын!

Біздің жолаушылар тұскі асты ішу үшін біриеше минутка ғана токтады; бірге 10 кісі козак отряды аттан туспіп, арак күйған кутыларын, ыдыс орнына қолданылған аскабактарын шешіп алды. Шошқа майы мен нан, немесе коржи³⁾ ғана жеді, ас сідіру үшін бір чарка арак ішті, үйткені жолда жүргендеге көп ішуді Тарас Бульба жаратпайтын, содан кейін күн батқанша ілгері карай жүре берді. Кешке бүкіл дала өзгеретін. Даланың шұбарланған алабы күннің содғы сәулесіне шомылып, содан кейін қаруытатын, жайылып бара жатқан көледке көрініп ту-

1) Новороссия — Прут пен Дон өзенің арасындағы Кара және Азов теңіздеріне жуық жердегі патшалық Россияның бір бөлегі.

2) Дрок — далада көздесетін буршак туқымды шөп.

3) Коржи — ашытқан бүйрек нағыз.

ратын, дала біртіндеп көкшіл-күдгірт тартатын, шөптең ушқан ылғал коюланатын, әрбір гұл, әрбір шөп иіс шашып, бүкіл дала иісті самалға толатын.

Қарауытып көкшілденген аспанға алуан кисті¹⁾ мен алтыннан кед өрнек тартылғандай; анда-санда жерде үрпиген мөлдір акбулт көрінеді, тынық, теңіздің толкынындей, тахыт-сабырынды бузатын жеділ жел шөптердің басын жанап өтіп, бетіді аймалайды. Күндіз ойнаған музыка тынып, тұнде орнын басқаға беретін. Шубар тышқандар інінен шығып, артқы аяғына турып шыйқылымен даланы жаңғырықтыратын. Шегірткенід шырылы айқынырак естіледі. Кейде окшау жаткан көлден естілген аккудыд даусы ауамен жаңғырығып, күмістей сыңғырайтын. Жолаушылар айдалаға токтап, қонатын жерді сайлап алатын, от жағып, казан қойып кулиш²⁾ қайнататын; бұрқыраған бу көтеріліп, тұтінмен жарыса будактайтын. Астан кейін аттарын тусап жіберіп козактар уйқыға кірісетін. Эркайсысы киімін төсепіш ететін. Жаркылдаган лұлдыздар булардан көз жазбайтын. Курт-кумырсқа жәндіктердің шөпті шарлаған даусы, сытыры, ысқырғаны, шыйқылдағаны тұн қараңғысында жайылып, ауаныд өлегіне түсіп тазарып олардыд кулагына жетіп әлдилегендей болатын. Егер олардыд бірі тұнде оянып басын көтерсе, шексіз далаға жарықты қурттың ушқыны тарағандай көрінетін. Сайда жаңған камыстыд жалынымен кейде аспанның аулактағы буршы ақ сандактанып, терістікке қарай тізіліп ушып бара жаткан аккулардың тізбегі қызылданған күмістей жарыкпен сәулсленетін, сонда аспанмен қызыл орамал шұбалым ушып бара жаткандай көрінетін.

. Жолаушылар еш окыйғаға кездеспей келе жатты. Олардыд көзіне ағаш деген көрінген жок, айнала шалқып жатқан, шексіз, тамаша дала. Кейде ғана бүйірде Днепрді жағалай шыққан орманың жасылданған төбесі аулактан қылтылдаپ көрінеді. Жан жок. Бір рет қана Тарас:

1) Кисть — сурет салатын қыл шашақты ағаш.

2) Кулиш — таридан істеген суйық ботқа.

шөптің арасында көз ушында қарайғанды нұскап: «Ана-
ны қарандар, балалар, әне татар шауып бара жатыр!» —
деді. Шөптен қылқыйған муртты кішкене бас алыстан
қысық көзін қадап буларға карап қойды, тазы иттей, ауа-
зы искеді де, козактардың он үш кісі екенін көргенсон
тау киігіндегі орғып, көзден ғайып болды. «Ал, балала-
рым, татардың қуып байқайсыддар ма? Қумай-ак койыд-
дар, мың жылда устай алмайсындар: оның аты менің Пе-
рімнен де жүйрік». Эйткенмен тасаланып отырған жау
бар ма, деп Тарас біраз сақтық шара қолданды. Олар ша-
ба жөнеліп, Днепрге қуятын Татарка дейтін өзенге келіп
түсіп, іздерін жоғалту үшін суды бойлап көп жерге дейін
жүзіп, судан шығып жөндеріне жүріп кетті.

Арнап атт,анған жеріне олар үш күн дегенде жуықтады.
Ауа салқын таріты, Днепрдің жақын екені оларға сезіле
бастады. Әне, Днепр көз ушында ләркырап жатыр, күд-
гірт көмкеруі оны басқа әлемнен боліп турған тәрізді.
Тулаған толкыны салқын самалын жайып жүрген сайын
буларға жақындай түсті, ақыры жер бетінің жартысын
алып кетті. Бұл Днепрдің бөгет тасқа тіреліп булығып,
тедіздей серпітіп, жазыққа жайылып кеткен же-
рі еді, ортадагы аралдар су кернегенсод жолында тау мен
адыр, тасғы кыя кездеспеген су қырды бойлап жайыла
түскен. Козактар атгарынан түсіп, паромға мінді, үш са-
ғат жүргеннен кейін Хортица деген аралдың кабағына
желіп түсті; қонысын үнемі жадалап отыратын Сечь бул
кезде осы аралда еді.

Жағадағы топтанған халық тасушылармен урыссып
жатты. Козактар ат-турмандарын жөнделі; Тарас мық-
шайыңқырап, белбеуін нығап байлап, паңданып муртың
бір сыйпап койды. Оның улдарында әлде неден сактан-
ғандай, әлде неге масаттанғандай үсті-бастарын жөнделеп,
бүйірлерін таянысты, сонымен бәрі бірге Сечтен жарты-
шақырым жердегі Предместьеге¹⁾ енді. Юрे бергенде

¹⁾ Предместье — қаланың шетіндегі поселок.

олардың қулағын жаңғырықтырған шыммен жауып, жерге қазып істеген 25 дүкендегі 25 балғаның күрс етіп сокқан даусы. Есіктід алдындағы күркенід астында былғары илеушілер альш қолымен өгіздід терісін укалап отырды. Шатырдағы сәудегерлер шақпак тасын, шақпак темірін, дәріні жайып қойған. Армянин жібек, асыл орамалдарды іліп тастаған. Сәудегер татар қойдыд басын үнға аунатып қуырып жатыр. Өдмендеген жид²) бочкеден аракты сүзіп қуып тур. Жолаушылардың бірінші кездес-тіргені аяқ-қолын жазып тастап кошенід ортасында үйшіктап жатқан запорожең болды. Атын доғарып. мұның кызығына қарамай Тарас Бульба кете алмады.

„Уа, шіркін, қандай тамаша болып жаңылып жатыр! Ту, сабаздың денесі қалай келімді еді!» деді ол атын тоқтатып. Шынында да бул адамның көзін тартар көрініс еді: жолдың дәл үстінде запорожең, нақ арыстандай болып, керіліп жатыр. Өркөкіректікпен жазып жіберген шашы бір кез жерді жауып жатыр. Қанқызыл сукнодан істеген шалбарының қарамаймен майлануы оның дүние шіркінді кәдірлемейтініне айғақ. Мұның кызығына біраз қарағаннан кейін Тарас тар қөшемен ілгері жөнелді, бул қөше топ жыйналған базар сыйкты еді; өнімін қолма-қол жөнелтіп жатқан кол кәсіпшілері, түрлі улттан куралған халық. Сайрандау мен мылтық атудан басканы білмейтін Сечьті киіндіріп, асырап отырған осылар.

Ақыры олар Предместьядан өтті, алдарында төбесін киізбен калқалаған бытыранды костар көрінді. Кейбірінің жанына зedbірек орнатылған. Предместьеде кездескендей мунда еш жерде коршау-шарбак, немесе ағаш бағанаға орнатқан аласа үйлер жоқ. Саяз ормен қорғаусыз жатқан аласа бөгеуден булардың тадқаларлық барықсыз екенін көресін. Сокқан бөгеудің үстінде каннен қаперсіз жатқан еңгезердегі біrnеше запорожең булар келді екен дей

1)¹ Жид — ол кезде еврейді солай депте атайдын. Үлт аравды-ғынан туған қолайсыз ат, осы күнде қолданылмайды.

аяғында жыйған жок. «Пан нәсілдері, амансыздар ма?»—деді де, балаларымен бірге Тарас олардың арасынан өтіп жүре берді.—«Сіздерде, амансыздар ма?»—деді запорожецтер. Бар жерде, бұқіл алад толған топ-топкісі екен Олардың урысқа шынығып, талай тар кезедді бастарынан өткізгені күн шальга кодыр тартқан жүздерінен көрініп тур. Міне, құмартқан сечь осы! Арыстандай қайратты, ер кеуделердің ушатын уясы осы! Бұқіл украинаға еркін күшті, батыл жүректі козактар осыдан тарайды. Жолаушылар әдетте рада¹) жыйналатын аладға шықты. Төңкерулі үлкен бочкенің үстінде бір запорожец көйлексіз, жаладаш, ол көйлегін қолына устап, асықпай тігіп отыр. Бөркіп белінен бұктеп киіп, колды сіліеп тастап билеген жас запорожеци тағшаган музыканпар булардың жолын тағыда бөгеді. Жігіт: «Қыздыра оїнандар, музыканттар! Православныйлық христиандарға араклы аяма, Фома!»— деп, айғайлап қояды. Жакын келген адамға соқыр Фома бір үлкен кружкеғе толтыра күйіп устайып отыр.. Жас запорожециң жапында ғылғалған төрт қартад адам аяғымен маржан тізгендей, күйіндай орғыйды, бурыла карғығында музыканттардың басына шығып кете жаздайды, кенетін қалқып тарып, тізерлеп үйірілеңді, жаншылған жерді күміс тағасымен тепкілеп шыцдайды. Бұқіл аймактың жері құмп-құмп етіп, тағалы етікпен шықылдаткан гопак пен трепак²) тың дыбысы аулактагы ауаға атылып, жаңғырығып жатты. Олардың біреуі акырып қалып, баскалардың соцынан, ушқан кустай қалқып билеп жүр. Чуприна жөлге лелпілдеген, келімді кеудесі аңқыйып ашылған; үстіне қаусырмай кигені жылы тоң, тер, шұмектен күйғандай, моншактап ағып жүр.—«Тым болмаса, тоныңды шешсейші!»—дед і Тарас*: «тердің сорғалап жүргенін көрмеймісід?» —«Болмайды олай істеуге» деді запорожец-«Неге!»-Болмайтын себебі—устімнен шешілгенде аракка салып ішіп қоятын менің әдетім». Жі-

¹) Рада — Запорожье козактарының бас қосуы, соғыс қеңесі.

²) Гопак — украинаның халиқ биі.

тіт басындағы бөркі, шекпеніндегі белбеуі, көмкерілген орамалынан алдакашан айрылған, оның бәріде өзді-өзінің конысына конғап. Жыйылған топ көбейе түсті, билеушілерге жададан қосылып жатты; адам баласының көріп жүргенің ішінде нағыз еркін, нағыз әумесер, нағыз куйынды биді көргенде тәбе қўйқаң шымырлап, лсүрегід лұпілдейді. Алуан күшті, асқан жігерлі адам ойлап шығарғандықтан бул би козачок, аталған.

«Эттед дүние-ай, астымда атым болмас! Биге өзім де, сөз жоқ, өзім де қосыла жөнелер едім»—деді Тарас айғайлап.

Жыйылған жүрттың арасында талай рет урыска араласып, старшина болғандар, шашы ағарған, қызметін бағалап бүкіл Сечь ардақтаңтың кәрияларда бар еді. Ұзамай-ақ Тарасқа таныс адамдары да жолыкты. Остап пен Андрийдің кулағына игілі дауыстар естіледі: «Сенбедід, Печероца! Козолуп, амансын ба! Қудай қайдан айдал келді сені, Тарас? Сен мунда кайдан келдід, Долото¹)? Саумысыд, Кирдяга! Саумысыд, Густый²)! Сені көрем деп ойлап па едім, Ремень³)» Шығыс Россияның ең діласынан жыйналған витяздар⁴) сүйіспін амандаскан сод, сураулар үсті-үстіне жауды. «Касъянның жайы калай? Бородавканың жайы қалай? Колопердың жайы калай? Пидсышоктың жайы калай? Тарастың естігед жауабы мынау болды. Бородавка Толопанда дараға асылған, Кизикирмен түбінде Колопердің терісін сыпрыл алған, Пидсышковтың басы бочкеге салынып туздалып Царьградқа⁵) жіберілген. — Карт Тарас басын салбыратып, ойға шомыга: Қадірлі козактар еді!» деді.

1) Долото — қашау.

2) Густой — қою.

3) Ремень — қайыс, белбеу — тарастың лақап аттары.

4) Витязь — рыцарь, батыр, бул сөз орыстың халиқ ертеғіле-ғінде жиі кездеседі.

5) Царьград — патша қаласы — Стамбулдың буринғы аты.

III

Тарастың улдарымен бірге Сечте жатқанына бір жумадай болды. Остап пен Андрий соғыс мектебімен көп шуғылданған ләк. Соғыс жаттығуларымен машақаттанып, уақытын боска өткізуді Сечтегілер жаратпайтын: ондағы жастар тәрбиені, білімді жалғыз-ақ тәжрибeden, іс жүзінде күні кур өтпейтін урыстың жалынында златым. Нысананаға оқ ату, салт мініп жарысу, тұзден ад аулау болмаса, урыспен урыстың арасында баска жұмыста шуғылдануға Оечтегілердің мойны жар бермейтін; қалған уақыттың бәрі серуенмен өтетін, сайрандау-көділ еркінің қулашын кед жазған өрісі ғой. Сечтің өзі түгелімен ерекше бір көрініс еді. Мунда үздіксіз сауық-той болатын. Басталған той аяқталып бітпейтін. Кейбіреулер қол кәсібімен шуғылданатын, дүкен устап, сауда істейтін; бірақ, көпшілігі ертеден қара кешке сайрандап, қалтасындағы мүмкіндігінің үні өшіп біткенше, тапқан-таянғаны сәудегерлер мен шинкарлардың¹⁾ қолына түсіп кегкенце тынбайтын. Бул той-сауықтың өзі киелі болатын. Бул қайғының күйігінен ішкен аракқорлардың тобы емес-ті, бул шаттықтың шабыты мен сайрандау болатын. Мунда келгендердің бәріде ойындағысын талак қып, умытып кете баратын. Ол адам өткеннің бәріне пыскырып кара-май, үйсіз күйсіз, туған-туысқансыз, айқын аспанмен сірген жанының той-сауығынан басқаны білмейтін өзіндейлердің ауанына еріп, қофамына араласып жүре береін. Бұдан туған өлшеусіз көцілділік баска арнаның қандайына болсада сыймас еді. Керіліп жерде жатқан керенаулар тобының айтқан шалдуар сөздері өте күлкі, сырлы әңгіме болып шығатын, ондай сөзді жүз жанбай, езу тартпай запорожец қана айтға алады. Одтүстік Россияны жайлайтындардың өзгелерден бір ерекшелігі осы. Олардың шаттығы шұлы, өсірмелі болатын, бірақ,, ол

1) Дайын тагам, арак сататын сәудегерлер.

әулекіленіп адамшылықтан айрылып қалатын, бұлдырлық қара түкбір маскунемдіктің уясы. қабак¹⁾) емес еді; бул мектептегі жолдастардың ынтымакты тобы еді. Мектептен айырmasы, мұғалімнің әлсіз нусқауын, түсінігін күтудің орнына мунда козактар бес мыд атпен жорық жасайтын; топ ойнайтын сайдың орнына,—қорғаусыз барыксыз жаткан шекарасы болатын, кыядан келіп ілгері басуға батпаған татардың шошаңдаған төбесін, табанын жаэбай сұық түспен қараған көк сәлделі түрікті көзушында ғана ушырататынсын. Мектептен айырmasы, мектепте зорлықпен ынтымактастырып бәрінді басыд кур аса, мунда жыйылғандар зорлық атаулыдан кашып, әке-шешесін тастап, кір жуып, кіндік кескен үйінен қашқандар; мундағылар мойнына талай рет арқан түсседе, өдсіз өлімнің орнына өмір, кед ісайранды емір тапкандар; мундағылар қадірлі дәстүр бойынша қалтасына көк тыйын ақша сактап тураалмайтындар; мундағылар Сечьке келгенше червонецті байлық деп есептегендер; мундағылар арендатор-жидтың луксатымен қалтасын актарсад, сылдыр етіп соқыр тыйын түспейтіндер. Мунда академияның шыбығына шыдамай және бір әріп үйренбей шыққан бурсактарда бар, бірак, мунда Цицеронды²⁾, Рим республикасын билетін оқымыстылар да бар. Булардың арасында кейін король әскерінде қызмет атқарып, дегендей ерлік істеген офицерлер де бар еді, өмір талкысында ой өрісін байыткан партизандар да мунда көп еді, оларда турақты ойға конақ берген артықша хасиет бар еді. Қайда соғыссад онда соғыс, дегдар адамға согыссыз болмайды деп санайтын олар. Мундағылардың ішінде, Сечте болдым, шыддалған рыцарьмын, деп айтудаң ішінде жүргеддерде көп болатын.

1) Кабак — арақ ішетін орын.

2) Цицерон — біздің эрамызға дейінгі 106—43 жылдарда өмір сурғен) Римнің атақты саяси қайраткері, аратори, шешені, философы.

Мұнда кім жоқ еді? Кураньды, адам таңырқарлық мундай республика сол заманың тілегіне сай еді. Іскері тұмыска, алтын бокалға, оқалы қамқаға, дукатка, реалға¹) кумарлар кай уақытта болсада мунда жумыс табатын. Тек әйел кумарлар ғана мунда баяндай алмайтын, үйткені Сечтың предместьесінің өзінде көптід көзіне көрініп жүргүгө бір әйелде бата алмайтын.

Келгеннен бері сансыз жан кетіп, Сечъке сансыз жан келіп жатыр, олардан қайдан келдің, кімсід, атың кім, дед бір адамның сурاماуы Андрий мен Остапты тандандырыды. Олар будан бір сағат қана бұрын аттанған өз үйіне қайтып келген адам тәрізді. Келгендег Кошевойға²) баратын, Кошевой оларга былай дейтін: «Саумысын, Айсадың барлығына нанамысың?» — Нанам!» — деп жауап беретін келген адам. «Әулие троицағада³) нанамысың?» — «Нанамын». — «Ал, шоқынып көрші!». Келген адам шоқынады. «Ал, жарайды! өзің білетін куреніде бара бер» деп жауап береді Кошевой. Бэр церемония⁴) осымен біттетін. Ораза, нәпсі тою дегенді кулағына ілмеседе, бұкіл Сечь бір шіркеуде шоқынатын, ол шіркеуді бір тамшы қаны калғанша корғауға дайын болатын. Табыс кумар жидтер, армяндар, татарлар ғана предместьеде турып, сауда істейтін, ал запорожецтер сауда дегенді унатпайтын, калтаға салған қол қанша ақша алып шықса, бөліп-жармай соны төлей салатын. Шынында, табыс кумарлардың халі мұшкіл еді. Олар Везувый тауының етегін мекен еткен адамдайда; запорожецтер, акшасы таусылған күні ойран салып олардың лавкасында күйратып, бар керегін тегін алатын. Сечте алпыстан аса курень болатын, олар өз билігі өзінде—рес-

1) Реал — Испанияның ескі монетасы, ақшасы.

2) Кошевой — Көштің бастығы, атаман.

3) Троица — Кудай, Ганса, Мэриям ана — үшеуі бір құдайдың елесі дейді орыс діні.

4) Церемония — әдет, ғурып, дәстүр бойынша ғstелетін іс.

іїублика 'секілді, балалардың бар керегін әзір әтетін мектеп, бурсаға үксайтын. Ешкім ештеме жыйнамайтын, қолына сактамайтын; бәрі куренъ атаманың қолында болатын¹, соңдықтанда оны әдетте батько¹) деп атайдын. Оның колында ақша, киім, бар азық, саламата²), ботқа, тіпті отын да болатыш; сактатуға акшаларын да соған беретін. Куренъ мен куренъ арасында талас-тартыс та жиі кездесетін; күтпеген жерде төбелес те басталатын. Куренъдер аладға қаптап, бірінді бірі жәмбасын жаныштап шықканда ғана бір жағы жедіп үстем болып тыныш, сайранды бастайтын. Жастарды қумарландырған Сечтің тәртібі міне, осындай еді.

Остап пен Андрий лаулаған жастық жалыны мен сайранның осы шексіз теңізіне құп берді де, туған үйін де, бурсаны да, бурыш көкірегі арман еткеннің бәрін де тез умытып кетті. Сечтід кед өрісті салты, кейде мына еркін республиканың ортасында қатаң көрідгенмен, жабайы ғана баскарұы, зады — бәрі де буларға унайтын. Егер козак урлық істесе, түкке тұрмайтын бірдемені урласа, — бүкіл козачествоға масқара шылық деп саналатын; оны абройсыз деп таңып, масқаралау бағанасына байлайтын, жанына сойыл ағашты коятын, қашан өліп тынғанша, өткен-кеткеннің бәрі оны сойылмен соға беретін. Борышты төлей алмаған борышкорды шыңжырлап зедбірекке байлайтын, жолдастарының біреуі борышын өтеп босатып алғанша, ол солай отыратын. Андрийді кебінен-көп таңырқаткан кісі өлтірген үшін қолданылатын өлім жазасы. Көзінше көрді казып, кісі өлтірушіні көрдің ішіде түсіреді, төбесіне соның өзі өлтірген здамның мәйіті салынған гробты қояды, сонсад екеуінде комеді. Бул қатад жаза Андрийдің көпке дейін, гробпен косыла тірідей көмілген адамның мүшкіл көрінісі көз алдынан елестеп кетпейтін.

Екі жас козак тез уакытта ауызға ілекті. Куренъдегі

1) Батько — ата, әке.

2) Саламата — ун көже, ботқа!

басқа жолдастарымен кейде бүкіл куренъ больш, тұті көршілес куренъдермен де бірлесіп адға шығатын, дала-дағы сансыз елікті, жабайы ешкіні, кустарды ататын; немесе көлге, өзенге, су жайылымына барыш, әр куренъ жребий бойынша өзіне тиген жерге ау, сүзекі сальш, куреніне түтел жететін кып көп балықты сүзетін. Козак сынға түсетін пәлен дерлік ғылым мунда болмасада, Остап пен Аンドрий батылдығымен, сыралғылығымен көзге түсті. Олар жігерленіп нысанана дәл атты, ағынға карсы малтып Днепрді кешіп өтті, — буған жададан келген жастар үйір болатын еді.

Алайда карт Тарас оларды баска кызметке дайындалды. Мұндай булдырысyz турмысты Тарас жаратпайтын, — оның адсағаны іргелі іс еді. Бір батыл күймұлға Сечьті қалай көтерудің, рыцарь қулашын еркін жазғандай жағдай жасаудың қамын ойлауда болды Тарас; бір күні кощевойға келіп, турадан-тура былай деді:

«Қалай қарайсыд, кощевой, запорожецтердің бір сайрандайтын мезгілі жетті-ау!»

i I + I

«Сайрандайтың жері жок» — деді кощевой аузынан кішкене қорқорын альш, жанына түкіріп тастап.

«Қалайша, сайрандайтын жері жок? Түріктерге, немесе татарларға төнуге болады ғой».

«Түріктерге де татарларға да төнуге болмайды» — деді кощевой салмақпен қорқорын аузына қыстырап.

«Қалай болмайды?»

«Жай. Бейбітшілік туралыг біз султанға уәде бергеміз».

«Ол бусурман ғой: құдайда, құдайы кітаптарда бусурманды қыруды мақұлдайды ғой».

«Хақымыз жок. Егер біз дінді атап анттасып уәделес-песек, істеп көруге болар еді; енді болмайды».

«Қалайша болмайды? Біздід хакымыз жок, деп сен қалайша айтасыщ? Менің екі улым бар, екеуі де жас жігіт. Екеуінің бірде бірі әлі соғыста болып көрген жок, ал, сен, хақымыз жок дейсің, запорожецтер ешқайда бармауы керек, — дейсің».

+ + , ,

* .

«Жок, олай карауға болмайды*.

«Ендеңе қыршың жас козактың тасыған күшті теккө өлөтін болғаны ғой, абройлы іссіз, отанға да, бүкіл христианствоға да түк пайда келтірмей, ит есебінде адам текке шіритін болғаны гой. Онда біз не үшін, кай сайтан үшін өмір сүреміз, түсіндірші сен маған. Сен акылды адамсың, сені кошевойлыққа тегін сайлаған жок, түсін-дір маған, біз не үшін өмір сүреміз?»

Бул сурауға кошевой жауап берген жок. Ол бір бет козак еді. Біраз үндемей турып, ол былай деді: «Қанша дегенмен, соғыс болмайды».

«Сонымен соғыс болмайды дейсің бе?» — деп сурады Тарас.

«Болмайды».

«Онда соғыс туралы ойлап та керегі жок кой?»

«Я, соғыс туралы ойлап та керегі жок».

«Токта онда малғұн!» деп ойлады ішінен Бульба: «~~есел~~ білерсід әл!» кошевойдан кек алуға бірден кірісті.

Анамен, мынамен келісіп альп, Тарас бәрін **аракқа!** суарды, мас болған козактар тобымен радаға арнап шақыру үшін бағанада литавра¹⁾ ілулі турған аланға барды. Эркашан довбиштың²⁾ колында сакталатын болғандықтан, соғатын таякты таба алмай бір-бір сойылшаны альп, литавраны тарсылдатып ура бастады. Литавраның даусына алдымен үйкісін шала-була ашып сымбар көзді, узын бойлы довбиш жүгіріп келді.

«Бетімен литавра қағып жаткан кім?» — деп **ақырды** ол.

«Үніңді шығарма! Таяғыңды алдағы, билік өзінде турғанда литавраны соға баста», — деді оған **маңайда** жүрген старшиналар.

Мундай оқыйғаның аяғы немен тынатынын білетін дов-

¹⁾ Литавра — барабан, музикальқ инструмент (қайыспен каптаран мыс шенбер). Таяқпен урса дыбыс шыгады.

²⁾ Довбиш — литавра қаратын адам.

Оишиш, кесірленген жок, қалтасына с?лып көлген таяғын алып, литавраны ура бастады. Литавралар күмбір-күмбір етті, кешікпей-ақ аласурған арадай ушқан запорожецтерге алад тола бастады. Бәрі алка котан жыйналды, үшінші сокқаннан кейін старшиналар да өзінід әкімшілік белгісі палицасын¹⁾ қолына устаған кошевой, әскері мәрін альп сот, сыясын альп писарь, жездын альп есаул келе бастады. Кошевой мен старшиналар бөркін альп, бүйірлерін таянып айнала турған козактарға тәжім етті.

«Бул неткен жыйылыс, не істемекшісіддер, пандар?» деді кошевой. Айғай мен сөгіс сөздер оны сөйлетпеді.

«Таста палицаңды! Перінід баласы, палицаңды дәл кәзір таста! Сенід енді керегің жок!» деп айғайлады жыйылған топтың ішіндегі козактар. Мас емес курено-дердің біразы баспакшы болып еді, бірак баска курендер, мастар жудырығын түйе сөйlestі. Бәрі де айғай-шуға араласып кетті.

Сөйлемек болған кошевой желіккен журт урып өлтіріп тастар, деп үнде меді, иліп тәжім етті де, палицасын жерге қойып, өзі топқа араласып, тасалаңып кетті.

«Пандар, бізге де белгімізді үстімізден сызыруға әмір етесіндер ме?» — деп сурады судьялар, катышылар, есаулдар: жарлық күтпей-ақ сия сауытын, әскери морді, жезді беруге одтайлана бастады.

«Жок, сендер орындарында кала беріндер», — деп айғайлайды көптен, «бізге керегі кошевойды күшті шығу еді, үйткені ол катын, ал, біз қошевойдың адам болғанын хажет табамыз!»

«Кошевойлікке едді кімді сайлайсындар?» деп сурады старшиналар.

«Кукубенконы сайлау керек!» деп айғайлады бірсызырасы.

1) Палица — жоғарғы уші жуантық таяқ. Ертеде кару ретінде қолданылған; соңғы кезде козак старшиналарының әкімшілік белгісі болған.

«Кукубенконы сайлағымыз келмейді. Оған әлі ерте, ер-ніңдегі ана сүті кепкен жок» — деп айғайлады біреулері.

«Шило атаман болсын! Шилоны кошевойлыққа кою керек!»—деп айғайлады тағы бірсыптырасы.

«Сенің аркада шило—біз кірсін!» деп—ақырды біреулер боғауызын араластыра: «татар сыйктаңып иттід баласы урлық істеген сод оның козактығы кай жерде. Маңнан аулак, шилоны капқа тығу керек!»

«Бородатыйды, кошевойлықка, Бородатыйдың қояйык!»

«Бородағы! Гы коймаймыз! Пері соксын Бородағыйды!»

«Кирдяганы ұсыныңдар!»—деді Тарас біразына сыйбырлап.

«Кирдяганы! Кирдяганы!» деп айғайлады көпшілік.
«Бородатыйды, Бородатыйды! Кирдяганы! Кирдяганы!
Шилоны! Шилоны аулак әкет, Кирдяганы!»

Аты аталған кандидаттар өз аттарын өздері айғайлап сайланудың камын карастырып жүр, деп күдіктенбесін, деп топтан бөлініп шыкты.

Кәртаң тарткан, ақылды козак Кирдяга әлдекашан өзінің куреніне барып, ештеме естіп білмеген адамдай отырғанда койған. «Немене, пандар, сендерге не керек?» деп сурады ол. «Жүр. сен кошевойлықка сайланың!»

Айта көрмендер, пандар!» — деді Кирдяға, «Онша кетермелеге мен лайық емеспін! Мен кайдан кошевобала алайын! Ондай қызметті аткаруға менің ақылымда жетпейді. Бұқіл әскерден тәуірірек адам таппағандай мені сайладап?».

«Айттық кой саған, енді тез жүр!» — деп ақырды запорожецтер. Екеуді Кирдяганы колтығынан ала жөнелді, канша табандап тірескенине коймай, боктап, артынан жудырыптен түйгіштеп, аякпен тепкілеп аладға альп келді. Экеле жатканда айтатындары: «Шегінбе кейін, перінің баласы! Беріп отырғанда, ит-ау, абрайға ие бол!» Сүйтіп Кирдяга ақыры козактардың катарына кірді.

«Пандар, қалай, осы, қазактың бізге-кошевой болуын!

бәрінде рыйзасындар ма? — деп сурады оны әкелгендер.

«Рыйзамыз, бәрімізде рыйзамыз» деп айғайлады. Көпшілік, күшті айғаймен жаңғырықкан дала кепке дейін күніреніп турды.

Старшинаның бірі палиданы алыш, жададан сайланған кошевойға әкеліп берді. Дәстүр бойынша Кирдяга безіп жоламады. Старшина екінші рет усынды, Кирдяга екінші реттеде жоламай, ақыры үшінші ретте палиданы алды. Күттықтаған дауыс бүкіл топқа жайылып, тағыда кең даланы құдірентіп, аулакқа тарады. Сүйткенше болмай топтың ішінен терт бурыл сакал, бурыл шашты шыра келді (Сечте өте едкейген кәрі жок еді, үйткені запорожецтер ешуақытта өз ажалымен өлмейтін), әркайсысы жауған жаңбырдың сүйнан сазданған топракты алыш, жаңадан сайланған кошевойдың тәбесіне койды. Езілген топрак оның мұртын, самайын бойлап сорғалап, бетаузын салтақ-салтақ кылды. Сондада Кирдяга тапжылмай тұрып, көрсеткен хошеметі үшін козактарға алғыс айтуда. Сонымен шұлы сайлау аякталды. Басқалардың қандай пікірде болғанын кім білсін, әйтеуір бул сайлауға Бульба куануда еді; алдымен ол бурынғы кошевойдан кегін алды, оның үстіне Кирдяга ескі жолдасы, талай рет суда да, курғакта да талай жорықта болып, соғыс турмысыңың конылтак ауыр халдеріндегі дәмін бірге татысқан. Топ тарады, сайлауға арналған есепсіз, шексіз сайрандау басталды, мундайды Остап пен Андрий осы күнге дейін ушыратып көрген жок еді. Шарап-арак коймасы бұзылды, бал, арак-сыра акшасыз алына берді; шинкарлар тек басы аман калғандығына куанды. Ұзак түн айғаймен, ерлікті мадактап айткан өлеңмен өтті; бандураны, турбанды, балалайканы устап шубап жүрген музыканттарды, Запорожьеның қылымтарын мактап шіркеуде өлең айту үшін Сечте усталатын әншілерді де көтерілген айтунімен көруде болды. Ақыры арак пен қажушылық «**кайраттылардың бойын билей** бастады. **Козактар ана**

жерге бір, мына жерге бір күлай бастады. Біреулер вздерінің жолдастарын күшактап, іштері елжіреп жылапта жіберіп, күшактасып бірге жатысты. Бір жерде шоғырланып тобымен жатып жатыр; екінші жерде біреулер оңашаланып жатуға колайлырақ жер тандап таптым деп дәңбек ағаштың үстіне қылжыйып жатыр; жығылмай калған күштірегі тедселіп, байламы бас-аяғы жок сөздерді сандырақтап айтып жүр; акыры мастық оныда билеп алып урды, бүкіл Сечь бырқырап уиқыға батты.

IV

Келесі күні-ак Тарас Бульба Сечті бір іргелі іске қалай көтерудің амалын жада кошевоймен ақылдасты. Кошевой ақылды, айлакер козак еді, запорожецтердің мінезін айқын білетін еді, ең өзелі ол былай деді: «болмайды, антты бузуға болмайды, тілгі болмайды». Сонсад біраз үндемей отырып: «Оқасы жок, істеуге болады; антты бұзбай-ак, біз ондай-мундайды қарастырармыз. Алдымен журт жыйылсын, менің жарлығыммен өмес, өз беттерімен жыйналған болсын. Мұны қалай істеуді өзің білесід. Ал, біз старшиналармен бірге ештемені біліп сезбеген адамдай аладға жүгіріп бара қояйық»:

Булар сөйлескен сод бір сағат өтпей-ак, литавраны тадқылдатып соға бастады. Мас болып, шалдуарланып жүрген козактар да жыйналып калды. Мындаған козак алаңға сау ете түсті. «Кім каккан? Не үшін қакты? Не жумыс жөнінде журтты жыйнады?» — деген сөз шыға бастады. Ешкім жауап бермеді. Біраздан кейін ана жерден де, мына жерденде: «Соғыс жок болғандықтан! Козактың қайраты текке өліп жатыр! Мына старшиналар әбден катын болып, май басып кеткен! Бул дүниеде, сірә, шындық жок екен!» — деген айғай шыға бастайды. Мундай сөздіді шыққанына старшиналар таңырқағансыйды. Ақырында кошевой журттың алдына шығып: «пандар, запорожецтер, сөз айтуда руксат етесіздер ме?»
«Айт!»

«Казіргі сөз мынау туралы, кадірлі мырзалар! Өздерің жақсы білесідер, запорожецтердің көбі арақ-ішкіләк үшін жидтерге, өздеріңің жолдастарына бересісі көбейіп, борышка белшелерінен батты, казір есебіне тіпті сайланда жетіп болар емес. Екінші сөз болып жүрген мәселе, бізде топтанған кайратты жігіттер бар, олар соғысты әлі күнге көре алған жок, соғыссыз тіршілік етуге болмайтынын, пандар, өздерің білесідер. Тым болмаса бусурмандарды бір рет жусатпаған жігіт қалайша запорожец бола алады?»

«Мынаның өзі жақсы сөйлейді ғой» — деп ойлады Бульба.*

«Бул сөзді мен бейбітшілік келісімді бузу ниетімен айтып тур, деп ойлап журмеңдер, пандар. Күдай сактасын, мен ешбір жаман пікірсіз, жай айтып турмын. Және бізде күдайдың храмы бар, анау-мынау айту күнә Алланың әмірімен Сечтің қурылғанына бірнеше жыл болды, осы күнге дейін шіркеудің сырты сыйпатталмағаны өзімед тұрсын, ішіндегі күдайдың суреттері де бір лыпсыз тур. Тым болмаса бірде біреу күмістеген киім тауып жабуды камдаса екен-ау. Алланың бейнелері мен шіркеуді безендіруге дегенде козактар қолын бірак сілтейді. Қайыр-садақада азайды, үйткені жұрттың көпшілігі бар тыйынын араққа салып койды. Сонымен бул сөзді бусурманармен соғысу үшін айтып турғам жок; біз султанга бейбітшілік сактаймыз деп үәде бергеміз, оны бузу обал, үйткені біз дінді ауызға алып сөз байлағамыз».

«Осының бытқастырып турғаны немене?» — деп ойлады Тарас.

«Байқайсындар ма, пандар, соғыс ашуға болмайды. Үәде бузу рыцарлық арымызға таңба. Өзімнің шағын ақылыммен менің ойлап тапканым мынау: кайыкка мінгізіп кілең жасты жіберу. Натолияның¹⁾ жағасын біраз шольш көрсін. Калай қарайсындар, пандар?»

¹⁾ Анатолия — Кіші Азияның жарға жуық бөлегі.

«Баста, бастап бәрімізді де алып жүр! Дін үшін Յасы-
мызды курбан қылуға дайынбыз» — деп айғайлады көп-
шілік жан-жақтан.

Кошевой шошып калды. Бұқіл Запорожьены көтеру
деген оның ойында да жок еді. Бул жағдайда келісімді
бузуды ол жөнсіз деп таныған еді.

«Тағы бір-екі ауыз сөз айтуда рұқсат етіңдер, пан-
дар!»

«Жетеді! Будан жақсы сөзді таба алмассың» — деп
айғайлады запорожецтер.

«Олай деседдер, болса болсын. Мен сендердің бел
буған істеріде күл болып басымды иемін. Халық үні —
хақтың үні екені ертеден-ак, құдайдың кітаптарынан
белгілі ғой. Бірак халықтың ойлап тапканынан артық
ешкімде ойлап таба алмайды. Бірак менің айтатыным
мынау: жастардың ермек етіп рахаттанған ісін султан
кексіз, іздеусіз тастамайды. Сол мезгілге дейін біз бәрі-
міз дайын, күшіміз сай, ешкімнен корықпайтын болуы-
мыз керек. Біз жокта талап калуға татарларда ерінбес,
— олар түріктердің қарғылы иті сыяқты ғой, көзбе-көз
бас салмайды, иесінді үйіне кіруге бата алмайды, а^л,
артыңдан өкшедді кауып, жаныда батырып тістеуге ше-
бер-ак. Тіпті сендерге шынын айтқанда, бізде қайық та
аз, үгіліп дайындалған дәрі де шамалы, сондыктан ка-
лайда бәріміз бірден жүріп кете алмаймыз. Маған сал-
сандар, мен дайынмын, мен сендердің жалшыңмын».

Айлакер атаман сөзін доғарды. Топтар сөйлесе баста-
ды; курень атамандары акылдасты; дес бергенде, мас-
тар аз еді, оларда келімді акылды тыңдауды жөн деп
тапты.

Сол сағатта бірнеше адам кайықка мініп Днепрдің
арғы қабағына жөнелді. Онда адам білмейтін жерде,
судың астында, калың камыстың ішінде әскердің казна-
сы, жаудан алынған курал-сайманың бірсыптырасы сак-
талатын. Басқалары қайыктарды көріп, жорыкка дайын-

далуға кірісті. Қас пен квздің арасында өзенкін жағасына жан толып кетті. Бірнеше шеберлер жаландыған балталарын колына устал келді. Қартаң тартқан, күнгө төтықкан, жауырынды, алыш аяқты, шаш, сақалдары бурыл тарған және кара мұртты запорожецтер шалбарларының балағын түріп тізеден суда турып мықты арқанды тастап жіберіп жағадан дәнбектерді сүйреп алыш жатты. Кайсыбіреулері дайындалған курғақ дөдгелектерді, ағаш атаульны тасып жүрді. Суда тактаймен кайыкты кемерлеп жатыр, екінші орында қайыкты төккеріп тастап тығындалап, смоламен майлап турғандарды көресің; тағы бір жерле козактардың ескі тәжрибесі бойынша тедізді толқыны кайыкка зарап іstemесін деп, екі жағына камысты тізбектеп сайдап жатыр; өзенде жағалай отты жаркыратып "жағыш тастап кеменің түбіде кую үшін мыс казанымен смоланы кайнатуда. Көпті көрген кәриялар жастарға жән көрсетіп үйретуде; адамға толып қайыскан судың жағасы жаң бітіп, толқынданған секілді.

Бул кезде зор паром жарға келіп токтады. Паромдағы топтанып турған адам алыстан бөріктегін сілтеп жылы ишарат істеп жатыр. Бұлар үстері жалба-жұлба козактар еді. Киімдері қалай болса, солай, кейбіреуінің үстіндегі жалғыз көйлегі мен аузындағы коркорынан баска түгі жок. Мұның бәрі олардың не бір үлкен апатқа ушырағанын, не үстіндегісінің барын ішіп тауысканша маскунемдікке салынғанын дәлелдейтік еді. Олардың ортасынан- бір кеуделі төртбактау елuler шамасындағы козак ілгері шығып тұра калды. Ол баскалардан күштірек айғайлап, колын сілгеп тастайды; бірақ жумысшылардың тарсыл-турсылы, айғайы оның сөзін естіртпеді.

«Ал. не алыш келдіндер?» — деді кошевой жарға қарай бурылғанда. Жұмысшылардың борі де жумыстарын тоқтатып, балта мен қашауларын көтеріп, бірдемені күкендей тұра калды.

«Жамандық хабар әкелдік!» — деді төртбак козак.
«Кандай хабар?»

«Пандар, запорожецтер, маған сөз айтуға руқхат етіндер!»

«Айт».

«Немесе рада шакыруды макул көресіндер ме?»

«Айт, айт, біз бәрімізде осында мыз».

Жардағы адамдар анталап осы араға жыйналды.

«Гетманшинада не болып жатканын сендер әлі күнге естіген жоксыңдар ма?»

«Ал, онда не болышты?» — деді курендік атаманның бірі.

«Әй, бұларың не?! Тіпті түк естімегендерің, татар клейтух¹) пен сендердің қулақтарынды тығындалп тастаған шығар».

«Онда не болып жатыр, айтсадшы енді?»

«Онда болып жатқанды туа жүріп, шоқына жүріп көргендерің жок».

«Әй, иттің баласы-ау! Онда не болып қалды, айтсаң шы!» — деп айғайлады топтан біреу, будан әрі соза беруге сабыры жетпеді білем.

«Хасиетті шіркеуде біздіді билігімізде болмайтын заманға кальппыз енді».

«Қалайша біздікі болмайды?»

«Осы күнде шіркеулерді жидтерге жалға беріп отыр. Егер жал акысын жидке алдын ала төлемесен, шоқынуда рухсат бермейді».

«Сен өзің не айтып тұрсын?»

«Пасха күндерінде жид өзінің ылас қолымен белгіні көтеріп қоймаса, пасха шырағын жағуғада бата алмайсың».

«Осы өтірік айтып тур, туыскан пандар, онбаған жид хасиетті пасхада белгі кояды дегенге нануға болмайды».

«Тыңдай беріндер! Онан зордыда естисіндер: ксендзілер²) бүкіл Украинаны таратайка³) мен аралап жүретін

1) Клейтух — мылтықты тығындаитыз жүч, макта.

2) Ксендз — католик дінінің полы,

3) Таратайка — екі еж арба.

большты; таратайка мініп жүргеніңдік окасы жок-ау, ат жекпей, оның орнына православиялық христиандарды жегетін большты. Тылдай берідер! Айтарым әліде толыш жатыр: жиңің катындары поптардың окалы иық жапқышын юбка кып киетін большты. Міне Украина да больша жаткан істің¹ түрі осындай, пандар! Ал, сендер мында Запорольеда отырып, сайрандай бересіндер, татарлардан соккы көріп, әбден жер қорқақ больш калғансындар, сендерде кәзір көз де, кулак та, дәнeme де жок, сонымен сендер дүниеде не больш жатқанын естімейсіндер».

«Токтай тур, токтай тур!» деді бұған дейін баска запорожецтермен бірге үндемей турған кошевой; бір салмақты іс кез болғанда көздерін жерге тігіп, лып етпе мінезге тізгін бермей сабырмен тылдайтын, үйткенмен кайнаған ыза денелерінде уыттана беретін запорожецтердің әдеті болатын. «Токтай тур, менід айтар сөзім бар: сендердің өздерің не істедіңдер, сендердің бәрідді пері жайлап кетті ме? Немене, өздеріңде қылыш табылмады ма? Мундай задсыздықка қалайша еріс бердіңдер?»

«Қалайша еріс бердіңдер? — деп айтуға онай-ау. Кі' лед ляхтардың¹) өзі елу мың, онсоң өз мінімізді несін жасырамыз, — біздің иттерденде азғындар шықпай койған жок, бірсыптырасы солардың дініне көшті.

«Сендердің гетмандарың, полковниктерің не бакты?»

«Полковниктердің істеген ісін біздің ешкайсымыздың кудай басымызға бермесін». (

«Ал, не істеді».

«Ештемесі жок, гетман кәзір мыс табаға қақталып Варшавада жатыр, ал, полковниктің колы мен аяғы Польшаның базарларын аралап, жүртка көрме больш жур. Міне полковниктердің істегені осы!»

Жыйылған топ толқынданып кетті. Басында бүкіл жа-

1) Лях — польшаның ұсақ помещиктері.

Радағы халық, дауылдың алдындағыдай тына калды, артынан сөйлеп гулеп жөнеліп еді, — бүкіл жаға сөйлегендей болып кетті. «Жидтерге Христиан шіркеулерін жалға алатын күш қайдан келіпті! Православиялық христиандарды Ксендзилер жегіп алды деген неткен сумдық! Бул калай! Дінсіздердің өзіміздід орыс жерінде журтты мундай азаптауына ссылай жол бергеніміз бе? Олар ешбір жазасыз полковниктерді, гетмандарды курта бергені ғой! Булаша бола беру мүмкін емес, булаша болмайды да!» Жылған топтың аузынан шықкан екпінді сездер осылар болды. Запорожецтер туілдеп, кайраттарын жыйнады. Бул жеділ-желпі адамның тулауы емес еді, тулағандар ауыр, зілді мінезділер еді, олар анау-мынауға кыза қоймайтын, ал, бір қызып алса, таңданап отты ызғарын кепке сактайтын. «Жид атаулының бәрін дараға асу керек!» — деген дауыс естілді көптен, «поптың алтынды киімінен олар бұдан былай катындарына юбка тігуді коятын болсын; хасиетті пашада олар белті коюды доғарсын; азғындардың бәрінде Днепрдің суына ағызып жіберейік!» Әлдекімнің аузынан шықкан осы сездер кепке, нажағайдай тез тарады; долданған журт жидтердің бәрід түгел бауыздау үшін предместьеге карай ағылды.

Израилдың дәрменсіз байғус әuletі онсызда кілегей қуатынан айрылып, қалбалактап, арактан босаған бочкаларға, пешке тығылды, тіпті өздерінің жидовкелерінің юбкесінің астына да еңбектеп кіріп кетті. Бірақ, козактар оларды қайдан болсада суырып алды.

«Анық аксүйек, пандар!» деп бакырды узын бойлы, танк секілді, бір жид үрейі ушканнан адам карағасыз болып кеткен бетін ілгері созып. «Анық аксүйек, пандар! Тіл катуға, тек бір ауыз сөз айтуға руксат етіндер; біз сіздерге өмірде естіп көрмегендерінізді, өте маңызды нәрсені айтайык, өте маңыздыны!»

«Мейлі, айтсын!» — деді әркашан айыптының сезін естуді унататын Бульба.

«Анық пандар!» — деді жид. «Мундай пандарды бул күндерге дейін ешкім көре алған жок. Кудай -акы! Ешуа-кыттада. Булардай кайырымды, жақсы және жүректі пандар дүниеде болып көрген жок». Корықканынан оның даусы қалтырап, аузынан шығар-шықласта өшіп турды. «Біздің запорожецтер туралы арам пікір ойлауымыз болмайтын іс. Украинада жалға альш жүргендер' бізге тіпті жакындығы жоқ адамдар. Біздікі емес, күдай акы! Олар тіпті жид емес, олардың кім екенін перідё білмейді. Оңбағандығы сондай оларды бір түкіріп лактырып жіберу керек. Міне, мыналарда менің айтқанымды айттар. Менід айтканым рас емес пе Шлема, сен айт* шы Шмуль!»

«Күдай акы, рас!» — деді көптің ішіндегі Шлема мен Шмуль, екеуінің кигені де жалба-жұлба, түстері қуп-қу, балшықтай еді.

«Біз ешуақытта»—деді узын жид: «жаумен қолдасып кергеміз жок. Ал, католиктерді біз ел деп танығымыз келмейді, олар не ойласа ол ойласын! Запорожецтермен біз бірге туған ағайындеймыз...»

«Не дейсід? Запорожец сендермен ағайындағас болсын дейсің бе?» деді көптің ішінен біреу. «Ол бола қоймас, қарғыс аткан жидтер! Днепрге тартындар, пандар, азғындардың бәрінде ағызу керек!»

Бул сөз берілген белгідей болды, жидтерді колдарышан үстап альш толқынға лактыра бастады; жалынышты дауыс жан жактан шыға бастады; ал, қайса запорожецтер жидтердің башмақ, уйық киген аяқтары аспаннан келіп серенде жүргенде мырс-мырс күліп тұра берді. Өз басына өзі пәле тілеп алған сорлы оратор устай алған шекпенін сыпырып тастанап, сытылып шығып, үстінде тап-тар ала камзолы, Бульбаның аяғын күштеп, жыламсырап жальгады. «Улы мырза, айқын аксүйек пан! Мен сіздің ағаныз, Дорош мархумдыңда білетін едім. Ол жарықтық барлық рыцарьларға сәulet беретін жауынгер еді. Түріктердің тутқынан алым беріп құ-

тылу керек болғанда, мен оған сегіз жұз цехин¹⁾ акша беріп едімі.

«Сен менің ағамды білетін бе едід?» — деп сурады Тарас.

«Кудайакы білетід едім, өрамы ете кед пан болтан еді».

«Сенід атың кім?»

«Янкель».

«Жарайды» — деді Тарас, біраз ойланып тұрып, козактарға бурылып былай деді: «Керек деп тапсак, жидті кай уақытта болса да дараға аса саламыз, бүгіншे осыны маған кыйыддар».

Осыны айттыда Тарас оныг өзінің козактары турған арбасына карай алып жөнелді. «Ал, арбаның астына кір, сонда жат, қозғалма, ал, туыскандар, бул жидті шығармаддар».

Осыны айттыда Тарас алада жөнелді, үйткені онда халық жыйналғанына көп уақыт болған еді. Кас пен қабактың арасында бәріде судың жағасын, қайық жөндеуді тастап жөнелді, себебі енді жорық теңізде емес, курғакта болатын болды, кемемен, жел кайық емес, ат-арба керек болды енді. Жорыққа енді бәрі де, кәрісі де, жасы да қамданды, барлық старшиналардың, куренъдіктердің, кошевойдың, бүкіл Запорожье өскерінің үйғаруы бойынша тұра Польшаға аттанып, барлық зұлымдықтары, дінді, козактың дадқың корлағаны үшін кек алмак болды; қалаларынан олжа алып, деревнялары мен астықтарын өртеп, өздерінің даңқын жер жүзіне жаюға бел буды. Бәрі де табанда белдерін буынып, каруланды. Кошевой бір кез өсіп кетті. Бул желбуаз адамдардың урда жық кыздырмасына кете баратыға кісі емес еді. Бул тайсалмас өмірші, айтқанынан кайтпайтын, өмір етуден басқаны танымайтын деспоттын²⁾ өзі еді. Өр кеуде, кағусыз өскен, сайранқумар рыцарылар әдеп-

1) Цехин — Венецияның ескі алып монетасы.

2) Деспот — Кағусыз, шексіз, тыюсыз әкім.

Нен басын төмен устап, сыптай болып, сапқа тұрды; кошевой әмір берген уакытта олар жоғары карауға бата алған жок; кошевой әмірді ақырын, айғайламай, асык-пай, тәжрибесі мол карт козактың салтымен салмактап берді; акылмен толғап көңілге алған ерлікті істемей тынбайтыны оныңд аяқ алысЫнан байкалды.

«Бәрін тыңғылықтап карап алыддар!» — деді ол: «арбаларыңды, май күйғад шелектеріді ұқыптаپ, сайлаңдар. Киімді көп алмаңдар, козак басы бір көйлек, екі шалбар, бір горшок быламық пен үккен тары болса болады, баска түк алынбасын. Сақтыққа канша керек болсада, арбаға артылады. Козак басы кос ат болсын. Екі жүз пар шамасында өгіз алу керек, өткелде, сазды жерге өгіз керек болады. Және, пандар, өздерің тәртіпті жаксы сақтаддар. Сендердің іштегінде олжаның күйсіні келсе, табан аузында есінен айрылып, оксамитты¹) ултаракқа тілгілеп, көзіне көрінген кездемеге жармаса түсетіндер жоқ емес. Ондай юбка, көң-коқырға кол былғаудан аулақ болыддар, юбка атаулының мәндарыңа жолатпаддар, жалғыз каруды ғада алыддар, темен етек кез болса червонцы²) мен күміс альддар, үйткені олар кунды зат, — қай уакытта болсада керектеріде жарайды. Сонымен, пандар, мен сендерге күні бұрын айтарым мынау: егер кімде-кім жорыкта мас болса, оны ешбір сот карамайды, ондайды, иттей кылыш, арбаның артына мойнынан байлаттырамын, мейлі кім болса ол болсын, бүкіл әскердің ішінде нағыз аты шықкан козак болсада бәрібір; итше табан аузында атып, көмусіз карға-құзғынға жем кып далаға тастаттырам, үйткені жорықта мастыкка салынған адамды христиан салтымен жерлеуге болмайды. Жастар әркашан карттардың дегенін істендер! Егер ок жырып өтсе, бастарынды

1) Оксамит — мақпалдың бір түрі.

2) Червонец — 5—10 сомдық, алтын ақша

қылыш жырып кетсе оны копакардай қылмандар, бір атым дәріні чаркеге салып аракпен араластырып жута салындар, бәрі жазылып кетеді, тіпті безгекте жуымайды; тіпті ауыр болмаса жараға түкірікке араластырып топракты себе салсаддар, жабысып катады да қалады. Жігіттер, сүйтіп іске кірісідер, асықпай-саспай жақсылап іске кірісіндер!»

Кошевой осыны айтты, онъід сөзі бітісімен козак атаулы бірі калмай іске кірісті. Бұкіл Сечь мастыктан сауықты, ешуакытта болып көрмегендей казір масти онан іздесенде табуға болмайтын еді. Біреулері арбаның додғалағының курсауын тартып, ескі біліктерді альп тастан орнына жаңа білік салды; біреулері азық-түлік салған қаптарды арбага артып, қару-жаракты тиеді, біреулері аттарды, өгіздерді айдалап келіп жатты. Жан-жактан аттың дубірі, байкау үшін атылған мылтықтың даусы, қылыштың суылы, өгіздің мәдірекені, бұрылған арбаның сықыры, сөйлескендердің, көлікті шу-шулегендердің даусы естіліп жатты; тез уакытта козактардың кеші бұкіл далаға жайылып кетті. Ана шетінен мына шетіне жүгіріп жүріп аралап шығамын деген адамға узак уакыт жүгіруге тұра келер еді. Кішкене ағаш шіркеуде священник дұға оқып, бәріне хасиетті суды бүрікті, бәріде кресті сүйді. Кеш орнынан қозғалып, Сечтен шығып жөнелгенде, запорожецтердің бәрі де арттарына қаасты. Хош, анамыз!—деді бәрі бір дауыспен. Тек сені кудайым «латтан сактасын! Предместъеден өтіп бара жатып Тарас өзінің жиді Янкель бір кішкене күрке жасап альп, шақпак тас, буранда кілт, дәрі, тағы сондай жолға жарайтын, соғысқа керекті жабдықты, тіпші калащ, нан да сатып жүргенін көрді. «Бул неткен кудай урған жид!» —деп ойлады Тарас, жанына келіп, ат үстінде турып былай деді: «Есід ләк екен ғой сенід, мунда неге отырсыд? Торғай орнына атып тастансын деп отырмысың?» Янкель орнынан турып жакын келді де, адам білмейтін бір сырды ашатындағы екі колын калкалап, сез бастады:

«Менід сурайтыным пан ұн демесін, ешкімге айтпасын, аузынаи шығармасын, козактардың көшіндегі ішінде менід бір жүк тиеген арбам бар; мен казактарға керекті түрлі заттарды арттым, жолшыбай талай-талай азыкты бірде-бір жид сағып кормеген мейлінше арзан бағамен сатам. Күдай ақы, солай істеймін, күдай ақы, солай істеймін». Тарас жидтің аласурған мінезіне тадырқанып, тіл кат-пастан көшке қарап жүре берді.

V

Ұзамай-ақ польшалық бүкіл тұстік-батыс қауыптың кушағына енді. «Запорожецтер! Запорожецтер жүр!»— деген хабар таран бас гады. Бас сауғалауға шамасы келгендер басын коргау қамына кірісті, бар халық үрпісіп қаша бас гады; ол кезде камсыз, дайындықсыз отыра береді; коргап согу, бекіністі үй-замок салу деген ол заманда л[<]ок, кез келген жерде сабаннан баспана жасап журғ отыра берегін. Бәрі бір татардың жорығында, күлтәлқаны шығагын болған сод, ешкім үй салуға акша шығарып, еңбегін есреп етпейтін! — Боріде абыржыды: біреулер өгіздері мен плугын атка, мылтыкка айырбастап, пәлкә, әскер катарына кете бастады, біреулер алып жүрге жарайының бәрін алып, малдарын алдына салып қып гогаңга ғасаланды. Шакырусыз келген мейманның жолына көлденед турып, қарумен карсы алған-дарда болды; бірак, күні бурын қашкандардың сады басымырақ. Запорол[<]ье әскери деп, атагы шыққан екпіні дауыл жауықгер топпен шайқасу оте қыйын соғатынын бәріде күні бурын білді; запорожецтердің сырттан қаранды көзге түсетін олпы-солпы, ілгерілі-кейінді болып жақанының өзінде уйымшылдық, заманының урыс кыймылына сәйкес сарқылмас күш бар еді. Аттылар атын шаужайлап кыйнамай жайымен жүріп келе жатты; жаяулар сабырмен көштің артынан жүріп отырды; бүкіл кеш тұнде жүріп, күндіз дем алды; аялдау үшін олар ешкім

мекен етпеген далаға, орманға токтап отырды; иесіз жаткан жер ол кезде ушан теңіз. Не барын, не болып жатканың білу үшін алға тыңшыларды, барлаушыларды жіберіп коятын. Жан жүрмейді деген жерден олар байқаусызда пайда бола қалаын; олардың алдына кез болғандар өмірден үміт етпейтін; леревнялар өпттін күшағына түсетін, әскерге айдал кеткеннен калған жылқылар, малдар табан аузында пышакка ілегетін. Олардың жорық жасағанынан, ішіп-жеп сайрандағаны **басымырақ** секілді көрінетін. Запорожециердің алшад басқан жабайы катал заманның қылыштары есіне түссе, осы күнде тебе шашыд тік тураг еді. Соккыға жығылған жас бала, емшегі кесілген әйелдер, аяғының басынан тізесіне дейін терісі сыпрылып алып азат етілген адамдар—бір сөзбен айтқанда запорожецитер поляктардың сыбағасын кемеліне келтіріп өтеді. Запоролецитердің жақындал келе жатканың естіген сод бір прелат¹) ез аттарынан екі сопыны аттаңдыры. Олар келіп прелаттың атынан запорожецитерге тәргіп бузып, жаман мінезге жол бергендейтерін, запорожецитер мен үкімет арасында келісім барлығын, булар корольдің алдындағы міндеттерін орындамай, соның салдарынан халықтың шыркын бузыл л²ургендігін айтты. «Менің және барлық запорожецитердің атынан епископіңе айт», — деді кошевой. «Ол ештемеден қорықпай-ақ койсын, козактар әлі аздерінід коркорларында тутатып болған жок». Ұзамай-ақ айбынды аббатство²) лапылдаған жалынның тұтқыны болып, оның **готикалық**³) терезелері үдірейіп - үдірейіп

1) Прелат — католик шіркеуінде ең жоғарғы дін басы.

2) Аббатство — католик монастыры.

3) Готикалық — құрылыштың ерекше түрі (стилі), орта гасырда батыс Европада кен өріс алған (XII—XV ғ. ғ.), күнбез, мұнайдалары көп болған, терезелері узын — саусак мәнерлі, бояули шынылы болған. Католик шіркеулері мей монастырьлари әрқашан **готикалық** **стильмен** салынған.

лауларан оттың арасында калды. Қашкан **сопылар**, жидтер, әйелдер гарнизоны, ополчениесі¹⁾ бар калаларға кетті. Үкіметтід қемек ретінде кешігіп жіберілген шағын полктары не бет алым шыккан елін таба алмайтын еді, не жаумен бірінші кездескенде-ак жонын бір-ак көрсетіп, ушқыр аттарын борбайлап жытып отыратын. К'орольдың бурынғы урыстарда талай рет жеңіп шыккан әскер бастықтары өзара қүш қосып жан аямай запорожецтерге карсы тірескен уакыттары да болды. Ел талау, пайдакунемдікке жат, қүшсіз жауға кол былғамайтын, кәриялардың алдында өздерінід өнер кайратын керсету үшін кундыздай жылтыраған сулу атка мініп, кең шекпенін иығына іліп желді сұзе дандайсып шауып жүрген ляхтармен жекпе-жек устасып балдырған козактардың қүш сынасар жерлері осы еді. Қызылдықты ғылым еді, олар ат-турманды, асыл қылыш, мылтықты ушан-тедіз кып лішіп алды. Қылтыйып жаңа түк біте бастаған балапандар бір айға есейіп, кайта түледі, бауырғы кісі болды. Осы уакытта жастықтың маужыраған игісі бар жүздері сүк тартып, айбаттанып кетті. Екі улы алдыңғы катардағылардың арасында арпалысып жүргені Тараска ерекше мерей еді.. Урыстың кад майданында алшад басып, соғыс жумысын түйіндеп корытып отыру Остаптың мандайына тау біткен іс сыйакты еді. Бір рет састай, абыржымай, не кез болсада жъиырма екідегі жаска бітпейтін сабырмен, салмакпен, кас пен кабактың арасында ол бар хауытты, бар жағдайды шамалап үлгеріп, одан жалт берудің әдісін таба коятын; ләлт бергендердегі максаты ебін тауып соны жену болатын. Оның істеген ісінід бәрі орынды, өзіне өзі сеніп күймұлдағандыктан туган болатын; келешекте көсемдікке лайық екені жүріс турысынан-ак байқалатын.

¹⁾ Гарнизон — тұракты әскер, ополчение — халықтың өзінен құрылған куралды адамдар.

Оның тулғасынан кайраттың үні шығып, рыцарлық **хасиеті** арыстанның кайратындей, бекініп ірге тепкен болатын. «Я, солай, мынау күндердің күнінде жаксы полковник болады», — дейтін Тарас, «күдай біледі; жаксы полковник болады; болғанда қандай, бул әкесінде басып озады!»

Андрій ок пен семсердің зұлдағад музыкасына әбден елігіп алды. Өзінід және жаудың күшід күні бурын салмактау дегенді "ол атымен білмейтін. Сыдқылдаған сұхбатты, тамаша рахатты ол урыстад табатын. Урыстағы адамның сезімі туманданып, көзі карауытып түк көрмей, бастар жерге домаланып, аттар курс-курс жығыльшып жатканда, мас болған адамдай, күйіндатып, зұлдаған ок, жарқылдаған кылыштың ортасында, жауды жайрата кырып, өз денесіне түк дарымағандай болып күймұлдауда ерекше кызық бар деп таныйтын Андрій. Тек жалындаған екпінмен елігіп, салмакты, есті адам мың жылда аяқ баспайтын іске койып кету, тек батыл күймұлдарап, кимелеумен соғысқа талаи катынаскан кәрияларды таңыркатқандай Андрійдың ерліктері әкесін сан рет ғажаптандырған. Таңыркаған карт Тарас былай дейтін: «Мынау да жаксы, мундай жауынгерді жау ала алмас еді, Остапка бара-бар емес, әйткенмен бу да жаксы жауынгер!»

Әскер казнасы мол; байлары кеп деп **өсек** тараған Дубно каласына тұра бет түзеп тартты. Бір жарым күн үздіксіз жорыктан кейін запорожецтер калаға да келіп жетті. Кала халкы шамасынан келгенше корғануға бел байлады; жауды үйіне жібергенше, алаңдарда, көшелерде. үйінің табалдырығында алысып өлуді макул тапты. Каланы коршаған балшық корған екен; корғанның аласалау жерінде ок атуға бейімделген тас кабырға немесе үйлер тур, тіпті болмаса емен бағана бар. Мойынға алған салмағының мадызды екенін үғыныш жеткен күшті гарнizon. Запорожецтер кызумен корғанға өрмелеп **бағып** еді, туралап аткан **зенбірек оғы** шыдатпады. **Ме-**

шандар мен обывательдерде боска карап қалуды лайық көрмеген білем, каланың корғанын бәктерлеп топтанып оларда жүрді. Олардың өлімге басты байлағанына оттай жанған көздері айғак еді; каланы корғауға әйелдерде қатнасты, олардың қолынан ғүйдектеліп шыккан тастар, бочкелер, горшоктер, кайнаған карамайлар, запорожецтердің басына жауды, кап-қабымен домалаған күмдар көздерін аштырмай тастанады. Корғанмен алысуды запорожецилер ұнатпайтын; камалдағы елді камап жатын узак соғысуға олардың монны жар бермейтін. Кошевой кейін шегінуге әмір етіп, былай деді: «Пан ағайындар, мойыманцдар, біз кейін шегінейік; егер бұлардың бірде біреуін кала даң шыгарсак, мен Христиан болмай одбаптады та гар болып-ак кетейін; осы камалдың ішінде бәрінде аштан катырайык». Эскер кейін шегінді де каланы коршап жатты, істер іс болмаған сод, маңайдағы елді шапты, деревняларды, мая-мая егіндерді өртеп, орак тимеген егінге мал лайды, маддай терін аямай жүріп егіншілердің жайкалтып өсірген шексіз егіні сарп болды. Күнелтерінің бәрінің куртылып жатқанын көрген кала халқының тобе шашы тік турды. Запорожецтер, Сечьтегідей. арбаны екі катар тартып тастанап, курень-курень болып ірге тепті, корқорларын тұтіндеп, олжадан түсекен кару-жараптарын айырбастады, түрлі ойындар ойнады, оргада жауласкан кала тур деп елемейтін болды. Тұнде маздатып от жакты; курень бас сайын ас басшылар мыс казанға ботқа кайнатты; тұнімен өшпей жанған оттың басында табан жазбай сакшы турды. Бостан бос жата беру, узак уакыт араксыз туру, ёшбір оқыйғаның кездеспеуі көп уакыт өглей-ак запорожецилердің ішін пыстырды Кошевой күн сайын берілетін шарапты екі есе кып бер деп әмір етті, көп уакыт кайрат жумсар жер болмай, козғалыссыз жатканда аракты өсіру салтта болатын. Жастарға, өсіресе Таразтың балаларына бул жатыс унамады. Андрийдің де іші пысып, капаланды. «Ахмак шіркін» — деді оған Тарас. «Козак, тезе

білсед ата боласыд, — деген макал бар; улы істерге кез болғанда, асып-саспай қыймылдаған адам ойдағыдай күші бар жауынгер больш ғана табылмайды, анық л^кауынгер текке жатқанда капа болмайтындей болсын, төзе білсін, сен калай толқытпак болсаңда, ол тап басқан табанын тайдырмайтын болсын». Эйткенмен жалынды жастың жүрегі кәрінді сөзіне дауаламады. Екеуінік мінезі еki түрлі, бір затка екеуі еki түрлі караиды.

Осы кезде Товкач баскарған Таразтың полкы да келіп жетті. Товкачтың жанында еki есаул, бір катшы, полктың баска чиндері бар еді; барлығы төрт мыңдан аса козак жыйналды. Согыс бар, деген хабарды естісімен ешкім шакырмай-ак катарға келіп қосылған өзі тілениңдер де муның ішінде аз емес еді. Еki есаул Таразтың улдарына шешесінің батасын, Киевтегі Межгор монастырынан жіберілген кипарис ағашынан ойып істелген құдайдың бейнесін әкелді. Ағайынды еki жігіг хасиетті бейнені мойындарына ілгендे, кәргайған шешесі көздеріне елестеді. Бұл бата, бул сәлемдеме оларға жаксырыым емес пе? Бұл л^кауды жеңіп, олжаға батыш аброймен елге қашуды, бандурашылардың мәдгі мадактауына нысана болуды медзейді, немесе... Болашақ адамға белгісіз, ол әркімнің алдында саздан көтерілген тумандай мунартады да турады. Тумарды шомып, ессіз көбелектей, канатын катғы сілтеп кустар ушады да л^куреңді, бірін бірі андамайды, кептер қаршығаны сезбейді, қаршыға кептердің барын сезбейді, сүйтіп өзінің өлім турағынан қанша алыстаганын ешкім білмейді...

Остап алдакашан өз жұмысымен өзі больш, куреньге кеткен; Андрийдың жүрегі бір түрлі капаланғандай," неге екенін өзі де білмейді. Козактар алдакашан кешкі дуғаларын оқып болған; кеш кызылы сөнген, иульдің тамаша түні ауаны аймалап күшағына алған болатын; бірақ Андрий куреньге кайткан л^кок, уйқыға мойын сұнбады, өткен өмірдің елесіне оральш көз салды. Аспандағы жулдыздар жарқыраған жіңішке шашағымен жымын

кағыш тур. Бытырап жатқап арбамен, карамай шелек іл-ген бағанамен, жаудаң тартып алған түрлі хазина, азық-тұлікпен жазық дала жық толы. Арбаның маңында, астында, арбадан аулағырақ шөптің үстінде жайылып жатқан запорол¹ еңтерді көресің—бәрі де уйқыда, көріністері суреттегі секілді, басының астына біреу қап салған, біреубөркін салған, біреу тек жолдасының жамбасын жастана кеткен. Қылыш, өзі тутанатын мылтық, қызқа мойынды коркор мыс какпасымен, шукырлық темірімен, шакпағымен әркайсысының жаңышда. Мүшесі салмақты оғіздер, аяқтарын астына альп бырт-бырт күй-сеп, шубарланған аркалары ылдыйда жаткан тас секілді болып көрінеді. Жан-жактағы шөптің арасынан уйқыға батқан жауынгерлердің корылы естіліп, даланы жаңғырықтырып тур, оған л²арыса тусаулы аяғына қапаланған айғырлардың кісінеген даусы үн косады. Алуан, айбынды окыйғаларда иуль түнінің сулу көркімен астасып жатыр. Бул маңайдағы л³анып бітіп келе жатқан аймактың жарық шашкан сәулесі. Бір жерде жалын альп кушағын жазып, даланы өрлеп тыйыш қана кетіп барады; бір л⁴ерде тез тутанатын нәрсеге кездесіп лапылдаған жалын, куйындей тулап, аспанға шығып, ыскырып, ыршып жулдызға жармасқандай, кыялап ушқыны аспанда калқып, аулакқа барып сөніп жатыр. Өрт жалап қап-кара болған аулактағы монастырь, сұық келбетті Картизиан¹) сопысындей айбаттанып тур, кабындаған өрттің жалыды жарқ еткенде оның карауыткан алуан пішіні көзіне түседі; бір жерде монастырь бақшасы күйіп жатыр; түтін аймалаган ағаштың сытырлаған "дыбысы естілгендей; арпа лысып аспанға шапшыған от жасыл жарық сәулесіне елжіреп піскен сливаны бөлел, сарғайып нәрге толған грушаны алтын түске бояп тур; ағаштың бұтағында Ілүлі өзінің үйімен бірге жанып жаткан л⁵идпен монах та мунда кездеседі. Оттыңдустінде қалықтап айналған күс-

1) Картизиандар—католик сопылардың үйымындағы адамдар.

тар отты далаға ілген күдгірт крес секілді. Коршаудағы кала уйқыға баткан тәрізді. Шпицалары да¹); төбелері де, қоршау қазықтары да аулақтағы өрттің сәулесі тиіп кана мұлғіп тур. Андрий козактарды аралап шыкты. Күзетшілер жаққан от жылтылдаپ сөнуге айналған, күзетшілерді өздері үйқыда, козактың кең нәпсісімен комағайланып ауыздарына салған саламаталары мен галушкалары тісіне қыстырған калпында уйықтаған. Бул барыксыздыкка тадданған Андрийге мынадай ой келді: бірісі жақсы жақында күшті жау жок, ешкімнен хауып күтүге болмайды. Ақырында Андрийдің өзіде бір арбандың үстіне шыкты, басының астына екі колын айқастырып төсеп жатты; бірак уйыктай алмай аспаннан узак уақыт көзін жазбады, аспан оның алдында пердесіз ашық еді; ая ая мөп мөлдір, тап-таза; кус жолында шоғырланып, аспанды белдеуlep турған жулдыздарда Өрттің сәулесіне шомылған. Уақыт-уақыт оның кыялы әлдекайда шарықтайды, ой туманы айқын аспанды перделегендей болады; содан аспан тағы аршылып, бәрі кез алдында жаркырап, жайнайды.

Осы мезгілде оның кез алдында таңғажайып адамның жүзі елед еткендей болды. Алдамшы үйқының кылышы шығар, кәзір-ақ ыдыра, деп ойлап ол көзін бадырайтып ашып еді, үстіне төнгеч суалған жүзді біреу көзін көзін кадап турғанын көрді. Жыюсыз будыраған узын кара шашы басына жапкан кара жзмылғыдан толқынданып шығып тур, жүзінің ғажап сәулесін, көзге ерекше түскен елі жандай құңгірттігін көрген соң Андрий муны аруак шығар деп ойлады.² Қалтыраған колымен мылтығын бас сальш, Андрий одан екіленген дауыспен сурады. «Кімсің сен? Әзезіл сайтан болсаң мадымнан аулак жүр; егер адам болсад, мезгілсіз уақытта ойнаудың керегі жок — бір атқаннан жок қыламын».

Жауап берудің орнына әлгі аруак қолымен ернін ба-

¹⁾ Шпиц — төбенің астасатын жеріндегі істік бағана.

сып, үніді шығара көрме деп жалынған ишаратты білгізді. Андрий қолын басының астынан алып, аныктап қарады. Жалбыраған шашын, мойнын, ашылған кеудесін көріп, муның әйел екенін білді. Бірак ол бұл жердікі емес. Жүзі карауытып, шаршап-кал¹ ығандықтан азған; оғаштанған шыкшыты солған уртынан озат шығып тур; қысық кезі қыйғаштанған; көз токтатып қараған сайын бұл әйелдің жүзі таныс секілді көріне берді. Акыры Андрий шыдай алмай жен сурады: «сен кімсің, айт? Мен сені таныйтын сыйктымын, немесе бір жерде көрген сыйктымын».

«Будан екі жыл бұрын Киевте көрдіңіз».

«Будан екі жыл бұрын Киевте» — дейсід бе? деді Андрий әйелдің сөзін кап талап, бурсак күнінде басынан кешкен оқыйғаның бәрін хатеріне түсірмек болып картаманды. Тағыда әйелдің жүзіне тесе карап, оның тадыр-кағаннан даусы шығып кеіті: «Сен татар әйелісін ғой! Воеводаның пан кызының күтушісін ғой!...»

«Чиши! Акырын!» — деді татар әйелі жалынып қолын кусырып, бүкіл денесі калтырап, сүйтседе артына бурылып Андрийдің айғайынан ешкім оянып қалған жок па, деп жан-жакка көзін салды.

«Тез аит, тез аит, неге келдід, бул л²ерге кайдан душар болдың?» деді Андрий ентігіп, сыбырлап. тулаған жүрек көлденен түсіп оның сөзін беле берді. «Панночка¹) кайда, тірі ме?»

«Ол осы калада».

«Калада дейсің бе?» — деді Андрий тағыда даусы катты шығып кете жаздал, барлық қаны жүрегіне шоғырланғандай болды.

«Неге ол калада отыр?»

«Оның мунда отырған себебі карт панның өзі осы калада, оның Дубнаға воевода болғанына кәзір бір жарым жыл».

1) Панночка — пазның қызы.

«Калай, ол қүйеуге шығып па еді? Айсайшы тезірек, өзің не қылған жансың, кәзір оның ләйкі калай?...»

«Ол екі күн болды нәр таткан жок».

«Неге?»

«Кала халкының бәріндеде көптен бері бір сындырым нан Жок. Бәрі көптен топрак жеп оғыр».

Андрій сазарып карты да калды.

«Панночка сенің запорожецтермен бірге каланың қорғанына шығып ләургеніді көріпті. Ол маган былай деді: «барып, рыцарьға айт, егер умытып кетпесе, өзі маған келсін; егер мен есінен шықпазған болсам, анама бір сындырым нан берсін; анамның аштан өлгенін көргім келмейді. Мен бурын елем, шешем менің артымнан өлетін болсын; жалбарын, оның аяғын, тізесін күш. Оныңда кәрі шешесі бар ғой, сол үшін берсін».

Жас Андрійдің кеудесінде талай сезімдер оянды.

«Ал, сен калайша мунда жүрсід, мунда калай келдід?»

«Жер астынан салынған ләолмен келдім».

«Жер астынан салынған жол бар ма?»

«Бар».

«Кайда?»

«Сен басқаға айтып коймайсың ба, рыцарь?»

«Киелі кресті ағап ант етемін!»

«Жардың астына тұскен сод, акқан судан өте бергенде тростник шыккан жерде».

«Тура калаға апара ма?

«Тура каланың монастырына апарады».

«Жүр, кәзір жүр барайык!»

«Айса үшін, әулие Мария үшін бір сындырым Іан беріңіз!»

«Жарайды, наң болады. Осы арбаның үстінде тура тур, немесе тіпті жата тур, бәрі уйықтал жатыр; сені ешкім де көрмейді, мен кәзір келем».

Андрій өздерінің куренінің азық-тұліктері артулы арабага барды. Жүрегі аттай тулап жүр. Козактардың көшпелі жадағай турмысы, әскері калып көрбілтелендіріп

тастаған бурынғы болмыс калқып кайта шығып, кез алдына елестеп, кәзіргі өмірді торлап, туншықтырды. Теніздің желіккен толқынынан шыккандай, тәкаббар әйел кайта душар болды; нәзік қол, жанарлы көз, жымыңд каккан ерін, кеудені көлкелеп төгілген кара буйра кара шаш, мылтықтың сүмбісіндегі тұп-тұзу, нәзік, тығыз біткен қыздың мүсіні дәл осы минутта жарқ етіп Андрийдің алдына келгендей болды. Ол сезімдер сөнген жок, әліде Андрийдің кеудесіне уялаулы, баска күшті толқындар өріс беру үшін уақытша ғана сырылған. Сан рет, жиі-жіңі балдырған козактың шырт уйқысын осы қыз жөніндегі кыял бөлген; талай рет оянып төсекте жатыш ойға шомып, бірак ой түйінің шешуін таба алмаған болатын.

Андрий жүріп келе жатты, бірак қызды тағыда көремін-ау деген кыял алып ушып, жүрегін толқындандырып, бойын билеп, аяғының әлін кетіріп тізесін калтыратып жіберді. Арбаға таянғанда, ол өзінің неге келгенін де умытып калды, колын маддайына апарып, қайта-қайта укалап, келген жумысын есіне түсіре алмай азаптанды. Кенеттен ол селк етіп, шошып кетті, қыздың анасы өлім аузында-ау, деген пікір келді оның көңіліне. Арбара тап беріп, бірнеше ұлкен ұлкен кара наңды колтықтап-ак алды; сол жерде тағыда, мынау алып денелі талғамайтын запорожециң жейтін тамағы үлбіреген оған өте дәрекі, колайсыз болмай ма, деген ойға келді. Үш рет салып кайнатуға молынан л^ететін гречке уның бір рет саламата пісіруге жумсал койдылдар, деп кошевойдың асбасшыларға кешегі урысканы оның есіне түсті. Казандардан қанша керегінше саламата тауып алармын деген үмітпен ол әкесіндегі жол казаншығын алды да асбасшы уйықтап жатқан өз куреніндегі он шелектік екі казанының жанына барды, казанның астындағы коламта әлі сүйған да жоқ екен. Үціліп карап, екі казаның туңдеде дым жоктығына ол таңданды. Баска куренің адамынан саны аз бола турсада, екі бірдей казанды тол-

тыра істеген асты жеп кою үшін анық·ақ альштық ке-
рек-ау! Баска куренъдердің казандарына да үңілп карап
еді, тұк жоқ екен. «Запорожецтер аз болсада жеп коя-
ды, ал көп болған күндеде қалдырмайды» — деген ма-
калды есіне тұсірмеске оның шарасы болмады. Енді не
істемек керек? Қай жерде екенін кім білсін, әкесінің
полкының азығын арткан арбада ак нан болса керек еді,
ол нан монастырьдың наубайын талағанда түскен. Әкесінің
арбасына келіп еді, нан жоқ екен. Остап альш, ба-
сына жастап, жерге узыннан түсіп, даланы жаңғырық-
тырып қорылдап жатыр. Андрий қапты бас сальш, пәр-
менімен жулып қалғанда, Остаптың басы жерге сылж
ете түсті, ол шошып уйқылы көзімен атып турып, көзі
жумулы қалпымен айғайды салды: «Ұстандар, устаддар
оңбаған ляхты! Атты устаддар, атты устаддар!» —
«Өшір үніді, урып өлтірермін!» деп ақырды Андрий
шошынған дауыспен, каппен уруға оңтайланып. Онсызда
Остап дауысты үдеткен жоқ, баяусыды, бұрынғыдай кай-
та қорылдап, демімен маңындағы шөп атаульны жел-
пілдettі. Остаптың уйқылы көзімен сандырактағаны бі-
реуді оятып жіберген жоқ па екен деп, Андрий ақырын
ғана көтеріліп, жан-жақты байкады. Іргелес куренъдегі
біреудің дудар шашты басы кетеріліп, жан-жағына ка-
рады да кайтадан жерге лаңаасты. Бір-екі минут аялдады
да, қабын иығына сальш Андрий жөнелді. Татар ·әйелі-
нід кур сұлдері жагыр екен. «Тур, лаңрейік! Бәріде уй-
қыда, корықпа! Мен бәрін альш жүре алмасам, сен мы-
на наның тым болмаса біреуін көтере аламысыд?» Осы-
ны айттыда ол қапты иығына кондырды, ете беріп арба-
ғың үстіден тағы бір кап тарыны алды, татар әйеліне
беремін, деген нанды да колына алды, жүктің салмағы-
мен кішкене едкейідкіреп, уйыктап жаткан запороже-
тердің арасымен кере басып жүре берді.

«Андрий!» — деді дәл жанынан ете бергенде карг
Бульба. Жүрегі тас төбесіне шығып Андрий тұра калды
да, калш-калш етіп: — «Немене?»» — деді.

«Жанында катын жүр ғой! Турған соң жоны бауырыдды бірдей кып, кудай біладі, соярмын! Катын саған аброй әпермейді!» Осыны айттыда ол басын шынғағына сүйеп басына қалың шалы жамылған татардыд әйеліне тесе карады.

Андрій елі де емес, тірі де емес, әкесінід жүзіне қаруға батпай каттыда калды. Бірнеше уакыт өткен сод көзін сығырайта қараса, карт Тарас басын алаканына қойып үйықтап қалған екен.

Андрій тауба қылып шоқыпды. Кабындаған хауыптыд келуінен кетуі жылдам болды. Бурылып татар әйеліне қараса, ол басында қалың бұркенгіш, қансөл жок гранит тасынан істелген статуядай болып тур екен; аулактағы оттың жарығы оныд өлі жанның көзіндегі өзеурең көзіне ғана сәуле беріп тур. Эйелді жедінен тартып калды, екеуі жан-жагына қарай отырып бірге жөнелді, акыры ылдыйды капиталдай отырып бір сайға түсті, сайдың тікенді, томарлы түбін бойлап керенау тарікан ағын ағып жатыр екен. Сайға түскен сод олар запорожецтер кеші жақан даланыд көзінен ғайып болды. Андрій артына карап еді, жайпактау жардыд биiktігі канша дегенмен, кісі бойынан биік екен; жардыд басында сексийп бірнеше курай тур, оныд үстінде қалыктаған ай кыйғаштап кызыл алтыннан куйған сиякты. Даладан акырын соға бастаған жел түннің өрісінің де куырылып қалғанын хабарлады. Бірак, не жакында, не аулакта әтеш үні естілмейді, не калада, не маңайдағы талауға түскен елдерде бір тауық қалмағаны ғой. Көлденең л^каткан дөдбекті басып екеуі ағыннан өтті, карсы алды тағы жар, ол кейіндегі жардан биік л^кәнє кулама тік екен. Бул жар кала корғанының бір тыңғылышты жері секілді көрінді, бул тустың соғылған корғаны аласа болуға тиіс және гарнizon оған шығып ангалап турмайтын шығар. Эйткенмен кішкене әрегіректе кадкайып монастырьдың стенасы тур. Биік жарды каптаған ермен екен, жармен ағынның арасына биiktігі кіеі бойындаі

майда шыбықтар шығыпты, Жардың басында жаткан шарбактың журнағынан бул арада бір кезде бакша болғанын білесін; аулағыракта жапрағы алакандай курай, одан әрегірек саусаған аксыйдамдар, лобаны тікендер. Құнбағыстың сабағы бәрінен жоғары көтеріліп, одырайып аспанға карап тур. Бул сазды, сулы екен, сондыктан татар әйелі кебісін шешіп, етегін жыгынап алды. Майда шыбықтардың арасымен жүріп отырып олар бұтак-ағаш, фашинник¹) үйіліп жаткан жерге келіп токтады. Буталарды ықсырып тастап еді, аржағынан үдгір керінді — ол тесік шамасы нан пісіретін пештің аузының кендігіндей екен. Татар әйелі едкейіп, тесікке алдымен кірді, оның артынан кабымен соктығып калмау үшін шамасынан келгенше едкейіп Андрийде кірді. Аздан сод екеуіде көзге тұртсе көргісіз карадғылықка батты.

VI

Нан салған кабын аркалап татар әйелінің соңынан жерді бойлаған тар коридормен Андрий зорға жүріп отырды. «Ұзамай-ақ жарыкты көреміз» — деді әйел: «Өзімнід шамшырақ қойып кеткен жеріме біз жакындағы калдық». Айткандай, карауыткан қабырғаға біртіндеп сәуле жүгіре бастады. Булар бір аланға жетті, мунда Часовня²) болған сыйқты, анығын кім білсін әйтеуір стенаға таяу, алтарьдағы³) алдыңғы стол реуішті, енсіз стол койылған, столдың үстінде өшіп, одған Мадонна⁴) суреті ілулі тур. Шағын гана күміс шамшырақ суретке шамалы жарық беріп тур. Татар әйелі едкейіп, өзі койып кеткен мыс шамшыракты алды, шамшырактын

¹⁾ Фашинник-фашина — бума, байлам тал, бұтак — сыммен бойлаған. Сазды жерге салинған жолдың жағасын көмкеру үшін қалданады.

²⁾ Часовня — шіркеу.

³⁾ Алтарь — шіркеудің төрі.

⁴⁾ Мадонна — католик тіліндегі Айсаның шешесі Марияның аты.

ақында жіңішке айнала кылқаш, білтені жөндейтін іс-
тік темір, шам сөндіргіш ілулі екен. Ілулі турған шам-
шырактан тутатып татар әйелі колындағы шамын жак-
ты. Жарық улғайды, олар бірге жүріп отырып, біресе
жарықка шығып, біресе, көмірдей карауыткан, қоленке-
нің алабына түсіп Герардо¹⁾ ның суреті секілді болды.
Өдді, жастық пен саулық күші кабындаған, жас рыцарь-
дың сулу жүзі мен калжырар, өңі қашқан әйелдің жүзі-
нің арасында жермен көктей айырма бар еді. Үңгір ке-
ңіл, Андрий белін біраз жазарлық мүмкіншілік туды.
Киевтегі үдгірлер сыйкты кабырғаларға Андрий кез ток-
татып карады. Киевтегі сыйкты муның кабырғасында да
үңгіп казған жерлер бар, оған гробтар қойылған; кей
жерде дымкостан шіріп, үгіліп жаткан адамның сүйегі
де кездесті. Мұндада езгі жандар панаған болуы
ти'с, олар мунда дүниенің жалынды екпінінен, кайғы
хасіретінен, аздырғыш кызыл ғұлінен қашып тығылған
шығар. Кей жерде дымкостық мол екен, олардың аяғы-
на су да білініп отырды: Қаллшрап кала берген жол-
дасын тынықтыру үшін Андрий жиі-л^киі токтап отырды.
Әйел кішкене нан жеп еді, асты жатырқап қалған ішіне
жакпай, ауру болып жабысты; сонымен әйел әлденеше
минут козғала алмай бір жерде отырып алатын болды.

Ақыры бұлардың көзіне кішкене темір'есік көрінді.
«Кудайға шүкір, әйтеуір жеттік-ау» — деді татар әйелі
әлсіреген үнмен; колын көтеріп есікті какпак болып еді
шамасы келмеді. Оған карамай Андрий өзі есікті кағып-
кағып жіберді; аржағы кбд алап болуы тиіс, үйткені
есік күдірлеп коя берді. Күдірентен дауыс биік төбе-
ге жанасып өзгергендей болды. Бір-екі минуттан кейін
кілт сылдырап, біреу баскышпен темен түсіп келе л^кат-
кандай болды. Ақырында есік ашылды; тар баскышта,

1) Герард Гонторст (1528—1662) — Голландияның суретшісі!
және гравері, библия және тарихи темаларға көп суреттер жазған.
Шаламен, отпен сөулеленген тұндегі адамдарды көп жазған, соң-
дықтан «тұнғі» суретші деген ат алған,

колоңда кілті, май шамы бар сопы буларды карсы алды. Козактар мейлінше жек көретін, жидтерденде қатаң жа-залаітын католик сопысын көргенде Андрий таңырқап тура қалды. Запорожье коғагын көрген сод, монах та шошыш кейін шегінді, әйткенмен татар әйелінід былдыр-лап айткан сөзі сопының жүрегін орнына тұсірді. Ол екеуінің жүрер жолын жарық қылды, шыққан соң арттарынан есікті жапты, ертіп басқышты бойлап жоғары альп журді, аяғында олар монастырь шіркеуінід карад-ғы төбесінің астынад келіп шықты. Биік шам қойғыш және жанғаң шамдар катар-катарымен тізіліп қойылған алтарьдың бірінде священник тізерлеп, дуға оқып тур екен. Священниктің екі жағында тізерлеп отырған екі жас клирошанин¹), үстерінде жасыл шекпен, оюлаған кестелі шемизетке, қолдарында кадило²). Священник тәдірідед керемет жіберуді, каланы аман сактауды, жүрттың жудей бастаған көділін көтеруді, халыққа са-быр-төзім беруді, дүниенің азабына наразылыққа, қар-сылыққа жетелейтін аздырма әзезілді аулак қашыруды тілеп отыр. Аруаққа уксаған бірнеше әйел әлдері курьш, бастьарын алдындағы стулға сүйеп тізелерінен тур; тізе-сін бүккен бірнеше ерек тәбе жіктесетін колонналар-мен³), пилистраларға сүйеніп уайымды кескінмен мұлгу-де. Алтарьдың тузындағы бояулы шынылы терезеге ата бастаған таңынің ақшыл сәулесі түсіп, қара көлеңке шір-кеуді жарық кып, полды терезеден түскен дәңгелек-дәңгелек қызыл көк оюлармен безендіре бастады. Ал-тарьдың бүкіл қараңғы түкпірі де жарық бола бастады; кадилодан будактаған тұтін ауаға көтеріліп, булт болып үйріліп тура қалды. Жарықтың жасаған кереметіне Ан-

1) Клирошачин — шіркеуде ғибадат еткен уақытта өлең айтатын (клироста айтатын) жастанар Қатысушылар ерекше әсер ету мақсатымен католик поптары клирошачидерді өте сулу киіндіретін: өлеңі көбшесе орғанға — трубаға қосылып айттылатын.

2) Кадило — шіркеуде бақыр түтетіп сілтейтін қолға устайтын ыдыс.

3) Колонна — бағана.

дрий қаранғы бұрышта тасаланып карап тур. Вір мәзгілде органның күйқылжығач даусы өрістеп бүкіл шіркеудің ішін кернегендей болды; органның үді қоюлана-қоюлана зілденіп күркіреп кетті, сонсоң кенеттен аспан музыкасына айналып, жас қыздың нәзік даусындай сыңғырлад, төбені бойлап гулеп жөнелді; сонсод тағыда қоюланып күмбір-күмбір өтіп барып тынды. Күмбірлеген үн төбені бойлап жаңғырығып көпке дейін басылмады, бул алуан музыка Аңдрийды таңдандырды.

Сол мезгілде біреу Аңдрийдің шекпенінің өнірінен тарткандаған болды. «Жүретін уакыт болды» — деді татар әйелі. Ешкімге байқаусыз олар шіркеуден өтті, сүйтіп шіркеудің алдындағы алаңға шықты. Таң жарығы аспанда әлдекашсаннан күлімдеуде, бул шыққан күннің хабаршысы еді. Шаршыланған кед аланда жан жок, орталықта бос турған ағаш столдарды көргенде мунда бірнеше күн бұрын базар болып, азық-түлік сатылғанын байқайсын. Ол кезде тас тәсемейтін көше кеуіп баттаскан саз еді. Алаңды жағалай қоршаған бір этажды шағын-шағын тастан, балшықтан соккан үйлер; биіктігі стенамен бірдей казып орнатқан ашаға айқастырып салған ағаш сырғауыл; обывательдер ол кезде үйді осындағы қып салатын, мундай үйлер Литва мен Польшандың кей жерлерінде осы күнге дейін ушырайды. Үйлердің бәріде өрескел биік шатырмен жабылып, шатырдан сыйыс естілетін терезе, саңлаулар көп қалдырылатын. Екінші бетте, шіркеуге жанаса басқа үйлерден әлдекайда биік бір үй тур, ол шамасы калалық магистраттың¹⁾ үйі не бір мемлекеттік орын болу керек. Ол үй екі этажды, ең үстінде екі аркалы бельведер²⁾ онда часовой³⁾ тур; үлкен сағаттың беті төбеге ойыш орнатылған. Аланда тіршілік жок сыйкты; әйткенмен Аңдрийдің жүрегін-

¹⁾ Магистрат — қаланы **басқаратын мекеме**.

²⁾ Бельведер — үй үстінде орнатылған мұнара, күмбез.

³⁾ Часовой — сағаттап туратын күзетші.

де бір түрлі сезім ояңғандай болдыг. Төңірекке қарап турып Андрий екінші бетте жерді жастанып, түк қыймылсыз жатқан бір топ адамды көрді. Булар өліп калғандар ма, не уйықтап жатыр ма екен деп тесе караған Андрийдің аяғына кесе көлденең бірдеме білінді. Караса өліп жатқан бір әйел екен, шамасы жидтід әйелі болу керек. Сүрені кетіп, өң қалмаған бетінен ештеме айыруға болмағанмен оның жас екені көрініп тур. Басында Қызыл жібек орамал; мойнында екі қатар маржаннан тізген алқа; шығратылған 'екі-үш тал бүйра шашы алқаны көлкелеп, ашаддадған мойнын жауып тур. Әйелдің жанында шеңгелімен қапсыра устап, ізденген сүтін таба алмай ызаланып емшекті бұрап жатқан бала. Жылауды, бақыруды бала қойған — үн жоқ, алайда солғын соққан қарнын көргенде оның әлі тірі екедін, немесе жан тәсілімге таяу екенін шамалауға болады. Екеуі көшеге карай бурыльп жүре беріп еді, Андрийдің қап арқалап келе жатқанын көрген біреу «Нан!» — деп айғайлап, жолбарыстың жармаса түскен, қутырған адамдай біреулер буларды токтатты. Әумесерлігіне сай күш онда жоқ екен; Андрий итеріп қалып еді, ол жалп етіп жерге барып кулады. Рахымы устаған Андрий бір сыңдырым нанды тастай беріп еді, анау, қутырған иттей, бас салып, тістеп кемірді, мұжіді де, тамактан жатырқап әлсіреп қалған денесі көтермей табан аузында жан тәсілім қылды. Аштықтан қаза тапкан адамдар буларға аяғын баскан сайын кезде-сіп отырды. Көбі үйдегі азапқа шыдамай, ал, бірсынырасы әдейі көшеге қашып шыққан ысяқты, корек боларлық бірдеме ашық ауада аспаннан түсеме деп үміттенген тәрізді. Бір үйдің қакпасының алдында кемпір отыр екен, өлген бе, қалғыга отыр ма, немесе тек барықсыздықка салынған ба — не екенін біліп болмайды; әйтеуір ол тұктемені естімейді де, көрмейді де, басын кеудесіне тұқыртып бір жерден қозғалмай отыр. Келесі үйдің төбесінде арып солған бір адам салбырап ілгекте асылып

тур: сорлы аштықтың миҳнатына төзе алмай, өз тіршілігіне өзі қол салып, ажалын тездегуғе тырыскан.

Аштықтың әлегінен мунша адамның қырылғанын көріп таңырқаған Андрий, татар әйелінен сурады. «Амалдап тіршілігін сактарлық осыларға неғып бірдеме табылмады; аштық анталап қысылған уақытта адам оған деңін үнаптай жиренген нәрселерінде жей беруі керек қой, кеңшіліктө жеуге шарифат қоспаған маклұқтарды да керек кылуға тиіс, тамактан өткеннің бәрі ас қой».

«Бәрінде жеп бітірді» — деді татар әйелі, «бар мал атаулыны, не жылқы, не ит, тіпті тышқанды да бул қаладан ушырата алмайсын. Біздің қалада ешуақытта корлы азық болмайтын; бәрі де деревнядан әкелінетін».

«Осындай азапқа батып аштан қырылып жатып, сендер қалайша қаланы корғамакшысындар?»

«Мүмкін, воевода қаланы бередеме еді, қайтер еді, бірак кеше Будажнада туратын полковник біздің калаға кептердің қанатына байлат қағаз жіберіпті, қағазында, берілмецдер, төзіддер, полк пен қаланы жаудан айрып алуға барамын, күш қосып тиісу үшін әскерімен екінші полковниктің келуін күтті отырмын, депті. Сонымен минут сайын солардың келуін күтіп отыр... Міне үйгеде келіп жеттік».

Өзге үйлерден әлдекайда салтанатты, Италия архитекторлары жасаған сыйкты зор үй Андрийдің көзін алыстан-ак тартқан. Бул үй жуқа, әдемі кірпіштен екі этаж етіліп салынған еді. Төменгі этажының терезелері гранит карнизбен көмкөрілген; шағын-шағын арка қыл қурған жоғарғы этажы шубалған галлерея болып шықкан; олардың ара-арасында гүл оюлы решеткелер көрініп тур; үйдің бұрыштарында да өсімдіктің бейнелері бар. Сырлаған кірпіштен салған үйдің сырткы баскышы тұра аладға шығып тур. Баскыштың етегінде екі часовой отыр; олар бір колымен алебардаға¹⁾ таянға, екінші

1) Алебарда — ес'кі кару; ай балталы курал.

қолымен жантайған басын сүйеген; көргендер оларды тірі жан емес, көркем өнердің куйып жасаған статуясы деп ойлайтын. Олар уйықтамайды, қалғымайды; бірак, тәңіректегі оқыйғаға селт етпейтін сыйқты; басқышпен шығып жатқан кіслерменде жумысы жок. Басқыштан жоғары шыға бергенде қолында дуғалық, тула бойыг толған кару бір жауынгер тур. Қажыған көзін буларға тіге бастап еді, татар әйелі бірдеме деген сод, ол ашулы турған дуғалығына көзін қайта тікті. Екеуі кісі қабылдайтын не ауыз үй ретінде турған бірінші бөлмеге іші толған солдат, күтуші, ит бағушы, арак қуюшы; тағы баска жалшылар; Польшаның аксүйегіне муның бәрі соғыс жөніндегі, өзіне тэн поместьені билеу жөніндегі дәрежесін керсету үшін керек. Жұырда сөнген шамшырактың ісі шығып тур, кереге көзде терезеден тад жарығы алдақашаннан андыздалп турсада, бөлменің дәл ортасында биіктігі кісінід бойымен бірдей шам қойғышта екі шамшырак жанып тур. Андрий турадан-тура оюлатп қыйып істеген емен есікке қарай жөнеліп еді, бірақ татар әйелі жедінен тартып қалып, бүйірдегі бір кішкене есікті нусқады. Осы есік арқылы екеуі коридорға, одан әрі бір бөлмеге кірді, бул бөлменің қандай екенін Андрий біле алмады. Терезенің қакпағының жігінен түскен жарық қызыл шымылдықты, алтындаған корнизді, стенедегі ілулі суреттерді ғана шалған. Татар әйелі Андрийді осында калдырды да, өзі екінші бөлмеге кірді, ашылған есіктен ол бөлмеде жанып жатқан от жарық өтіп көрінді. Құлағына естілген сыбырмен ақырын дауыспен сөйлескен сөз Андрийдің жүрегін дүрліктіре бастады. Шала ашылған есіктен оның көзіне судақ сулу бойлы, көтерген колыгна жалбырат оралған узын шашты әйел көрініп кетті. Татар әйелі келіп, кір, деді. Бөлмеге калай кіргенін, есіктің калай жабылғанын Андрий өзі де білген жок. Бөлмеде екі шам жанған, кудайдыщ бейнесінің алдында шамшырак жылтылданп тур; шамшырак-

тың астына католик дінінің салтымен білк стол қойылған, столдың алдында басқыш, шоқылған мезгілде журт басқышқа тізесін бүгеді. Екінші жақка бурыльп, ол бір әйелді көрді; әйел жан таласқан қыймыл үстіндеге сексийп катып калған сөкілді. Әйелдің бар дедесі муны бас салуға умтыльп, бірак токтай қалған тәрізді. Андрийде таңдаған қалпымен әйелдің алдында қалшыйп турды да калды. Қызды мундай, деп ойлаған жоқ еді ол, мынау онъыд бұрынғы көрген қызына уқсас емес; бірак мынау бурынғыдан екі есе сулырақ, тамашарак, ол кезде қыз жетілдікремеген, пісіңкіремеген еді, ал, кәзір суретшінің бар өнерін салып жасаған шығармасындей. Ол кезде жел мінезді жақсы ғана қыз еді; кәзір адамның кезін талдыратын сулу әйел болған. Тура қараған қозінен толық сезім үн беріп тур, шала-шарпы, сезімнің жорамалы емес, сезімнің түгелімед өзі. Кеудеп үлгірмегей кез жасы қозінің алдына іркіліп мөлдіреп жанына сәулесін төккендей; тесі, мойны, иығы тандамалы сулуға арналған мөлшермеч пішінделген; бурын буркырап бетін жауып туратын буйра шашы, енді кап-қальщ, сулу болып өрімделген, шаштың бір азы төбеге шоғырланғанда, бір азы қолды бойлап темен жығыльп, кеудесін жауып құлтеленіп тур, қыздың сымбатының біріде қалпында калмай өзгерген сыйкты. Өзінің хатерінде қалған сымбаттың бірід үшыратамба, деп Андрий қыздың тұлғасын көзімен шолып еді, ештеме таба алмады — біріде калмапты. Каны кашып, беті канша қуқыл тартқанымен онъыд нурын кір шалған жоқ, кайта көркі күшіне, қабындалп қайраттана түскен сыйкты. Қорқыныш дәнесіне уын жайғандай Андрий қыздың алдында қыймылсыз турдыда қалды. Ода жігіттің келбетіне таңданғандай болды; келімді көріж, жастық қайрат тыпыр етпей отырғаның өзінде әумесер еркін қозғалыстың бейнесін беріп турғандай; отты қозінен таймас табандылықтың ушиғыны түсіп тур, макпалдай касы катуланып иірілген; күн шал-

ған бетінен қабындаған жас күштің сөнбес оты лаулауда; жаңа шыққан кара мурт, жібектей, кулпырып тур.

«Не істесемде мен сенің жақсылығыңды қайтара алмаймын, дегдар рыцарь», деді кыз; күмістей сыңқылдаған даусы калтырап естілді. «Сенід жақсылығың бір алланың өзінен кайтады, мендей дәрменсіз әйелден емес..» Осыны айттыда кыз темен қарады; жада жауған акша қардай, аппак қабағы, садақтың оғынданай узың кірпігі мен кезін жаба қойды; нуры төгілген жүзіде еңкейді, акша бетіне дәнекерленіп қызыл жұгіре қойды. Андрий сөзге сөз қайтара алмады ойын кернеген пікірдің бәрінде айтпак болды ол, жүрегінде қандай жалындалап турса, айтқандада жалынды сөзбен айтуға тырмысты, бірақ тіл қатуға дәрмені жетпеді. Аузын әлде бірдеме тұмылдырыктап бөгеген сыйкты; сөзі барда үді жок; бурсада тәрбиеленіп, көшпелі жорыкты турмыста өскен оның мундай сөздерге жауап кайыруға өресі жетпейтіндей көрініп өзінің козактық мінезіне зығырданы қайнады.

Осы мезгілде бөлмеге татар әйелі кірді. Рыцарьдың әкелген нанын, тамагын ол кесіп те үлгірген екен, алтын табакқа салып әкеліп, панночканың алдына қойды. Сулу әйелге қарады, наңға қарады да, кезін Андрийге төңкерді, — бул қараста талай сыр бар еді-ау. Талыққан көділ, бойды уландырып билеген сезімді мәнзеген мынау ықласты қарас Андрийге сөз атаулының бәрі түсінікті және ыстық көрінді. Оның жүрегі жай тауып, бар түйін шешілгендей болды. Осы минутка дейін тежеліп ауыз-дықталып келгеннід бәріде енді кең өріс, еркіндік алған сыйкты болды; енді бой бермес сөз толқынына айналыш ағуға булқынды. Сол жерде сулу татар әйеліне қарап, кенеттен абыржып сурады: «анам кайла? Сен өған апарып бердің бе?»

«Ол уйықтап жатыр».

«Әкем ше?»

«Апарып бердім, өзі келіп рыцарьға раҳмет айтам, деді».

Кыз наңды алып аузына апарды. Қыздың жарқылдаған саусағымен наңды сыңдырғанына, алыш жегеніне қарап, есі шыңып турды да калды; кенеттен оның есіне, жынданған адамдай, наңға жармасып, көз алдында жан тосілім еткен түсті. Андрий каны қашып қуп-қу болып, қыздың колын "бас сальп устай алыш: «Осы жегенің жегеді! Будан артық жеме! Сен көптен жеген жоксың, енді нан саган у болып тиеді» деді. Қыз колын темен түсірді; наңды табакқа кайта салды; бойсунғыш бала-даи, Андрийдің көзіне қозін тігіп отырды да калды. Әт-тед даригай сөз жетсе... де шара істерсің, скульптордың қырнағышыда, суретшіндеги кистіде, қызға тәңірідей көрінетін шешенің тіліде — ешнәрседе қыздың талмай тіккен коз карасын, егіліп елжіреген сезімін бейнелеп сыйпаттауға дәрменсіз.

«Қаша!» — деп айғайлап жіберді Андрий, жүргегі ту-лап, жан жүйесі елжіреп, сезімі бойын керіп: «Саған не керек, не тілейсід, маған әмір ет! Дүниеде адамның колышаш келмейтін жұмысты тапсыр маған, мен орындау үшін жүтіре жөнелейін! Еш бір жан істеп көрмеген іеті тапсыр — мен соны істеу жолында өлейін... Өлейін, өлейін! Сенің жолында өзімді курбан қылу мен үшін, шірін балдай, тәтті... Хасиетті кресті атап ант етем, әт-тед айтуға тілім жетпейді! Менің үш хуторым бар, әкемнің алдындағы малдың жаргысы менікі; шешемнің өзі түскенде әкелген және әкемнен жасырып жүрген казына-сының бәріде менікі! Мундай байлық бізben үзенгілес козактардың ешқайсысында жоқ, менің қылышымның тек туткасына бір топ мал, үш мың кой береді. Егер сен бір ауыз тіл катсад, не толқынды кара көзіңмен ғісін істесед, мен сол дәулеттің бәрінен безейін, тастайын, өртейін, суга батырайын! Мүмкін, мен әулекі сез сөйлеп, орынсыз, түк үйлесімсіз, қаңғырып отырған шығармын, амалым не, бар өмірімді бурсаның тәрбиесінде, Заиоро-

жъеныйд дауылды, жорықты турмысында өткіздім, корольдер, князьдер, таддамалы аксүйек рыцарьлардың жыйналатыд жеріндегі тілмен сөйлеуді мен қайдан білейін. Біздің бәріміздей емес, сен басқаша жаратылған екенідді мен көріп отырмын; барлық боярлардың әйелдері, сулу қыздары саған барабар келмейді. Біз саған кул болуғада жарамаймыз; тек аспандағы перштегер фана саған кызмет істеуге лайық».

Тадырқауы еселене түсіп, бар күшін тыңдауға жегіп, үн шығармай қыз жігіттід аңқылдалап, ыстық жүрегінен шыққан сөзін тыңдады; бұл сөздерде жас жанныд дауылдаған күші, айнаныд бетінс түскендей, айқын көрінеді; жүректің түкпірінен тулап шыққан орбір сез айтып болмастык күшке бөлентген еді. Кыздың нурлы жүзі жаинап кетті, күдірттенген шашы тасада қалды, аузын ашты, сол аузын ашқан қалпымен адрып отырды да қалды; сонсада бірдеме айтпакшы болып ыдғайланып еді, бірақ, кідіре қалды, рыцарьдың аткаар міндеті будан баска екені есіне түті; экесі, ағайыны, барлық отаны қас жауы Андрийді андып турғанын есіне алды; қаланы коршаған запорожецтер, аштық азабына қамалып өлім күшағында отырған өздері, бүкіл кала халқы көз алдына елестеді... мөлдір жас кірпігіне тола қалды; жібекпей тіккен орамалды қалтасынан жулып алып бетін жаба койды, орамал су бола қалды; сонымен қыз көркем базын кейін қайырып тастап, маржандай ақ тісімен төменгі ернін тістеп, улы жыланның шағып алғанын кенеттен сезген адамдай, тыжырынып, қабындаған қайғысын Андрий көрмесін, деп бетінен орамалын алмастан отырды.

«Маған тек бір ауыз тіл кат!» — деді де, Андрий қыздың жібек қолына жармасты. Жанасып көкенде, жарқ өткен от тула бойын улап, тамырына жайылды; уысындағы колды ол кайта-кайта толғап қыса берді.

Бірақ қыз тіл катпады, бетіндегі орамалды алмады, каткан қалпынан козғалмады.

«Сен неге мунша кайғырасың? Айтшы маған, сен неге мунша кайғырасың?»

Кыз орамалды лактырып жіберді, көзіне түскен шаштарды колымен серпіп таstadtы, сонсод ақырын ұнмен аянышты сөзді маржандай ағытты; үні зорға шыкқандай, тымық жел сулу кеште әдеппен көтеріліп, судың жағасындағы камыстың бастарын еппен қозғайтын, сыйбырлап, сусылдал, біргіндеп ыңғысан дыбыс болып есетін; тоқтаған жолаушы кулағын сальш, ынжырғасы түсіп тыңдайтын; сөніп бара жаткан кеш, егін даласынан келе жатқан журттың айтқад екпіндеген әні, әлдекайда өтіп бара жатқан арбаның тәртіпсіз тадқылдағаны муның бірде бірін ол сезбейтін.

«Өмірі зарлап өтуге жарадым ба мен? Мені тапқан анам бакытсыз ба? Менің мандайыма бакытсыздық душар болды ма? Мейірімсіз тағдыр, менің жендетім сенбісін? Сен менің аяғыма талайды жықтың, бүкіл шляхтардың ішінен ең жақсы дворянды да, байлығы аскан панды да, графты да, бөтен елдің барондарын да, — әйтеуір заманымызыдағы рыцарлардың ең таддаулыларын алдыма әкелдід. Колымның басын қыбырг еткізсем жеткені, алуан сулу жүзді, асыл тектілердің талайы маған жар болатын еді. Мейірімсіз тағдыр, солардың бірде-бір-вияздерін аттап өтіп менің жүрегімді жатқа, елімнің вияздерін аттап етіп менің жүрегімді жака, елімнің жауына қумарландырың. Кудыретід күшті алланың анасы, сен не үшін мені, қандай күнэм үшін, қандай ауыр қылмысым үшін еш жерге аялдатпай айдан жүрсің? Мен үнемі молшылықта, гүлденгөн сән-салтанатта өмір өткіздім; қымбатты асыл тамақпен, асыл шараптар менің тамағым еді. Соның бәріне үшін еді? Калай, соның бәрі ақыры, елдегі ед сорлы қайыршының көрметенін көріп, аштықтығд азабымен өлтуді әзірлеп пе еді? Менің мундай халге душар болғаным ғаз ба? Жанымды жолдарына ғылайырмарет құрбандықка шалатын ата, анамның аштық азабы мен өлейін деп отырғаны жетпеді ме? Ақыры өлер ал-

дымда өмірде естіп көрмеген ғашықтық зарын маған естірткенің ғой. Менің жүргегімді жігіттің жарагалағаны керек болып па еді; менің қайғылы өмірім буданда қаран болсын дедің бе, менің жас өмірім бұдан да аянышты болсын дедің бе, менің өлімім будан да жан түршігерлік болып, жан тәсілім етерде сендерді ашы үнмен қарғасын дедідер ме, мейрімсіз тағдыр, алланың хасиетті анасы күнәм болса, кеше көр!»

Сөйлеп болып тоқтағаңда, оның жүзінде үмітсіз тунғыйыққа тірелген сезімнің ізі көрінді; келбетінен құңірентген қайғының исі шыққандай болды, қайғылы қабағы, күдгірт тарткан қөзі, домалап барып бетіне катқан жасы — бәрі де бір үнмен: «бул дүниеде маған баҳыт жок!» деп түрғандай болды.

«Кулак естіп, қөз көрген жок, болуға 'мүмкін де емес» — деді Андрій: «асып туған сулу әйелдер азапка, бейнетке батып өлуі мүмкін емес, дүниедегі ең ардақты жандар ондай әйелдерді тәңірісіндей көріп, алдында, тік турып қызмет етуі керек. Жок, сен өлмейсін, өлім сенің үлесід емес, өзімнің өмірімді, өмірімдегі ед қымбаттының бәрін атап ант етемін, сен өлмейсің! Егерде жазмығш со-лай болып, күшпен де, тілекпен де, ерлікпен де кайырымсыз тағдырды қарысқан бетінен тайдыра алмасақ, — екеуміз бірге өлеміз, онда да алдымен мен елем, сенің көзіңше елем, сенің хасиетті тізене басымды сүйей отырып елем, өліп жатқан мені сенен айыруға кімнің күші жетеді?!»

«Әзінді де, мені де текке алдама, рыцарь!» деді көркем басыд ақырын шайқап қыз. «Сенің мені сүйе алмайтыныңды мен білемін, амалым бар ма білемін, мойныңда зор борыш, зор өситет тур: әкед, жолдастарың, отаның саған салмағын артуда, — ал біз сенің жауыңбыз».

«Әкені, жолдасты, отанды мен не кылам?» деді Андрій басын кайырып тастап, судғақ біткен денесін әсемдендіріп. «Егер олай дейтін болсан, менде туысқан жан жок! Жан жок, жан жок!» — деді ол бір қалыпты

дауыспен, басқаның өресі жетпейтін іске батыл кірісуге жасқанбайтын козакка ылайықты келбетпен колын сілтеп. «Менід отаным Украина, деп кім айтты? Оны маған отан қып берген кім? Отан дегеніміз жаңыда ед жакын, ең жайлыш дәрсе, маған отан сенсің? Міне менід отаным! Отанымды мен өзіммен бірге жүрегімнің тұкпірінде сақтап алып жүремін, көзім! тірі турғанда тастамаймын, оны козактар менен тартып алып көрсін! Барымның бәрін аямаймын, сатамын, күйретемін мұндай отан үшін!»

Аз уакыт қыз, тамаша статуядай, қалшыйып турып, Андрийдің көзінен көзіч алған жок, соңсад егіліп жылап коя берді; алып ушқач татсыз жүректің тіліне ерген ештемені өлшемейтін, есептемейтін, ғашықтық отын отқа бөлеген әйелдей, Андрийге жармаса түсіп, мойнынан ақша кардай ак колымен айқара қушақтап алды да едіреді. Сол уакытта кошеден трубаның, литавраның күйі және айғай үйғай естілді; бірақ, Андрий ештемені естігісі келмеді; оның сезім әлемі бетіне отты демін төккен ыстық ерінді, бетіне бұлақтай аккан қыздың мөлдір жасын кармалауда болды; басынан түсіп үкіленіп, жупар исін шашкан шашы сызылып, жарқыраған жібекімен Андрийді. торлап алды.

Әстіп турғанда куанып, жүгіре басып татар әйелі жүгіріп келді: «енді жанымыз қалды, енді жанымыз қалды!» — деп, айғайлай берді. ол, ессіз-түссыз. «Біздід әскер нан, тары, ун, бір сыпыра запорожецтерді байлады алып калаға келді». Бірақ, айқасып турған екі жас «біздікі» дегеннід кім, байланып әкелінген запорожецтер кім екеніне кулак, көңіл койғылары келмеді. Сүйіспендік сезіміне ауаланып аспанда калықтаған Андрий бетіне таянған ыстық ерінді шөп етізіп сүйіп еді, жупар исі адқығад ерін жалынды ынтамен муның сүйігін карсы алды. Жалынды еріндер шөп-шөп етісті, екі жастың жарасқад бул сүйісі адам өмірінде бірақ рет кездесетін татсыз таза сезімнің жемісі еді.

Сүйтіп бір козактың аты өшті! Бүкіл козак рыцар-

Стѣосы үшін ол тіріде болса, өлідей болды! Енді оған Запорожьены, туып өскен әкесінід үнін, тәдірі уясы шіркеуді көруі жок. Корғаймын деп қолына қураг алғандардың ішіндегі ед қайратты улын Украина да енді көре алмайды. Қарт Тарас ак шашын талдап жулып, төрдегі басын есікке сұйреген, масқаралық атка душар қылған улды берген күнді қарғап, лағнат айтады.

VII

Запорожье көші шулап, астын-үстін болып жатты. Эскердің қалайша калаға өтіп кеткенін басында ешкім біле алмады. Біраздан кейін қаланың қабырға жақ қакпасын қоршаған Переяслав курені лшыла мас екенін білісті; сондықтан жартысы қырылып, есін жыйып үлгірмей жартысы байланып жаудың қолына түскеніне таңырқауға болмайды. Айгай шумен көршілес курень оянғанша өскер қаланың қакпасына еніп, үйқысыраған қалпымен, мастықтан шала-була арылып дүрсе қоя берген запорожецтерді олардыд содғы тобы окпен жасқап тастап кете барады.

Кошевой бүкіл колды жыюға жарлық етті, бәрі жыйылып, алқа қотан турып, тыйшыгкан сод, кошевой беркін алып, былай деді: «Тұысқандар пандар, бүтін тұнде не болғанын білесіндер ғой, есіріктік неге урындырғанын көріп отырсындар ғой! Душпан бізді қандай қорлап кетті! Сендердің солдаттарың ғой сірә, арактан сыбағаны екі есе арттырғанда, естерід шықканша сіміріп-сіміріп дініңе кас мейірімсіз душпан шалбарларыңды шешіп, беттеріде түкірседе білмейсіндер ғой.

Кінэларын мойнына алып козактар темен қарап турысты; тек Незамайков куренінің атаманы Кокубенкоғана: «Сөзге қонақ бер, батько!» — деді. Кошевой сөйлегенде оның айтканына карсы шығу задда жок, алайда айтпаска болмайды, істің түрі сіз айтқандай болған жок. Сенің айыптаң айткан сөзіңің бәрі бірдей әділ емес: Егер жорыгқта, соғыста, немесе ауыр л^кумыс үстінде мас-

тыңқа салынса козактар кінәлы болар еді, онда **Оларды** өлімге буйыруға болар еді; ал, біз текке отырдық қой, қаланың алдында, қаракшыдай босқа өмір өткіздік кой. Не ораза, не христиан дінінің басқа нәпсі тыю шарасы болған жок, босқа отырған адам қалайша ішпей қоя алады? Мұның ешбір күнәсі жок. Бейеам жаткан журтқа тиісудід немен бітетінін біз міне оларға көрсетеміз. Бурында жақсылап талай рет соғымдағамыз, енді орнынан турмастай етіп сілейтеміз».

Курень атаманының сөзі козактарға унады. Олардың темен түскен ынжырғасы көтеріле бастады, көбі ықластанып бастарын изеп: «Кокубенко дурыс айтты!» — десті. Тарас Бульба жақын турған кошевоіға «Қалай деп ойлайсыд кошевой, Кокубенко дурыс айтты ғой! Буған сен не айтасын?» — деді.

«Не айтпақшымын! Мундай баланы тудырған әкенің не арманы бар, деймінде. Едсені түсіретін сөгіс сөзді айтудың онша кыйыншылығы жок, ал, басыда іс түскен адамды жасытпай, қайта куат беріп рухтандыратын сөзді айта білу ол зор данышпандық, мундай сез жүдеген адамның жүргегіне, су ішіп тыдайған атка тебінген өкшедей, тиеді. Содығнан өзімде көңілдеріңді жайладдыратын сез айтпакшы едім, Кокубенко менен бурын айтып етті!»

«Пандар, кулактарыңды салыңдар!» — деді кошевой: «корғанды алу, корғанға өрмелуу, астын үңгірлеп қазу — муның бәрі бізге жат, немістердің істейтін ісі, бул козактарға унамсыз чәрсе, мейлі тіпті жау содан әрі кетсін! Шамалап қарағанд? қалаға кірген душпаның астык көрү шамалы; оларға ерген арбаның саны көп емес; кала халқы аш, олар колына тигенді бірақ жейді; ал, аттың шөпті... мен білмеймін, әзірге аспаннан түсірмесе... Оны тек бір кудай біледі ғой; ал, олардың ксендзілері тек сөзге келгенде ғана бай. Эйтеуір ананы айт, мынаны айт, енді олар қаладан шыға алмайды. Үш топка бөлініңдер де, үш қақпаның алдындағы жолды торландар.

Ұлкөн қақпаның алдына бес курөнь, басқа қақпайлардың алдына үш куренънен тұрсын. Дядков және Корсунь куренъдері тасага қойылсын! Полковник Тарас полкымен тасада тұрсын. Тытарев пен Тымошев куренъдері көштің сд жақ бетінде сақтықта тұрсын, Щербин мен Стебликовский куренъдері сол жақ қанатта болсын! Жаудың қытығына тиу үшін тілдерің өткірлерід қатардан сайланып шығыддар! Ляхтар ақ көз ахмақ келеді, олар тілдеуді көтермейді, мүмкін олар бүгід-ак қақпадан шығып қалар. Курень атамандары куренъдерінді қарап түгендендер, кімде кімнің олқылығы болса, Переяслав куренінің қалғандарымен толыктырылсын. Тағыда бәрін қарап шығындар! Бой көтеру үшін козак бас сайын бір чаркадап арак, бір тутас наң берілсін! Бәрінде кешегі ішіп-жегендеріде тоқсындар, сонша ішіп, жегенде тұнде біреуің неғып жарылып кетпегендеріңе таң қаламын. Тағыда мынаны тапсырамын: егер арақшы жидтердің бірде бірі козакқа бір жұтым арак сатса, маңдайыңа шошқаның кулағын шегелеп, аяғын аспанға қаратып іліп қоямын! Іске кірісіддер, туыскандар! Іске!»

Кошевой осылай деп сөзін аяктады, козактардың бәрі белінен иліп тәжім етті де бөріктерін киместен өзді өзінің арбасына, кешіне тарады, бөріктерін узап шыккан сод ғада киді. Бәріде қамдана бастады, қылыштарын, палаштарын¹⁾ байқасты, капитан дәрі қабына дәрі сальп алды, арбаларын жүргізіп көріп, аттарын сайлады.

Полкына кайтып келе жатып Тарас Андрий кайда кеткен деп ойлады, бірак, қанша ойлағанмен біле алмады; басқалармен бірге оны да байлап, тұнде тұтқынға алып қетті ме? Жок, оньщ адамы Андрий емес, ол кеудесінде жаны барда жауға берілмейді.

Өлген козактардың арасында ол жок.

¹⁾ Палаш — ерте уақытта әрі шауып, әрі шашшуга қолданатын ауыр қылыш.

²⁾ Хорунжий — Польша және козак әскерінде әскердің тұзың сақтаушы.

Тарас полктың алдында ойға шомып келе жатты, біреу атын атап шақырыпта еді, ол бәрібір естіген жок — «Мен кімге керекпін?» — деді ол бір мезгілде ойынан сергіп. Қарсы алдында жид Янкель тур екен.

«Пан полковник, пан полковник!» — деді жид аптықкан, алаңғасарланған дауыспен, әлпіне қарағанда тегін сөйлейін, деп турмағандығы көрінді, «мен қалада болдым, пан полковник!»

Тарас жидке карап, оның қалаға барып үлгіргеніне тад калды. «Сені онда қандай жау жетелеп апарды?»

«Мен қазір-ак айтайын», деді Янкель: «тад атып келе жатқанда дауыс естілген сод, козактар мылтық ата бастаған сод, мен шекпенімді алдым да, үстіме киместен, қалаға л^ігре жөнелдім, асырып жедімді жолда кидім, тад сәрідегі шудың, козактардың мылтық атқад себебід білуге тырмыстым. Эскердің ед артқы тобы қалаға кіре бергенде, мен какпаға барып жеттім. Қарасам отрядтың алдында пан Хорунжий¹⁾ Гаяндovich жүр. Ол маған таныс эдам болатын, үш жылдан бері маған жұз червонецке борыштанған; несиемді сурап алуға жүрген кісідей, мен оның соңынан ере тұстім, сүйтіп бірге жанаса қалаға кірдім».

«Сен калай, қалаға кіріп, борышында да алмақшы болдыд ба?» деді Бульба: «ол сені, иттей қылып, табан аузында неғып астырмады?»

«Күдай ақы. шынында аспакшы болды», — деді жид. «Оның күтушілері мені домалантып, мойныма арқанды сала жаздал еді, бірақ мен панға жалынышымды өткіздім, борышыма қарай турайын, дедім, панға өзің уақытың келгенде бересід дедім, баска рыцарълардан несиемді жыйып алуға көмектессен, тағыда несиеге ақша беретінімді айттым; пан, мен сізге түгелімен айтайын, пан Хорунжийдың хуторы, усадьбасы, терт замогі, Шклов ағаша дейін созылған жері бола турса да, калтасында бір червонеці жоқ; ақша дегенде олда козактар секілді, — тыйынсыз жүреді. Егер Бреслав жидтері каруландыры-

маса, оның соғысқа асыншып шығарлық та түгі болмас еді. Сеймгеде¹⁾ ол ақшасы болмаған соң қатыса алмады...»

«Калада сен не бігірдің? Біздід адамдарды көрдің бе?

«Кермейінші калай, біздід адамдар онда көп. Ицка, Рахум, СамуЙло, Хайвалох; арендатор²⁾ еврей...»

«Ол иттерің курып кетсін!» — деді Тарас ашууланып. «Өзіндік жиғіншің әuletін маған несіне көлденең тартасын! Мен сенен өзіміздің запорожеңдерді сурап турмын».

«Біздід запорожеңдерді ушырата алмадым; жалғыз-ак пан Андрийді көрдім».

«Андрийді кердім дейсің бе?» — деп Бульбаның даусы қатты шығып кетті: «калайша, қай жерде кердід сен оны? Үйдің астындағы подвалда ма? Орда ма? Азапка түсіп абройы кетіп пе? Байлаулы ма екен?»

«Пан Андрийды байлауға кім бата алушы еді? Ол қазір сондай келімді рыцарь болған... құдай ақы мен танымай қалдым. Иығына жапсырганы да алтын, жедіне жапсырганы да алтын, зерталосы³⁾ да алтын, беркі де алтын, тіпті белбеуін де алтыннаткан, баріде алтын, бәріде алтын; жазғытуры бакшада түрлі кустар шыйқылдал, сайрап, шөптер жупар шашып турғанда, күн жаркырап нурын тәгуші еді ғой, Андрийда дәл сондай алтынға бөленип жарқыраған; воевода астына мінуге оған ед жасы атты беріпті; бір аттың өзі екі червон турарлық».

Бульба қарысып катты да қалды. «Жаттың сауыт-сайманын ол неге киіпті?»

«Киген себебі, ол сауыт-сайман біздікінен артық, сонсон кигенде. Олда атпен ерсіл-карсыл жүріп жур, баскаларда жүріп жур; олда үйретіп жатыр, оныда үйретіп жатыр; қазір ол Польшаның ең аскан байына уксайды».

1) Сейм — ол кездегі Польша-Литва мемлекетінің сословиялық өкілдерінен куралған мемлекет орны.

2) Орендатор — бірдемені, жалға алушы.

3) Зеркало — қеудені, арқаны қыльыш, найзадан корғайтын сауыт.

«блай істеуге оны көндірген кім?»

«Біреу оны көндіріпті, деп мен айткан жоқпын ғой. Оның өз еркімен оларға кеткенін сіз, пан, білмейсіз бе?»

«Кім кетті?»

«Пан Аддрийш?»

«Қайда кетті?»

«Ол аналардың жағына шығып кетті; ол енді басы бүкіл солардың пендесі». .

«Өтірік айтып тұрсын, шошқаның кулағы!» .

«Менің өтірік айтуыма болама? Өтірік айтатын мен ахмакпын ба? Өтірік айтып, мен өз басыма пәле іздемекшімін бе? Панның алдында өтірік айтса, жидті ит орнына дарага аса салатыныш мен білмеймін бе?»

«Сөйтіп ол, сенің ойыңша, отанды да, дінді де сатып кеткені ғой?»

«Ол бәрін сатып кетті деген сөз менің аузынан шықкан жоқ қой, мен тек оның аналар жағына шығып кеткенін айттым».

«Өтірік айтасын, жың үрған жид! Христиан жерінде мундай оқыйға болып көрген жок! Сен, ит, шатыстырып тұрсың!»

«Егер мен шатыстырысам, үйім есіз қалып, табалдырығыма шөп шықсын! Егерде шатыстырысам, көрінген кісі менің әкемнің, шешемнің, кайны енемнің, менің әкемнің ресесінің, менің шешемнің әкесін көріп балағаттап түкіретін болсын. Егер пан естігісі келсе, оның олар жағына шығып кеткең себебін де мен айтып берейін».

«Неге шығып кетті?»

«Воеводаның сулу қызы бар, құдіретің күшті кудайай! Неткен сулу ол!» Осы арада жид қолын жайыш, кезін қылыйтып, бірдеменің дәмін татып турғандай аузын қылжандастып, шамасынан келгенше қыздың сулулығын сыйпартамақ болды.

«Сулу болса бола берсін, оның не керегі бар!»

«Андрій бәрін сулу үшін істеді, сүйтті де өзі солар жағына шықтыг. Ғашық болған адам кәдімгі ұлтан сыйқ-

ты, суға салып жібітіп алған соң қалай бұкtesөң де, бүктеле береді».

Бульба шындалап-ақ ойға шомды. Дәрменсіз әйелдің де әкімдігі күшті екені, талай алуандарды әйелдің мерт қылғаны; әйел дегенде Андрийдің табиғатының азғыштығы Таразтың есіне түсті, сүйтіп ол бір жерге шегеленіп қалған адамдай калтырып қаттыда қалды.

«Пан, тыңдаңыз, мен паяға бәрінде айтамын», деді жид. «Шуды естіп, қалаға кіріп бара жатқан әскерді көрген соң, мен жілкө тізген маржан тасты ала кеттім, себебі қалада маржанға қумар суулар, дворян әйелдері бар; ал, сулу мен дворян әйелдері ішіп-жерлік түгі жоқ болсада, маржанды сатып алады ғой, деп ойладым. Хорунжының жолшылары қакпадаң өткізісімен, мен маржан сату үшін тұра воеводаның үйіде жөнелдім. Барлық жай-жағдайын татардың қызметші әйелінен сурап біліп алдым, запорожеңтерді жөніл құыш жібергенсоң неке қияр тойы болады. Пан Андрий запорожеңтерді өзі құыш жіберемін, деп уәде етті, деді».

«Ол перінің баласын сен сол жерде табан аузында неге өлтіріп тастамадың?» деп Бульба ақырды.

«Не жазырың бар, деп өлтірем? Ол аржакқа өз еркімен кетті. Оның не айыбы бар, оған онда жақсырәк, сондықтан ол кетті».

«Сен оны бетпе-бет кердід бе?»

Күдай ақы бетпе-бет кердім! Қандай тамаша жауынгер болған! Бәріненде көрнекті. Кудай деніне саулық берсін, мені көрісімен таныды; жанына жақындал барғанымда, былай деді...»

«Е, ол не айтты?»

«Оның айтқаны ма, ол әуел саусағының басымен нусқап шақырды да «Янкель!» — деді. Мен оған: «Я пан, мен Янкельмін» дедім. «Янкель, сен әкеме, ағама; козактарға, запорожеңтердің бәріне сәлем де, әке маған әке емес, аға маған аға емес, жолдас жолдас емес, бұдан былай олардың бәріменде мен соғысамын, бәріменде

соғысамын!» деп айтты, дёй.

«Өтірік айтып тұрсын, пері соққан Иуда!» — деп ақырды ашу кернеп шыдай алмаған Тарас. «Өтірік айтасын, ит! Сенід түкімбың Ғайсаныда баяғыда азаптап, ағашқа керіп шегелеген болатын, күдай карғаған, азғындар! Мен сені қазір урып өлтіремін, малғун! Көзіме көрінбей жоғал, айтпесе мен сені қазір, өлгеніндіде білмей қаласын!» Осылай деді де Тарас қылышын суыршып-ак алды. Мұның көрген жид зәресі ушып, бұлшық етсіз күшүк ши аяғының үшінен басып, зыта жөнелді. Косактардың қошінің арасымен, сонсоң жапан даламен жид мойның артына бір бурмастан кепке дейін жүтіре берді; оның мунша қашуы бекер еді, үйткені каз ашын тырнадан алуды лайық қөрмеген Тарас, оны тіпті куайын дегек ойында болған жоқ.

Әткен түнде жанында бір әйелі бар Аңдрийдің кетіп бара жатқаның көргені осы арада есіне түсіп, Тарапстың бурылданған басы темен салбырап кетті; өйткенмен мундай маскарашылық болды, өзінің туған улы дінін, жанын сатты, дегенге наңғысы келмеді.

Ақыры Тарас полкын альп, запорожецтердің өртегенінен калған бір тоғайдың ар жағына тасаға кетті. Ал, запорожецтердің аттысы да, жаяуы да үшке бөлініп, үш қакпаның алдына қарай жөнелді. Уманский, Половицкий, Каневский, Стебликовский, Незамайковский, Гургизив, Тытаревский, Тымошевский курендері бірінің артынан бірі ағылшын тартты. Жалғыз-ақ Переяслав курені болған жоқ. Ол куренъдегі козактар аракқа салыныл, жаман утылды. Біреулері байлауда жаудың қолына барған соң оянды, біреулері оянбастаң дымқыл қара жердің қушағына түсті, ал, атаман Халиб өзінің шалбарсыз, қару-саймансыз жалаңаш қалпымен ляхтардың ортасында турғанын бірақ қөрді.

Козактардың қозғалғаның каладағылар да қөрді. Бәрі корғанға қарай шубырды, барлық көрініс запорожецтердің көзіне керінді: Польшаның сулулығы бірінен бірі

басым витязьдері корғанда сал түзеп турды. Аккудай, ақ қауырсынмен жиектелген мыс бөріктер күнмен шағылышуда. Басқаларының басында төбесі жантайған қызыл, көкшіл бөріктер. Жеддері кейін тастамалы алтынмен тігілген шекпендері иыққа бос салынып, кеудеден баумен байланы салынған. Олардың қыльыш, мылтықтары да асыл заттармен жалатқан, мундайға пандар дүниені аямайтын; басқа жарак-сайман, сән-салтанаттары да мол. Ед алдында басына алтынмен тіккен қызыл бөрік киіп Будновский полковнігі тур. Полковник толық екен, беріненде сунғағырак және толығырак, асыл әттан тіккен кед шекпенде оған ерекше келбет, беріп тур. Екінші жақта бүйірдегі қақпаға жуық екінші полковник тур, ол денесі куп-ку болып солған орта бойлы адам екен; бірақ кырағы өткір қішкене көзі төгіле біткен қалыңдастыш астынан төңкеріліп, ойнакшып қарап тур; сыйдыйған жідішке қолымен нусқап, әмір-жарлықтар беріп, ол айнала қарап үйірілуде; бойы шарға болғанмен, ол соғыс ғылымын жақсабын білетіндігі көрініп тур. Оған жуығырак сорайған узын бойлы, мұрты қалыңдастыш Хорунжий тур; оның бет шырайы зәрдей олқы түскен жоқ, пан уытты шараппен, сауық-сайранға кумар болатын. Оның артында түрлі-түрлі шляхтылар тур, олардың біразы өз ақшасымен қаруланған, біреулер король қазынасымен жарактанған, кейбіреулер атадан қалған қазынаның түбінен тыйын таба алмағансон, барын кепілге салып, жидтердің ақшасын жумсап қаруланған. Санаторларға еріп даяр тамакқа ие болып жүргендерде¹⁾ аз емес еді, бұларды сенаторлар ас ішкенде кауымды-салтанатты болу үшін өздеріне ертіп жүретін, бірақ олар столдан, буфеттен күміс ыдыстарды урлап альп, сүйтіп сый көрсеткен-

1) Сенаторлардың тамакқа үелері — кедейленгеч ақсүйектер, бұлар жоғарғы дәрежелі ақсүйектерден құрылған сенаторларды қоршап, даяр тамакқа ие болатын,

нің ертеңіндегі арбаның алдына мініп, бір панның болжышысы болып кететін. Корғанға мінбелеп турған поляктардың тобында неше түрлілер бар еді. Қайсы біреуіндегі бір жутым альп ішерлік қалтасында тыйыны жок. ал соғыска дегенде тыраштанып шыға келеді.

Козактардың сабы стенеге таяуда тыйыш қана тур. Олардың ешқайсысының үстінде алтын жок; кейбір қылыш пен мылтықка жалатқан алтынның жалтылдағанын ғана көресің. Жорықка шыққанда шабыла сәнденуді козактар унатпайтын; олардың үстіндегі сауыты да, киімдері де жупыны ғана еді, қара жиекті, қара төбелі бөріктері ғана алыстан қараң-қараң ететін.

Козактардың арасынан екі козак алға қарай шыға келді. Біреуі әлі жап-жас, екіншісі мосқалырак, екеуі де сөзге өткір-ак, іске дегенде де осал емес. Охрид Наш бен Мыжыта Голокопытенко. Олардың содыдан Демид Попович шықты; бул денесі туп-тутас, Сечте ертедея аты шыққан, Андрианополь түбіндеде болған, өмірінде талай тар өткелдерді көрген адам еді; ол бір кезде отқа күйіп, Сечьке басы қарамайландып, кап-кара бальш, мұрты өртеліп келген болатын. Эйткенмен Попович кайта одалды, шашты, қалың кара мұртты қайта өсірді, ол қекесін сөзге мейлінше уста болатын.

«Сендердің әскерід бәріде жарқырап қиініпті, күші де жарқыраған киіміне сайма екен, соны білгім келеді?»

«Мен сендердің бәрінді де байлап-матаймын!» деп ақырды жоғарыдағы денесі алпамсадай полковник. «Күлдар; тірестей қару-жарактарыңды, аттарыңды беріндегер. Бірсының менің қалай байлап алғанымды көрдіңдер РОЙ? Корғанның басына байлаулы запорожецтерді альп шығыддаршы, булар көрсін!»

Корғанның басына қолдары артына қайырып, маталған запорожецтерді альп шықты; ең алдында шалбарсыз, сыртқы киімі жок, устап әкеткен қалпымен курень атаманы Хлиб келе жатыр. Өз козактарының алдында өзінің жалаңаштығынан және иттей болып, үйкыда жатып

жауға тутқын болғанынан уялыш ол темен қарады. Кайратты шашы бір түнде аппак болыпты.

«Кайғырма, Хлиб! Күтқарамыз!»—деп айғайлады оған төмендегі козактар.

«Кайғырма, досым! — деді теменнен курень атаманы Бородатый: «Жаудың жаладаш устап әкеткенине сен кінәлі емессід; кімнің басына болсада іс тусуі мүмкін; сенің абройылдыг жөндеп жауыш қиіндірмей алыш шығу олардың өзіне уят».

. «Сендер сірә, уйықтап жатқан журтқа батымды әскер-сіндер ғой!» деді Голокопытенко жоғары валға қарап.

Тура турындар, бәлем, шаштарыңды талдап кесерміз!» деп" айғайлады жоғарыдағылар.

«Олар біздің шашымызды қалайша қолы жетіп кеспек екен, соны көрсек—ай!» деді Попович ат үстінде, олардың алдында көлдененде, соңсaн өзінің адамдарына бурылыш «Мүмкін, кім біледі Ляхтардың айтқаны рас шығар; анау жуан қарын ертіп алыш шықса, өзі бәріне шеп бола алады ғой».

«Ол қалайша бәріне шеп бола алады, деп ойлайсың сен?» деді козактар Поповичтың тағыда бір кекесін сөз айтуға оқтанғанын біліп.

«Мәнісі мынадай, оның артыгаа бүкіл әскер тасаланады, ана шерміген қарыннан асып, қандай айбалтамен болсада кәр қыла алмайсың!»

Козактар карқылдап күлісті, бірсынырасы таңданғандай көпке дейін бастарын шайқап: «Ай, Попович—ай! Біреуді сөзбен шалуға дегенде сен әйтеуір!..» десті. «Әйтеуірінің» мәнісі, не екенін козактар айтқан жок.

«Стенеден кейін кетіндер, тезірек 'кейін' кетіндер!»— деді кошевой айғайлап; үйтжені ляхтар кекесін сөзге тәзе алмай, полковник шабуыл жасаддар, деп әмір еткендей болды.

Козактар аулағырақ кетісімен, қорғаннан зеңбірек тура көздел ата бастады. Қорғанның басы әбігерленіп, ақса, қалды воеводаның өзіде атка мініп қорғанға шықты.

Қакпа ашылып, әскерлер сыртқа шыға келді. Ең алдында сап түзеген салт атты сауытты гусарлар¹), оның артынан сауыт кигендер, оның артынан айбалтамен қаруланған калкан устағандар, оның артынан ылғый мыс бөрік киендер, оның артынан әрқайсысы көніліне унауынша кінген таддамалы шляхтичтер оқшаулау келе жатыр. Такаббар шляхтичтер басқалармен араласқысы келмеді, буларда команда жок, әрқайсысының жаңында күтушісі бар. Булардан кейін тары бір сап, оның артынан Хорунжий шыкты, одан кейін тағы бір, оның артынад еңгезердей полковник шыкты, ал, бойы шарға полковник барлық әскердің артынан шыкты.

«Алды-артына қаратпацдар! Қатарға турып, сап түзеуіне мүмкіндік бермендер!» — деді кошевой айғайлап: «барлық куренъдер күш косып оларды жапырыңдар! Баска какпаларды тастандар! Тытаревский курені, бүйірден тиіңдер! Дядькивский курені екінші бүйірден тисін! Кокубенко мен Палывода, артынад тиісіңдер! Астын-устін қып, бөліп-бәліп әкетіңдер!»

Козактар тус-тустан тиіспіп, үйқы-түйқы қылыш, ездеріде араласып кетті. Тіпті мылтық атуға да муршаларын келтірген жок, урыс семсер мен айбалтаға айналып кетті. Бәрі топтанып, өнерін керсету үшін әрқайсысына мүмкіншілік туды.

Демид Попович үш жай қарапайым шляхтичті түйреп тастап, дәрежелі екі шляхтыны аттан ушырып түсіріп. Міне жақсы аттар! Мундай атты мен мінсем деп кашаннан кумартулы едім'» деді. Аттарды аулак далаға аидап шығып, турған козактарға, ал деп айғай салды. Сонсоң топты жарып, тағыда аттан түсіріп кеткен шляхтичіне барып, біреуін өлтірді, екіншісінің мойнына арқанды тастап жіберіп, ердің басына байладап, даланы жара сүрретті; оның беліндегі асыл тутқалы қылышын, акша салған дорбасын сипырып алды.

1) Гусар — таңдамалы әскерлер

Кобита дейтін жас, әлуетті козак Польша әскерінің бір батырымен устасып, екеуі узак соғысты Ақыры қолмакол урысты, козак жапырып едсергендей болып өткір канжарды дәл жүргегінід басынан салды. Бірақ, өзі де аман қала алмады, отты оқ табан аузында оның шекесіде сап ете тұсті. Оны аткан атакты пандардың бірі, аталы князьдердің әuletі бір сулу, келбетті рыцарь екен. Астында кула аты, шынар талдай, тіп-тік болып шауып жүрді ол. Айта қалғандай батырлық көрсетіп жүр ол, екі запорожецті шауып, екі жарыш тастады; Федор Коржа дейтіш айбалтамен шауып қетті; талайдың басын, қолын ушырып, шекеден ағып Қобитоны да жықты.

«Міне, осымен мен күш сынасам-ау»—деді Незамайко куренінің атаманы Kokubenko. Атының басын босатыңырап жіберіп, артынан тәніп жетіп келіп, айғайлап кеп қалды, адамға бітпеген катты дауыстан, мадайындағылар бір селк етіп қалды. Лях атын бурып, бетпе-бет қарсыласпакшы болып еді, бірақ, аты бой бермеді, ақырған дауыстан шошып кетіп, бүйірге жарқ беріп еді, Kokubenko оны оғымен іліп тұсті. Отты оқ жауырынан кіріп, ол аттан жығылды. Сондада лях бола қойғысы келмеді, душпанына кайрат көрсетпекші болды, бірақ, қылышпен қосыла қулағанда қолы әлсіреп қалған екен. Ал, Kokubenko палашын кос қолдап устан, тура қаны кашып кезерген аузынан тығып кеп жіберді, палаш екі тісін ушырып түсірді, тілін қақ жарып тіліп, ауыз омыртқасын бузып өтіп, жерге суғынып кіріп кетті; сүйтіп Kokubenko оны мәдгі бакый сызды жерге жаңыштады. Өзенге шықкан гүлдей қып-қызыл дворянның ардакты қаны бүрк ете түсіп, алтын жағалы шекпенді жосадай қылды. Kokubenko оны тастай беріп өзінің Незамайковінің козактарымен бірге басқа бір топка қарай кимелей басып жәнелді.

«Ай шіркін—ай, қандай асыл киімді алмай тастап кетті—ay!»—деді де Уманский куренінің атаманы Бородатый, өз тобынан бөлініп, Kokubenko өлтіріп кеткен шляхтич

жаткан жерге қарай жөнелді. Мен өз колыммен жеті шляхтичи өлтірдім, бірак мундай асыл киімдіні көре алған жоқлың». Сөйтіп Бородатый дүниеге қызықты, еңкейіп асыл тастармен әсемдеген пышағын қынынан сурып, белінен ақша салған дорбасын алды, сап күміспен, ескерткіш ретіндегі түйіндеп ғашығының шашын салған биязыдорбаны мойнынан сыпырды. Аласурып жүрген Бородатый артынан Хорунжийдың қалай келіп қалғанын білген жок; Хорунжийды Бородатый бұған дейін екі рет аттан ушырып түсіріп, денесіне өшпестей тадбаны салған. Кулашының жетуінше қолын сілтеп, едкейіп турған Бородатыйды желкеден қылышпен шауып кеп жіберді. Козактың дүниеге қызығуы жақсы ырым емес еді. Куатты басы ушып кетті, бастан айрылған дene жалп етіп қулап, маңайды қызыл қанға бояп жатты. Козактың қайратты жаны түнеріп, ызаланып аспанга шарыктай жөнелді; алып денеден мезгілінен бұрын ажырасып кеткеніне ол өзі де таңыркады. Ерідің қасына байладап алмақ болып, Хорунжий атаманың басын көтеріп те үлгермеді, кек алушы табанда дұп келді.

Аспанда қалықтаған каршыға канатын бірнеше сілтеп жіберіп кенеттен тұра калады да атқан оқтай зымырап жолдың маңында бұғып жүрген бөденеге түседі ғой, дәл сондай болып Гарастың баласы Остап Хорунжийге төніп жетіп келіп, мойнына арканды тастап кеп жіберді. Қатты ілгешек мойнын кусыра кысканда, Хорунжийдың өзі қызыл беті бұрынғыданда қызарып кетті; жан таласыл пистолетіне жармасып атып еді, бірак, дәрменсіз калтыраған қолы тұра нусқай алмады, оқ аққула далаға кетті. Тұтқындарды байлау үшін Хорунжийдың алып жүрген жібек арқанымен өзінің колаяғын байладап, арканның бір ушын еріне іліп жіберіп, Хорунжийді даланы жара сүрей жөнелді; атамандарыда соңғы рет тағызым етіддер деп Умань куренінің козактарына айғай-салды.

Өздерінің атаманы Бородатыйдың дүние салғанын естіген соң, умандықтар урыс майданын тастап, атама-

ныңың сүйегін жылыш алды да, кімді атамаңдыққа сайлау туралы мәжіліс курды. Ақыры олар былай, деп қорытты: «Несіне мәжілістесеміз, куренъ атаманы етап сайлауға Бульбаның Остапынан лайықты кісі жок. оның бәрімізден жас екені рас, бірақ оның ақылы жасаған-нән басым».

Булай жоғары бағалағаны, зор сенім артқаны үшін Остап бәркін алып козактарға рахмет айтты; , болмаймын дәп шегіншектеген жок, соғыс уақытында дәсгүр түгендеп жатуға болмайтынын білді; сол жерден козактардың бәрін бастап урыстағы топка альш барып, өзінің бекерге сайладбағанын көрсетті. Қыймылдың тым қызып бара жатқанын байқап ляхтар жөнделіп топ куру үшін майданың екінші жақ шетіне қарай жүгірісті. Шарға бойлы полковник қакпада турған төрт жүздікке колын сілтеп қалып еді, олар козактар тобына туралап зеңбіректен ата бастады; бірақ ешкімге дарый қоймады, ол келіп козактардың урыска таңырқап турған өгіздеріне тиді. Өгіздер азан-казан болып, козактардың көшіне қарай бурыла тартты, арбаларды қыйратып, бірсынырасын таптап кетті. Тасада турған Тарас осы кезде полкымен шыға келіп өгіздердің алдын орай шапты. Айғайдан шошыған өгіздер кейін бұрылды да, ляхтардың полктарына қарай шапты, аттыларды киіп, басып-жаншып, быттыратып кетті.

«Жарайды, рахмет сендерге, өгіздер!» десті запорожецтер, «осы күнге дейін жорық қызметінде ғанә болып едіндер, еді соғыс қызметіндеде болыш көріндер!» Запорожецтер жауға жада күштін тиісті. Көп жауды қырда. Талайы ерлігін көрсетті. Метелищя, Шило, Писаренконың ағайынды екеуі, Вовтузенко, тағы талайлар. Халдарышың жаман болып бара жатқанын аңдаған ляхтар ту көтеріп, қақпаны аш, деп айғай салды. Темірмен қапталған қақпа сықырлап ашылып, қойша үйлірып, калжырап, шаң басқан салт аттыларды карсы алды. Запорожеңтердің біразы ляхтардың соңынан күшті кіру-

«**Е** ыңғайланып еді, бірак, Остап умандықтарды «аулағырақ жүріндер, пан туыскандар, дуалдан аулағырақ жүріндер! дуалға жуықтауға жарамайды!» деп токтатты. Айтқаны дұрыс екен, дуалдың жоғарғы жағында түрған полктар қолына не түссе соны жіберіп, жакындағанның бірсынырасы азайын тартты. Сол жерде кошевой келіп, Остапты мактап былай деді: «Эскерді байырғы атамандай басқаратын жааа атаман болсад осын-дай бол» деді. Бул кандай жаңа атамад екед деп жалт қараған Бульба умандықтардың алдында, аттың үстінде, бөркін белінен бір бүгіп киіп, атаман палицасы колында қасқыйып отырған Остапты корді «Қарай көр сен мынаны!» деді ол Остапқа карап, карттың көңілі бір өсіп калды, улын көтермелегені үшін умандықтарға раҳмет айтты.

Кешке қайтуға ыңғайланып, козактар тағыда кейін шегінді, ляхтар тағыда корғанның басына шықты, бірак бул жолы киімдер параланып калған еді. Талай сәнді асыл шекпендерге кан жабысып қатып, мыс бөріктерді тозаң басты.

«Неге таңынып алғансыңдар?» деп айғайлады запорожецтер оларға жерде турып.

«Мен сендерді ме!» деп айғайлады жоғарыдан тағыда жуан полковник қолындағы арқанды нұскап; тозаң басып калжыраған жауынгерлерде әлі кіжінуін қойған жок, екі жақтың өттілері бурынғы қалпымен тілменен арбасып л^атты.

Ақырында бәріде тарады Ұрыстан шаршаған біреулер дем алуға жатты; біреулер жарасына топырақ сеуіп, аузын байлау үшін жаудан тартып алған асыл киімдерді жыртып жатыр. Тышқұралтары өлгендерді жыйнап, оларға ақырғы рет қоштасып жатыр. Қабырды палашпен, айбалтамен қазып, топракты бөріктерімен, өдірлеріне салып тасып, козактардың өлігід уқыптап бір жерге жыйнап, карға құзғынға жөм болмасын, деп жас топракпен жауып салды. Ал, ляхтардың өлігін он-оннан асау ат-92

тәрдүң күйрығына байлаپ қоя беріп, айдалада аттарды бауырлай сабап күсты. Ойнактаған аттар борозданы, дөңестерді, жыраны, ағынды кешіп шапты, ляхтардың қан мен топыракқа былғанып сатпакталған өлімтіктері жерге соқтығып пәреленді. • •

бодан соң барлық куренъдер кешкі аска отырысып, сырттан келгендермен кейінгі үрім бұтакқа таусылмас әдгіме боларлық істермен ерліктерді сөз қылды. Олар кепке дейін жатпады; бәрінен көп отырған қарт Тарас болды; ол душпан жауынгерлерінің қатарында Андрий неғып болмады, деген ойға шомуда еді. Ол Иуда өз еліне карсы шығуға уялды ма, әлде, жид өтірік айтты ма, Андрий жа ауға тутқын болып қалып жүр ме? Эйелдің үйіне Андрийдің жүргегіндегі үйір екеді сол жерде есіне түсті, көңілі жүдеп кайғырып, улын ғашық отымен арбап алған поляк қызына зығырданы қайнап, қарғады. Қазір колына түссе өзіне өзі байлаған сертін орындар еді, қыздың сулулығына карамас еді; жібектей оралған қалың шашынан устаң альп, козактардың арасымен да-ланы шарлап сүйрер еді. Биік таудың ерімес мәңгі карды жамылтқы қылған қыясында, жарқылдаған нурлы кеудесі мен ишкітари жерге соқтығып, қан-қан болып, топыракқа былғанар еді. Құлдіреген сулу тәнін Тарас талқандап бөлек-бөлек қылар еді. Бірак басы жумыр пендеге алланың ертедегі күдге не дайындалп турғанын Бульбаға білу қыйын, ол маужырап қалғый бастап ақыры уйықтады. Ал, козактар кепке дейін өзара сөйлесіп жатты, күзетшілер оттың басында болып, маңайға тесе қарап, түнімен кірпік қаққан жок.

VIII

Күн сәске болмай-ақ запорожецтер алка қотан жыйналды. Козактардың жоқтығымен пайдаланып, татарлар шабуыл жасап, жерге көміп козактардың тасалап жүргендеріндегі бәрін талап, үйде қалғандардың бәрін соғым-

Дай туткынға альп, тартып алған топты малды айдап Перекопке карай бет түзеп кетті, деген Сечтен хабар келді. Максим Голодуха дейтін бір козак қана татарлардың қолынан жолда қашып күтілшіп, мырзаны шаншып өлтіріп, оның ок-дәрі салған дорбасын шешіп альп, астында татардың атыг, үсгінде татардың киімі, бір жарым күн, екі тұн қашып, астындағы атты зорықтырып, басқа атқа мініп, оны да зорықтырып, запорожецилердің Дубнаның түбінде екенін жолшыбай естіп ақыры үшінші атпен осында келіпті. Осындай іс болғанын айтуға ғана муршасы келді, неліктен болды — козактардың ескі салтымен калғандар аракты ішіп-ішіп, мас болып, мас қалпында пленге түсті ме, әскер казынасы тығылған жерді татарлар қайдан білді — булар жөнінде түк айтқан жоқ. Козак мейлінше шаршапты, ісініп кетіпті, жел мен күнге күйіп беті жарылған; келісімен мурттай ушып қулап үйіктап калды.

Мундай іс кез болғанда елді шайқап жаудың соңына бірден түсे қалып қуатын запорожецилердің әдеті болатын, жауды қалайда жолда қып жетуге тырысатын, үйткені жау қолға түспей кетсе, плен болған адамдар Кіші Азияның, Смирнаның, Крит аралының базарына түсетін, шаштары жалбыраған запорожецилердің араламаған жері болмайтын. Міне, запорожецилердің жыйдалған мәнісі осы еді. Ұлыққа иліп, атаманның әмірін тыңдау үшін емес, теңбе-тең отырып кедесу үшін жыйналысты, соңдықтан бәріде бәркін алмастан турды. «Ең әуелі, үлкендер, ақыл беріндер!» — деп айғайласты топтан. «Кошевой ақыл бер!» деп айғайласты басқалары.

Кошевойда ұлықсынбай, жупыны жолдастай, бәркін альп, сыйлағаны үшін козактарға раҳмет айтты. «Біздің арамызда жасы үлкен, дана ақылдылар көп; әйткенмен маған кезек берген сод, менің айттар ақылым мынау: уақытты босқа өткізбей, татарлардың соңына тұсу; татардың қандай адам екенін өздерінде білесіндер, талап алған қазнаны біз барғанша олар сактап отырмайды, за-

матта таратып жібереді, сонсоң ізінде таба алмайсың. Сонымен, менің ақылым: казір жөнелу. Біз мунда жегкілікті болдық. Козактардың мінезін ляхтар біледі; дін үшін шамамыздың жеткенінше кекті алдық, аш отырған каладан тұсер олжа шамалы. Сонымен, менің ақылым: казір жөнелу».

«Жөнелу!» — деген дауыс запорожецтердің куреньдерінде естіліп жатты. Мундай сөз Тарастың көділіне жаққан жок, ол акшыл кара қасын тұксуйткенде, терістіктің тікендей қырауы басқан биік таудың **бектеріне** шыккан шоқша ағаштай болып кетті.

«Жок, сенід ақылың жөн емес, кошевой» — деді ол. «Сен дурыс айтпай отырсың, ляхтар тутқынға альп кеткен біздід адамдардың мунда қалып бара жатқанын сен умыттың ба? Біз егер ед бірінші борышымызды умыттып, жолдастарымызды жаудың қолына тастап кетсек, ляхтар олардың терісід тірідей сояды, немесе денесін төртке бөліп шауьш, қала, поселкелерін аралатады рой, мундайды ляқтар гетмандарға, Украина дағы орыстың талай таңдаулы витязьдеріне істеген. Онсызда ляхтардың біздідің дінімізді, шіркеуімізді келемеждеуі аз ба? Біз кімбіз? — деп сұрағым келеді бәріңнен, таршылықта жолдасын тастап кеткен, иттей кып жаудың қолында, жат жерде қалдырып кеткен козакта **қандай** хасиет бар? Козактың намысын түкке санамай, аппак сақалына қарамай балағат сөзбен әркім сыбап беру салт болатын болса, меніде ешкім сөгө алмас. Жалғыз осында қаламын».

Тұрған запорожецтер толқый бастады.

«Татарлардың қолындағыларда біздің **жолдасымыз** екенін сен умыттың ба, батыр полковник» — деді кошевой: «Егер казір біз оларды қутқарып алмасақ, оларды дінсіздерге емірлік құлдыққа сатады, христианның қанын төгіп тапкан казна атаулы да олардың қолында кетіп бара жатканын умыттың ба?»

Козактар ойға батты, не айтарын **білмеді**. Ешқайсысы

Да жаман атка калғысы келмеді. Сүйтіп аңырып турғанда Касьян Боврюг дейтін Запорожье әскерінің ішінде ең жасы үлкені топтың алдына шыкты. Оны козак атаулының бәріде қадірлейтін еді; екі рет кошевой болып та сайланған, соғыстада аты шыккан козак болатын, бірақ едкейіп қартайғандықтан жорыққа көптен бері катынаспаған, жүртқа ақыл берімпаздықты да жаратпайтын, тек күрделі оқыйға, козактардың жорығы туралы әдгіме тыңдал, алқа қотан отырған запорожецтердің ортасында жата беруді сүйетін. Олардың сөзіне араласпайтын, тек тыңдаумед ғана болып, саусағы мен аузынан тастамайтын қысқа қорқорының қоламтасын басыңдырап коятын да, көзді жұмыш тәмен қарап узак уақыт отыратын, ол уйыктап отыр ма, болмаса әлі күнге дейін тыңдал отыр ма, муны козактар тіпті айыра алмайтын. Талай жорыққа аттанысканда ол үйде қалатын, тек осы жолы ғана қарт желікті. Козактардың мінезін істеп колды сілтеп жіберіп, былай деді: «Кайдан шыкса одан шықсын! Менде барам, казачествоның бірдемесіне жарап кетермін!» Қазір ол топтың алдына шыққанда, бүкіл козактар тына қалды, көптен бері оның сөзін естіп көргендегі жок еді. Бовдюгтід не айтатының әрқайсысының-ақ естігісі келіп еді.

«Мағанда сез айтуға кезек келді, пан туыскандар!» деп бастады ол. «Карттың сөзінде тыңдал көріндегі балалар. Кошевой дана ақыл айтты, әскердің басын, асыл қазнаны қорғайтын козак әскерінің бастығы болғандықтан оның айтуды дұрыс, будан данарап ақыл табу мүмкін емес. Әдгіме мынадай: бул мәнің бірінші сезім болсын! Менід екінші сезім не айттар екен, енді соны тыңдал көрідер. Екінші сезімнің айтпағы мынау: Полковник Тараста зор шындықты айтты, тек тәдірім өған узак емір берсін, мундай полковнигердің Украинада саны арта берсін! Козактардың бірінші борышы, бірінші абройы — жолдастықты сактау. Мен қанша өмір сүріп келемін, бірак сол жастың ішінде козак өз жолдасын тар кешуде

тастап кетті, не опасыздық істеп сатып жіберді, **дегенді** өмірімде естіп көрген жокпын, пандар-туыскандар. Татарға тутқын болғандар да, мундағы плендер де біздің жолдастарымыз — көп пе, аз ба — оның бәрібір, бәрі жолдасымыз, бәрі де бізге қадірлі. Сонымен менің айтарым мынау: татарлар устап әкеткен адам кімге жакынрық және қымбатты бўлса, ол татауды кууға **жорыққа** аттансын; ляхтар пленге алғандарды артық қадірлеп тастап кеткісі келмейтіндер — осында қалсын. Татарларды куатыядармен бірге бару кошевойдьың борышы; ал, мунда қалатындар өздеріне наказдық атаманды сайлап алсын. Аксакалдың сөзін елтипатка алсандар, наказдық атаман болуға Тарас Бульбадан басқа лайық адам жоқ. Батырлық, ерлікке біздің ішімізде оған пар келеріміз жоқ».

Бовдюг осыны айтты да сөзін аяқтады, қарттың мундай ақыл тапканына козактар қуанып қалды. Бәрідебөріктерін аспанға лактырып, айғайласты: «Рахмет, саған, батько! Үндемей отырып-отырып, узак уақыт тіл катпай, ақыры айтып бердің, жорыкка әзірленіп жатқанда, козачествоның бір пайдасына асармын, деп тегін айткан жоқ екенсің, ақыры солай болып шықты».

«Калай, осы айтканды макұлдайсындар ма?» — деді кошевой.

Бәрімізде макұлдаймыз! — деп айғайлады **козактар**.

«Олай болса, рада¹⁾ аяқталады ғой?»

«Рада аяқталды!» — деп айғайлады козактар.

«Ал, енді, балаларым, әскери буйрықты тыңдаңдар», деді кошевой өзі алға шығып басына бөркін²⁾ киді, ал, самсал турған запорожецтер бөріктерін алдып, жалаңбас қалпымен, темен карады да турды, улық адам сөз сейлегенде со лай істейтін олардың әдеті еді. «Пандар-туыскандар! Енді бөлініңдер! Кім жорыкка шыққысы келсе, он жаққа шықсын, қаламын деушілер сол **жаққа шық-**

¹⁾ Рада — овеет, **көңес**,

сын, куреньнің көпшілігі қай жағына шықса, сол жаққа атаманда шығады; бөлінгенде өте азайыш қалғандар баска куреньге косылсын».

Біреулер одға, біреулер солға шығыш жатты. Куреньнің көпшілігі шыккан жакка курень атаманы да шықты, куреньнен қалған аз-мұздар басқа куреньге косылды; ақыры екі жақтың саны карапас-ақ болды. Қалғысы келгендер, Незамайковский курені түгелінен дерлік, Поповичевский куренінің дені, Уманский курені түгелімен, Каневский курені түгелімен, Стебликовский куренінің дені, Тымошевский куренінің жартысынан қебірегі. Баскасның бәріде татарды кууға баруға күштарлығын білдірді. Екі жакта да кайратты, батыл козактар көп еді. Татарлардың сонынан барамыз дегендердің ішінде Череватый бар еді, Покотыполе дейтін әлуетті карт козак, Лемиш, Прокопович Хомалар да бар еді; Демид Попович те сол жаққа шықты, үйткені ол ете кызу мінезді козак еді, бір жерде сарылып отыра беруге шыдамайтын, ляхтармен ол айқасып көрді, енді татарлармен байқасып - көріci келді. Куреньдерді бастаған Ностюган, Покрышка, Невылычкий тағы солар секілді күші мол, аяулы козактар татарлармен айқасып альш кеуде мен ак семсердің күшін сынамакшы болды. Қалмақшы болғандардың ішінде талай жақсы, қайраты асқан козактар¹ бар еді, курень бастықтары Демытрович, Кукубенко, Вертыхвист, Балабан, Бульбенко, Остап. Булардан басқада талай байсалды, кайраты мол козактар барда, олар Вовтузенко, Черевыченко, Степан Гуска, Охрим Гуска, Микола Густый, Задорожний, Метелиця, Иван Закрутыйгуба, Мосий Шило, Дегтяренко, Сыдоренко, Писаренко; тағы басқа Пысаренко және тағы бір Пысаренко — осылар сияқты өлденеше жақсы козактар бар еді. Бәріде журіп төселіп, аңы мен тущыны таткандар; булар Анатолий жағасын, Кырымның аңылы даласын талай кезді, Днепрге куятын үлкен, кішілі өзен атаулыны, Днепрдің шығанактары мен аралдарын талай рет шольды; Молдавияның, Волошия-

ңың¹), Түріктердің жеріндеге болды; қозактардың қоғас еспелі қайығымен бүкіл Қара теңізді шарлады; елу қайықпен топталып қазынасы көп асқар биік кемеге шабуыл жасады; бұлардың қолынан су түбіне кеткен түріктід галерлерініңде²) саны аз емес; бұлардың өмір сапарында атқан оқ дәрісінің саны ушан тедіз; қамка мен торғынды олар сан рет жыртып, шылғау мен ултаракқа жумсады; шалбарының бауына байлаған дорбаларын талай-талай сап акшамен сыйқады. Баска журттың өмірлік шығынына жететін канша мұлікті олар арақпен, сайран-сауыққада салды; оның есебіне тіпті Гадамның мыйы жетпейді. Бәрінде козактың дәстүрімен істейтін, бүкіл журтты конак қылыш, музыка жалдап, жыйылған жанның бәрін шаттандырудың камын істейтін. Кезірде қазып жерге тыққан қазнасы жоғы олардың ішінде аз, күміс кружка, ожау, күміс білезіктер Днепр аралдарының қамысының астында, мұның бәрін бейғам жатқанда Сечьке жау шауып, ойла маған жерден апатка кез бола қалған күнде, асыл мұлік татардың колына түсіп кетпесін, деп істейді; оны табу татарға қыйын, тіпті иесінің өзіде дай жерге тыққанынан жаңыла бастады. Кадірлі жолдастары мен хасиетті дін үшін ляхтардан кек алуға калған козактар, міне осындей еді! Қарт козак Бовдюг та солармен бірге калмакшы болыш мынаны айтты: «Татарды куатын кезеднен менің жасым асып кетті; ал, мунда козакка бұйырған өлімді күтіп алуға жағдай бар. Егер емір шегіне жететін күн болса, жанымды киелі христиан ісін корғаудағы соғыс жолында ал, деп құдайдан мен көптен тілеулімін. Акыры солай болар деймін. Қарт козакқа будан ардакты ажал болмайды».

Курень-куренъ болыш, екі жакка жарылып турып болтан сод, кошевой саптың арасын аралап, мынаны айтты:

¹) Волошин — Валахия.

²) Галера — ертедегі еспелі кеме, «сүші сотталған қылмыс-тылар, пландер, кулдар болған.

**«Қалай, пандар-туысқандар, екі жақ бір-біріңе ғыйза-
сындар ма?»**

«Бәріміз да ғыйзамыз; **батько!** — деп жауап кайырды
козактар.

«Олай болса, сүйісіддер. қоштасындар, бір күдай бол-
маса, кім біледі, едді қайтып бірінді бірід көре аламысыд?
Атамандарыңа бойсунылдар; істейтін істерің өздеріңе
белгілі — козактық борыштарылды актау ғой».

Топтанып турған көп козак бірі бірімен сүйісті. Сүйі-
суді атамандар бастап, бурылданған мұрттарын қолдары-
мен сылап, айқыш-үйқыш сүйісті, сонсада қолдасып, кол-
дарын қысысып турды, «калай пандар-туысқандар, енді
бір бірімізді көре аламыз ба?» деп суралысы келіп, бі-
рак, суралады, тіл қатпай күміс шаштының екеуі де ойға
кетті. Екі жақтыңда жумысы көп болатынын біліп, ко-
зактар коштасты, бірак сол сағатта айрылысып кетіскең
жок, козак әскеріңің кемігенін жау көрмесін, деп бөлі-
нуді тұн қараңғысы тұсуге қалдырды. Қоштасып болған
сод әркім өзінің куреніне түскі ас ішуге тарады.

Асған кейін жол жүретіндер тынығуға жатып, мундай
кедішлікте уйыктау енді бола бермейтінін білгендей, узак
уақыт түшіркеніп уйыктады. Күн уясына батканға дейін
үйқыда болды; күн қонысына қонып, кара көлеңке болы-
сымен арба майлауга кірісті. Майлап болғансон, алдымен
арбаны жіберді, өздері беріктерін алып жолдастарымен
тағыда коштасып, тым-тырыс арбаның артынан жөнелісті,
аттылар да тап-туйнактай болып, айғай-уйғайсыз,
бұлк-булк жортып жаяулардың артынан жүрді; біраздан
кейін бәріде қараңғыға сүдгіп, көрінбей кетті. Анда-сан-
да тек аттың дүбірімен жүріп кызыбаған не майланбаған
доңғалактың шыйкылы естіледі.

Көзге керінбей кеткеніне карамастан калып бара жат-
кан жолдастары оларға копке дейін колдарын сілтесіп
турды. Кайрылып өзді-өзінің орнына кайткан sod, жайна-
ған жулдыздың жарығымен арбалардың тед жарымы
орнында жоқтығын, талайлардың кетіп қалғандығын көр-
100

гендө, әрқайсысының-ак жүрегі жабыркады, тентек бас бастарын темен салып әркім ойға шомды.

Козактардың тұстери жабыркағанын, ер жігітке лайыксыз уайым деген шіркіннің біртіндеп колды торлай бастағанын Тарас көрді; бірак, ол үндемеді, жолдастарынан айрылғандықтан туган уайымғада бірсыныра еттері үйренсін деді; козактардың белгілі салтымен дауыстап дالыш бәрінде бірден әсергілтүге Тарас ақырын ғана дайындалды; тосыркаған куат әрқайсысының денесіде кенет оралып, елед етсін деп ойлады, түнеріп баскан кайғыдан тулап шығып, денесіне тулаған кайрат жыйнау тек славян әuletінің ғана қолынан келеді, үйткені, баска елдер саяз сулы өзен болса, ол тұпсіз теңізі сыйқты, улан байтақ, айбынды әulet. Заман дзуылды болса, о да құркіреп, құніреніп, толқыны иіріліп тулайды. мұны істеу дәрмансіз өзеннің әлінен келмейді. Жел басылып, құнтына К?лса, ол өзінің шыныдай бетің, нуры төгілген келбетін баска өзендерден әлдекайда айқынырак керсете алады.

Тарас өзінің күтүшілеріне оқшаулау турған бір жұкті арбаны шештірді. Ол арба козактардың көшінің ішіндегі ед үлкен лоне толығы еді; жалпақ табанды донғалағы қабаттама темірмен курсауланған болатын; оған жұқ, көп артылып, үстінен атжабумен, өгіздің терісімен жабылып, смолаланған арканмен ныктап байланған. Арбадағы бочке мен кутыларда Тарастың погребінде көптен бері сакталған тамаша арақ-шарап бар еді. Ұлы кезед туда калса, кейінгі үрім-бутакка үлгі боларлық іс душар болса, козактардың басбасына татуыча кадірлі шарап жететін болсын; улы кезедде ол шарапты ішіп әркімнің бойын улы сезім кернесін, деп Тарас әдейі бір мерекелі мерзімге арнап сактап еді. Полковниктің жарлығын естігенсоң, күтүшілер арбаны ортаға алды, палашпен мыкты арканды қыйды, егіз терісі қалың былғарыларды, атжабуларды үстінен сыптырып, куты мен бочкаларды арбадан түсірді.

«Ал, бәрілде алыддар», деді Тарас. «осындағы барың түгелідмен қолыңца қандай ыдыс түссе сонымен алың-

дар, — ожау болсын, ат суаратын жаулау болсын, биялай болсын бәрік болсын — бәрі бір, тіпті ештеме таппағандарыд, кос алақандарыңды тоса қойындар».

Сүйтіп козак атаулы бірі калмай ожауы бары ожаумен, ат суаратын жаулауы бары л^аулаумен, біреу биялайымен, біреу бөркімен, біреулер қосарлап алақанында тосып шараптан алысты. Таастыд күтушілері журттың арасына аралап, бәріне куты мен бочкедед куйды. Жапа-тармағай ішү үшін бәріне белгі бермейінше, ешқайсың ішпей тұра турындар деді Тарас. Оның бірдеме айтуға ойланғаны белгілі болды. Қөлтен турған жаксы шарап мейлінше күшті, оны ішкен адамның рухы көтеріледі, дегенмен оның үстіне лайықты сөз жамалса, шарап пен рух екі есе қуаттанатынын Тарас жаксы білетін.

«Мен сендерді, пандар-туыскандар, шараппен сыйлаштырмын» деді Тарас: «атаман сайлауларың — меді' зор көтергендіктерің, сондада бул сый өған арналған жок, жолдастармен қоштасу курметінеде арнамаймын, әрине баска жағдайда соның қайсысына арнасадда, жарасар еді, бірак, бул оны істейтін кезең емес. Біздід алдымызда козактардың аңы терге батыш, асқан ерлік істейтін алуанісі тур! Сонымен, жолдастар, алдымен езгі христиан діні үшін, бүкіл әлемге бір езгі дін тарап,. бусурмандарда христиан дініне көшетін заман тусын! — деп ішейік! Бәріміз жапа тармағай Сечьке арнап ішейік, бүкіл бусурман атаулыны жұрту үшін ол узак жасасын, одан бірінен бірі басым, бірінен бірі артықерлер шықсын, деп ішейік. Күрт көтеріп бәріміз өзімізге арнап ішейік, кейінгі уртап, кайратты аталарымыз өтіпті, заманында еліне уят келтірмепті, жақының жауға бермепті, — деп айтарлықтай іс ету үшін ішейік! Сонымен, пандар-туыскандар, дін үшін, дін үшін!»

«Дін үшін!» — деп маңайында турғандар дауыс косып күрілдеп кетті. «Дін үшін!» деп аулағырак турғандар да қостап алыш жөнелді — жас пен кәрі, азы-көбі сүйтіп дінге арнап, дем қосып ішісті.

Тарас «Сечь үшін!» — деп, кольта **ағсанға көтерді**.

«Сечь үшін» — деген дауыстар алдыңғы жактан косыла кетті. «Сечь үшін» деді кәрілер **акшыл мурттарын** бұлқылдетіп жас туйғышдай серпіліп, жастарда оларға косыла: «Сечь үшін!» — деді. Козактардың Сечті калай мадактаң жатканын аулактағы далада естіп жатты.

«Енді, ақырғы бір жұтым жолдастар ардақты **атак үшін** және жер жүзіндегі барлық христиандар үшін!»

Даладағы барлық козак ожаудағы соңғы жұтымды енді жер жүзіндегі христиандар үшін жұтып салды. Топтың ішінде, куренъдердің арасында: «жер. жүзіндегі барлық христиандар үшін!» деген дауыс кепке дейін **басылмай** турды.

Үңдыстың түбінде алдакашад түк калмасада, козактар кепке дейін қолдарын **көтерген** кальптарымен турды; шараптың күшімен көздері жайнағанмен, әрқайсысы терец ойда еді. Олар қазір олжа туралы, соғыстың жүлдесі туралы, кімнің бағына көп ақша, **асы** мылтық, таза шекпен, черкес аттары кездесер екен, деп ойлаған жок; олардың ойы тау басында отырып бәрін керген қыраның ойы реуішті, биік таудың тік кыялы биік таудың басындағы қыранға аулактағы шексіз тедіз, оның үстіндегі қыбырларған усак кустар, галерлер, кемелер, **аулакта** көкшілденіп кемерленген теңіздің жары, жағада шіркейдегі елестеген калалар, алса шөптей жапырайған ормандар—бәріде көрінеді. Қоршаған дала мен **болашақ тағдырларына** олар қырағы қырандай көз жіберуде. Я, тың жатқад шексіз далаға олардың сүйегі шашылады, дірілдеп акқан қызыл қаны сел болып куйылады, сынған арба, қыйраған қыльшы, айбалтадан **аяқ** алып жүргісіз болады; одан әрі канға батып катпарланыға, мурты тәмен салбырап шаштары жалбыраған бастар жатады; **үймелетен** бүркіттер козактардың көзін **шоқыйды**. Эйткенмен мына шексіз, еркін жаткан тұнек алаканына сальга өлімін тосып турсада жаксы-ау! Козактардың аты-шұлы **ісінің** бірде бірі елмек емес, козактардың **даңқыда**, **мылтық**

дөрісінің үнтағындай болсада, мәңгі бакый сакталады. Ак күмістей, аксақалы кеудесін жапкан карт, немесе сақал шашы аппак болғанмен кайраты толық көрия жыр маржаның тізіп, козактар туралы салмағы ауыр талай-талай сырлы сезді айтар. Олардың даңқы лапырып, әлем. ге тарайды, кейінгі туған урпак сан рет таңданып женес етер; үйткені сырлы сөз, таддаулы мыстан құйған кодырау секілді; күдірнген кодырау даусы калаға, лашыққа, шатырға естіліп, журттың бәрін хасиетті дуға окуға калай үндесе, сырлы сезді әсері де халыққа сондай.

IX

Запорожецтердің жартысы тағарларды кууға аттанранын қалада бір жан білген жоқ. Арбалардың бірсынырасы орманның тасасына түсे бергенін Магистрат мунарасында турғандардың көзі ғана шалып қалыпты; бірак, оны козактар тасаға күш койып жаткан шыгар; деп ойлапты; француз инженері де¹⁾ солай, деп уғыныпты; акыры кошевойдың айтканы келіп, қалада ішіп-жейтін азық таусылыпты, өткен ғасырлардың 'салтымен канша азық көректігін әскер есептемепті. Сыртка шықпак болып талаптанған жүректілердің жартысын козактар табаң аузында қырып салып, жартысы түк бітірмей кейін калаға қашады. Сол шыға беріп қайтқаның өзінде жидтер бәрінде иіс-көп біліп қалыпты, запорожецтердің кайда және не максатпен кеткенін, оларды қандай әскер бастықтары бастағанын, кай куренъдердің кеткенін канша адам екенин, қалғандардың санын, не істемекке талапта нып жатқанын — бәрінде бүкіл 'кала бірнеше минуттан кейін біліп болды. Полковниктердің едесі қөтеріліп, урыска шығуға дайындалды. Қаладағы

1) Француз инженері — ол кезде каланы қоршау, каланы айкала қорған соғу жұмысында француздардың өнері жоғарғы сатыда деп саналатын. Сондықтан Польша, Литва, Москва үкметтері француз инженерлерін җалдайтын.

шу мем жүріс-тұрыстың жиіленуінен муны Тарас Та сезіп асығыс қам жасады, сапты түзеді, буйрық, жарлыктар берді, күренъдерді үш табор қып койып, төніректерін арбамен коршатты, мундай жағдайдағы урыста запорожецтер ешуақыпта алдырмайтын; екі куренъге тасаға бар, деп әмір етті; даланың бірсыныра жеріне істіктеп казық, сынған қару-жаракты, айбалтаны шанышқызып, бөгет жасаткызып, ыңғайы келсе, жаудың атты әскерін сонда ығыстырмак болды. Бәрін жабдықтап бітіргеннен кейін козактарға сөз сәйледі; ондағы максаты козактарға жел беру емес еді, онсызда козактардың жүрегі нық екенин өзі жаксы білетін; әншнейін өзінің жүрегіне топталған сөздерді сыртка шыгармақ болды.

«Пандар, мен сіздерге біздің ынтымағымыздың кандай мәні барын айткым келеді. Еліміздің кандай аруакты болғанын аталарымыздан, әкелерімізден біз естіп қандық; біздің ел өзінің кім екенін гректерге де білдірген, Царьградтан да алым альп турған. Калалары, храмдары¹⁾ салтанатты, князьдері, князь болғанда католиктердің шала діңділері емес, өзіміздің орыс князьдері міз айбатты болған. Бусурмандар бәрінде алған, бірак, біріде турактаған жок; айнымай калған тек біз, бізben бірге толқымай, қайратты байдан калған жесірдей төзген, біздің туып, өскен жеріміз! Міне, сондай жағдайда бір бірімізге кол созысып, ынтымактастық, біздің жолдастығымыздың іргесі солай қалачган! Жолдастық ынтымактан күшті жакындық жок. Экеде баласын жаксы көреді, шешеде баласын жаксы көреді, балада әкесі мен шешесін жаксы қөреді. Бірак, мұның бәрі жолдастық сүйіспен-шілікке пар келмейді, үйткені ад да баласын жек көрмейді ғой! Қанмен емес жүрекпен жанасын, туыс-ағайын-дас болу адамның ғана қолынан келеді. Баска жерлерде жолдастық-ынтымактар болған, бірак, бірде-бірі орыс жеріндегідей дәрежеге жеткен жок. Сендердің та-

1) Храм — шіркеудің улкені.

лайың жат елде тентіреп қөрдіңдер, ондада ел бар, жүрт бар! Оларда құдайдың пендесі, адамдай сейлесе аласын; ал, жүрек сырын талдап келгенде, олар ойдағыдай болып шықпайды! Ақылдары мол, бірақ ойдағыдай емес, өзіміздей адам, бірақ, біздей бола алмайды, акылы мен бойда барымен сүйеді, бірақ козактікіндегі емес, не...» деді де Тарас колды сілтеп, ақ шашты басын шайқап, муртын бұлқілдетіп мынаны айтты: «Жок, козактардай ешкімде сүйе алмайды! Біздің жерденде азғындар шыға бастады, маялаған егін, топтаған мал, погреб толған тығындаулы арак-шарап болса екен деп қана қыялдаумен болатындар бар; адамның түсіне енбейтін, бусурмандардың қай-кайдағы салтын еліктейді, өз тілін қорлайды; туыскан-туыскан мен сөйлескісі келмейді, базарда жансыз. Қоң-қоқырды сатқандай кып, ағайын-ағайынды сатып жіберетід де міnez шықты. Сары шашты басы мен бетіңе соғып турсада бөтен елдің королінің жылуширағаны, тіпті король емес Польшаның одбаған магнатының¹⁾ жылуширағаны, ол азғындарға жолдастық ынтымактан артық көрінеді, жаттың аяғына жығылып кір-кір болып күйеге былғанып жатқан мен сондай бузыктардың да туыскандар, орыс қанының журнағы бар; күддердің күні болғанда оларда колымен кармалап етегін табады; сонда өкінгеннен бастарын устап, онбай өткен өмірлеріне Лағнат айтады, айыптарын азаппен актауға жан-тәнімен дайын болады. Мейлі орыс жеріндегі жолдастық ынтымактың қандай екенід барлық жүрт білетін болсын. Тіпті мерт болып өлімге ушираған басқа ешкімде орыстай болып еле алмайды! Ешкімде, ешкімде! Олай істеуте тышкандай қораш болғандықтан . олардың шамасы келмейді!»

Атаман осылай деді, сөзін аяқтасада козактарды желпіндіретін міnezін істеп, кепке дейін басын жулындыруды коймады; коршап турғандардың мыда толқынды сез бә-

1) Магнат — ірі помещик — жер иесі.

рінік көділіне конып, сүйектерін шымырлатты; топтағы ең кәрілер де ақша басын темен салып, тапжылмай турысты; қарттардың көзінен іркілген жас домалады, жеңдерімен акырынан ғана көздерін сұртіп, сонсада бәрі, «әу» дескендей, жапа-тармағай колдарын сілтеп, бастарын жулындырды. Сірә карт Тарас әркайсысынан жүргіндегі шерді қозғаған болу керек; әркімнің кеудесінде қайғының, еңбектің, ерліктің, өмірдің сум сүрлеуінің тұнбасындағы болып уялаған ой жатады ғой; оддай кальш оңы-солын әлі тадып болмаған, жастықтың базарын сайрандалап, қарт ата-анаға куаныш гүлін шашып жүрген жастардада бар.

Осы кезде литавра мен трубаларын ғүрілдетіп қаладан әскер де шыға бастады; сансыз көгерлердің қоршауында, колдарында мықындарына таянып пандар да шығып жатыр. Жуан полковник буйрык беріп жатыр. Айбат шегіп, пищальдерін усына, көздері, оттана, жайнап, сауыт-саймандары жаркырап поляктар козактардың таборына төне түйілді. Жау оқ жетер жерге келген кезде, козактар әу десіп пищальдан окты жаудырды, сонымен пищаль үні тынған жоқ, атыла берді. Мылтықтың курсілі жапан гүзді, сай-саланы бойлап, аулакқа жайылды; тізбектеліп үздіксіз гуге айналды; мылтықтың тұтіні бүкіл далыны коршады, ал, запорожецтер тынбастан ата берді; кейінгілер мылтықты салап, алдыңғыларға бере берді, бұл сырды білмеген жау козактар мылтықтарын октамастан калай ата берді, деп тадданды. Туманданған тұтін жауынгерлерді де торлаған болатын, сондыктан біртіндеп оққа ушып, қатардың сиреп жатқанын ешкім байқай алған жоқ; ал, ляхтар октың ушуы жиілей түскенін жеріп, урыс кызыш бара жатыр, деп шамалады; ал, тутіннен' аулак кету және жан-жакты абайлау максатымен кейін шегінген мезгілде талайдың дүние салғанын бірак білді; козактардың шығыны онша емес — жүзден екі-үш адам ғана болды. Козактар пищальдеріне бір минут тыным бермей, үсті-үстіне ғұрс-ғұрс атып жатты. Мундай, өмір-

де кездеспеген тактиканы көріп тіпті жат ел инженерінід өзі де тадыркап, сол арада былай деді: «Міне., кайтпас ерлер, запорожецтер! Басқаларда жат жерде міне осылардай соғысатын болулары керек!» Ол поляктарға зеңбіректің аузын таборға туралап атындар, деп ақыл берді. Шойын зedbіректер кед алқымын гұрс еткізіп, күрсіне демін алды; жайылып жаткан кед дала тітіренді, коймалжың тұтін атырапты түгелімен торлай тұсті. Жұықтағы және аулактағы калалардың аладдары мед көшесіндегілергеде дәрінің исі білінді. Бірақ көздегендер нысананы тым жоғары алды; зеңбіректің кызып алған сүмбісі биікке серпіп кетті; ауа адам шошырлық болып ызыд-ызыд етті, зеңбіректің топтары табордың үстінен өтіп, топыракты қопарып, аспанға бурқыратып, аулакқа барып лерге кіріп көмілді. Мундай ора-шолақтыққа ызланып француз инженері шашын жулып, козактардың окты үсті-үстіне жаудырып жатқанына карамастан, зedbіректі нысанана өзі дәлдеуге кірісті.

Незамайковский және Стебликовский күренъдеріне кыйын согатынын Тара? аулактан-ак көріп, айғайды салды, «арбаның тасасынан аулак кетіддер, әркайсыд аттарыңа мініңдер!». Козактар ештеме істеп үлгіре алмайтын еді, дес бергенде Остап жау жасағының тобының ортасына оқы дәлдеп жіберіп", алты зedbірекшінің білтелерін ушырып тұсірді, тек төртеуінікін тұсіруге муршасы келмеді, үйткені ляхтар оны кері құды. Булар ссылай алдаңып жағканда жат ел капитаны бул күнге дейін козактар ушыратып көрмеген ед зор зеңбіректен жіберу ниеімен білтені өз колына алды Ол зedbіректід үдірейген аузынан адам шошығандай, мылдағад өлім аранын ашып турған сыйкты. Ол гұрс етіп атылды, оның аяғын ілешала басқа үш зedbіректе атылды, осы терт рет ұтылған зеңбірек жерді тітіретіп, талай бұлікті жасады. Мұның салдарынан талай карт ана таралған колымен ашад маңдайын сабалап баласын жоктайды; Глухов та, Немироз те, Чернигов те, тағы басқа жерлерде талай арулар же-

сір калады. Тұлаған жас жүректі келіншек күй сайын базарға жүгіріп шығып, өткен-кеткеннің етегін қармап, көзіне көзін тігіп, ішінде көзіне оттай ушырар лұзі игірегі бар ма, деп қарайтын болады; бірақ, сансыз әскер қаланы басып өтіп жатсада, ол өзінің сүйіктісін енді кайтып ушырата алмайды.

Сөйтіп Незамайковский куренінді жартысы көздең ғайып болғандай болды, Жайқальп піскен егіннің басыдай майысып турған шөпті үдей соккан бұршак жусатып салушы еді ғой, Незамайковский куреніде солай кыйрады.

Козак атаулының зығырданы кайнады. Бәріде терісіне сыймады. Куренінді тед жарымы жусап қалғаның көрген курень атаманы Kokubenko ашуға бұлықты. Незамайковскийлердің қалғанын жаңына ертіп алып, жаудың тобына түйіліп араласып кеп кетті, ашу кернеп кез келген жауды, капустадай турады, талайларды аттан ушырды, аттыларды атымен коса түйреді; зеңбірекшілерге жетіп барып, біреуін жайратты; бул кезде уман куренің атаманы мен Степан Гуско да ед бас зеңбіректің маңындағыларды талқандап жатқанын көрді. Ол козактарға кулашын жазуға мүмкіндік беріп Kokubenko жасағымен бірге екінші жаққа бет бурды, тагы бір қалың топқа тиісп еді, жапырыльп, Незамайковтіктердің жүрген жерлері көше болып кала беретін болды. Бұрылған жері — переулок! Ляхтардың сабы сиреп, орған, баудай отальп жатқаны бірден-ак көзге түсті. Ал, арбаның нақ жаңында Еовтузенко, оның алдында Черевиченко, аулактағы арбалардың мадында Дегтяренко, оның артында курень атаманы Вертихвский қыймыл жасап жүр. Екі шляхтичті Дегтяренко айбалтамен іліп тастап, үшінші бойлауық біреуіне тап берді. Лях кайратты және тәсілкей еді; ер турманы сән-салтанатты, жаңында елу бір нөкері бар. Дегтяренконы ол еңсеріп кетті, аттан ушырып түсіріп, кылышын сілтеп одтайладып: «оңбаған, ит козактар, сендердің іштерідеге маған теңбе-тең түсер жаңың жок!» — деп айғайлады.

«Міне іздегенің табылды!» деп Мосий Шило атой беріп шыға келді. Бул мыкты козак болатын, теңізде сан рет атаман болған, талай кыйын кезеңді басынан кешірген. Бір кезде түріктер буларды Трапезунд тубінде устап алып, тутқындаған галерге алып кетеді, кол, аяқтарын темір шынжырмен бұғаулап, жумалап бір тары татырмай. теңіздің аңы суынан баска түк көрсегпейді. Тутқындағы байғустар бәрінеде көнеді, бәрінеде төзеді, тек православия дінінен айрылмаса болғаны. Атаман Мосий Шило төзбеді, дуалы задды аяғымед таптап, күнәлі басына жаман сәлдені орады, пашаның седімді адамы болып, кемеде кілтші жәнебарлық тутқындардың үстінед қараушы болды. Жазғад тутқындар буғад өте қатты кейіді: өзім дегед адамың азып, жау жағына, езіп-қанаушылар жағына шықса, одан шеккен жапаң жаудікінен әлдекайда артығырақ жанға бататыны оларға мәлім; акыры солай болып шықты. Мосий Шило борін жаңа шынжырмен үш-үштен қатар лап буғаулады; темірдей арқанмен сүйектеріне жеткізе батырып байлады; бәрін мойынға соғып, желкелеріне тепкімен сый берді. Мұндай қызметкердің ойламаған жерден табылғанына куанып, түріктер сайрандастып, шариғаттан ауа жайылып, түгел мас болып қулаған мезгілде, Мосий Шило алпыс кілттің бәрін әкеліп, тутқындарға таратып беріп, шынжыр мен буғаудың кілтін ашып теңізге лақтырып, оның орнына қыльыш алып, түріктерді турауға кости. Сол жолы козактар көп олжаға батып, еліне кайтты, бандурашылар Мосий Шилоны узак уакыт жыр кылдысты. Оны кошевой етіп сайлайтында еді, бірақ, оның оғаш мінезі көп болатын. Кейде ол данышпан ойлап таппастай қылыштар жасайтын, ал, кейде әулекінің ісін істеп кететін. Барын аракка салып ол кун-жұн қылды, Сечтегілердің бәріне борыштанды, оның үстіне, көше кезген каракшыдай, урлығы шығып калды; тұнде баска куренінің бірінен аттурманды урлап алып шиякарға боршына салды. Мұндай масқара іс жасағаны үшін

оны базарға шығарып, діңгекке байлақ, өткөн-көткөн шамасының келгенінше салып өтсін, дәп жанына сойыл тастады; бірақ, оның бурынғы қадірін умытпағандыктан запорожецтердің бірде бірі қол көтеріп, оны шерткөн жок. Мосий Шило сондай козак болатын.

«Сен иттерді жүндей тұтетінде козактарда табылады!» деді ол мен-менсіп турған жауға төніп. Екеуі мейлінше салғыласты. Иық қабы мен сауыттары соққыға шыдамай майысып қалды. Лях душпан Шилоның үстіндегі темір көйлегін шауып түсіріп, қыльштың ушымен тәнін жарақаттады, козактың көйлегі қып-қызыл жосадай болды; бірақ, муның бәрі Шилоның ойынада кіріпшыққан жок, сідірлі колымен шірене сілтеді (әлуетті колы мейлінше салмақты болатын), душпанды баска урып есінен тандырды. Мыс беркі екі бөлініп ушып кеткен лях сенделіп барып, жерге гұрс етіп кулады; есінен танған душпанды Шило шапқылап, турамдады. Жаудың жөр-жебіріне жетпей-ақ кой, козак, кейін кайт. Козак кейід кайта қоймады, шабуылды үдете берді; сүйтіп жүргенде аддаусызда жаудың нәкерінің бірі Шилоның мойнына пышақты суғып алды. Шило жарқ беріп бурылды, пышақ салған батырсымақты іліп-ақ тастайтын еді, бірақ ол атылған дәрінің мунарланған тұтінін перде қып, көзден ғайып болды. Жан жақтан өзі тутанатын мылтықтар гұрс-гұрс атылды. Тәлтіректеген Шило жарыңд аяғы казаға апарып соратынын сезді. Жарасының аузын колымен баскан қалпымен кулап, жолдастарына мойның бурып, былай деді: «пан-туысқандар-жолдастар, кош болындар! Православиялық орыс жері мәдгі жасасын, өмірі абрайдал кол үзбесін!» Элсіреген көз сонымен жумылды, кайратты денеден козактың жаны шығыпта кетті. Бул кезде колың ертіп Задорожнийде шықты, курень атаманы Вертихвист жаудың тобын, шөптей турап жүрді, Балабанда кыймыл жасауда болды.

Ал, пандар, жэй калай» — дәді Тарас курень атамандарымен тілдесіп, «дәрі сауыттарында дәрілерің бар

ма? Қозактың күші әлсіреген жок па? Козактар талатын емес пе?»

«Батько, дәрі сауытта әзірге дәрі бар, қозактың күші әлі әлсіреген жоқ, козактар әлі талған жоқ!»

Козактар жауды жапыра қыймылдады, саптар араласып кетті. Аласа бойлы полковник жыйынға дабыл қағып, бүкіл далаға жайылып бытыраған жасағын жыйып алу үшін әсемдеген сегіз туды көтеруге буйырды. Ляхтар жан-жактан туға қарай жүгірісті; олар жыйнальп үлгірмей-ақ курень атаманы Kokubenko өзінің Незамайковтіктерімен бірге жаудың шоғырланған тобына тиіп, жуан карын полковникке тап берді. Полковник тезе алмай, атын бурып алып, қаша жөнелді; Kokubenko полкына косылуға мурша бермей оны айдалада көлкө дейін куды. Мұны көре сала, бүйірдегі куреньнен Stepan Gуска полковниктің глдын кесе, қолына арқанын устап, ағың жалына жабысып шаба кеп жөнелді, жетіп барып, мөлшерлеп сілтеп мойнына арқанды тастап кеп ліберді, полковник күп-күред болып кетті, екі қолымен жармасып, арқанды үзуге тырысты; бірак, екпіндеп сілтеген куатты кол оның қарнына найзаны бойлатып суғып жіберді. Топыракты жастанып полковник сол арада кальп отырды. Бірак, Гуськогеде акыры жаксы сокқан жоқ! Козактар мойын бурғанша Гуськоның терт айбалтанды үшіна ілініп кеткенін бір-ак көрді. Байғустың тілі: «жау атаулы қурысын, орыс елі мәдгі-бағи қуанышқа батсын!» — деуге ғана келді. Сол жерде жан тәсілім етті.

Козактар бурылып қараса, бір бүйірде козак Метелиця ляхтарга сыйды беріп, анаусын бір, мынаусын бір жүндейп жүр екен, тагы бір ж?қта атаман Невылычкий ойранды салып жүр; арбалардың маңында Закрутыгуба урысты салып, жауды асғын-устін етуде; аулактағы арбалардың мадында Писаренконың үшіншісі бір топ жауды жапыра куды; анда, басқа арбалардың жанында салғыласып, урысты арбаның үстінде жасасып жатыр.

«Калай, пайдар!» деді Тарас, бәрінің алдарынан өтіп: «Дәрі сауыттарында әлі дәрі бар ма? Козактың күші әлі ныж па? Козактар әлі талған жок па?»

«Батько, дәрі сауытында әлі дәрі бар; козактың күші әлі дық; козактар әлі талатын емес!»

Бір жерде Бовдюг арбадан сылқ өтіп құлады; жаудың оның жүрегіне тұра қадалған екен; әйткенмен карт бар күшін жыйып мынаны айтты: «бул дүниеден айрылысу маған арман емес! Кудай тек журттың бәріне осындай ажал берсін! Орыс жері заманның ақырына дейін абройлы, зейнетті болсын!» Сонымен Бовдюгтың жаны аспанға карыштады, аспанға барып ол өзінен бұрың өткендерге орыс елінің қалай урысатының, әсіресе хасиетті дін үшін жасқанbastan басын өлімге байлайтының айтпак.

Курень атаманы Балабанда осының артынан үзамай-ак жерге сылқ етті; оған айбалтадан, оқтан, палаштан үш өлім жарасы жабысты; ол әйгілі қайтпас қайратты козактың бірі болатын, өз атамандығындағылармен бірге тедіздіді жорығында болған, жорық атаулының бәрінен басымы Анатолийдың жағалауына жасаған жорық еді.

Ол жолы олар көптеген цехиндер, түріктід қымбат жияздарын, булдарын, түрлі асыл киімдерін өкелген. Бірақ пәле көлденеңнен душар болды. байғустар түріктід зеңбірегінің 100тарына кез болды. Кемеде турып жау зедбіректі баская болатын; қайықтардың жартысы толқынмен үйіріліп, талайды су түбіне жіберген болатын; • бірақ екіжағына байлаған қамыс қайықтың батуына жол бермеді, Балабан еспе атаулының бәрімен есіп, қайықпен жөнелді де, күнге қарсы тұра қалды, сондыктан да оны Ітурік жемесіндегілер көре алмады. Тұні бойы олар жыртылғая жерлерін жамап, суды ожаумен, бәріктермен тасыды; шалбарларын қурастырып парус жасады, желмен ойнап, толқынды кешіп, түріктердің жылдам, дегем • жемесінен қашып қутылып кетті. Сечьке аман-сау кайтуды қанағат туттай, Киев монастырінің архимандриты

Межигорский алтындал түккен шекпен және Запорожье-д?ғы Покроваға сай күмістен сый әкелді. Сондыктан бандурашылар козактардың сәтті болғад сапарын көпкө дейін мадақтады. Қазір сол Балабан сұық өлімнің төнгенін сезіп, басын жерге салып жіберді де даусын зорға шығарып былай деді: «пандар-туысқандар, өзімнің шамалауымша, өлімім қадірлі болатын сыйқты, жаудың жетеуін кылышпен шаптым, тоғызын айбалтамен турадым, атпенде талайын таптадым, ал, нешеуін окпен ілгенимді өзімде білмеймін. Орыс жері мәңгі-баки гүлдене берсін!» Содан кейін оның жаңыда аспанға ушып жүре берді.

Козактар, козактар! Эскерлеріңің иғі жақсыларынан айрылып қалмаддар! Жау Кокубенкогеде жан жағынаң төнуде, Незамайков күренінен жеті адам ғана калған, олардың өзі де талған күштерін сарка душпанға төтеп беріп жүр; Кокубенконың көйлегінде шыпшып шықкан қан малшынта бастады. Оның басына қыйын қыстау іс түскенін көріп, корғап калуга Таразтың өзі умтылды, ылаж не, козактар кеш келіп калды, олар қоршағаян жауды күп үлгіргенше, Кокубенконың қолтығына айбалта суғылыш-ак калған екен. Колтықтаған козактардың колына Кокубенко акырын ғана қылжая кетті, тодқынданған жас қан, салдыр-салак, қызметкер погребтен әкеле жатып, шыныны сындырып төккен қызыл шараптай, саулап жөнелді; адқау шіркін есікке кіре бергенде тайып кетіп, акырғы ыдышты тагы кыйратты; шарап атаулы бәріде жерге төгіліп жатыр; көре салып жүгіріп келген шаралтың иесі басын устап ойбайды салып жатыр, үйткені ол бул шаралты узак жылдар ауыз тимей, өмірінің көрнекті кезеңін күтіп сактаған; алла жазып картайған кезде бозбалашылық шактағы жолдастымен үшыраса калса бел шешіп кенесіп, ертедегі ең жайлау сауық-сайранды еске түсіріп отырып ішерміз, деп са-рыққан болатын. Кокубенко төңірегіне кез жіберіп бір карады да, күрсініп былай деді: «жолдастарым, сендер-

дің ортаңда жүргенде ажал берген тәціріге рыйзамы! Бізден кейінгі урпак бізденде жаксы емір сұрсін, Ғайса сүйген орыс жері мәңгі-баки зейдептегене берсін!» Жас жан кеудеден шырқырап ушып кете барды. Перштегер ол жанды колына салып әлпештеп, ғаршіге альп кетті, ғаршіде оның мекеді жайлыш. «Отыр, Кокубенко, менің үяма!» дейді ғой оған Ғайса: «сед жолдастарыда опасыздық істеген жоқсың; арамдық іс істемедід; таршылық кезедде адамды отқа итерген жоқсың, менің шіркеуімді қорғап, сактадың». Кокубенконың өлімі бәрінде кайғыртты. Козактардың катары сиреп-ак қалған еді; талай-талай қайтпас ерлердің орындары үңірейіп-ак қалған; әйткенмен козактар қасарып, жауға төтел беріп турды.

«Қалай, пандар!» — деп Тарас қалған куреньдерге: «дәрі сауыттарында әлі де дәрі ма? Қылыштарың мұкалған жоқ па? козактың күші әлсірегед жоқ па? Козактар талған жоқ па?» *

«Батько, дәрі әлі жетеді; қылыш әлі шабуға ларайды; козактың күші әлі әлсіреген жоқ; козактар әлі талған жоқ!»

Сонымен козактар сапы шығынсыз сай турғандай-ак тағыда жапыра қыймылдады; курень атамандарының үшеуінің ғана көзі тірі; адам каны езен болып акты, козактардың және душпаның өлігі тау болып үйілді. Тарас аспанға караса шідкілдектер тізбектеліп ушып бара жатыр екен. Біреудің қолына түсіп, олжа болуы сөзсіз! Аулактау жерде біреу Метелицяні айбалтамен іліп лактырды; Писаренконың екіншісінің басы шыркөбелек айналып топ етш жерге түсіп, көзі мөлдіреп жатты; төртке туралып шабылған Охрим Гуско бүктетіліп келіп жерге сұлқ етті. «Ну!» дедіде Тарас кол орамалың желтіп, нұскап қалды. Бул белгіні Остап түсіне қалды, тасадан жарқ етіп шыға келіп жаудың атты әскеріне жапыра тиісті.

Ляхтар Остаптың екпініне шыдамады, **Остап өларды**

куа берді, куа-куа казық, айбалтанып сынығын шанышкан жерлерге жетті. Жаудың аттары сүрініп кулап, басынан аса ляхтарда домалай бастады. Арбаның тасасында турған корсундықтар осы кезде өзі тутанатын мылтыкты гүрсілдетіп атып-атып жіберісті. Ляхтар үйкүтүйкү болып сасып, козактар масаттанып көтеріліп калды. «Міне, женіс біздік!» деген запорожецтердің даусы жан-жақтан естіле бастады, трубалар қўйқылжытып күй тартып, женіс туыда көтеріліп қалды. Жеділген ляхтар кірерге тесік таптай, бута-бутаны паналады. «Жок, бул әлі анық жедіс емес!» деді Тарас каланың корғанына қарап, оның айтқаны шынында да дурыс еді.

Каланың қақпасы ашылып, ішінен атты әскердің саулеті — гусар полктары сау етіп шыға келді. Бәрінід астында бір-бір күред арғымак; ең алдында бәріненде батылырақ, бәріненде көрікті мырза зулатып шауып келеді; мыс бәркінен жалбырап шыккан кара шашы жалбанд-жалбаң етеді, колына байланған асыл шарфы шыйратылып келеді, ол шарф таңдамалы сулудың инесінек шыққан. Мұның Аңдрий екенін көргенде, Таразтың деңесі муздай болып кетті. Соғыстың өртіне қызып алған Аңдрий, колына байланған сыйды актау максатымен, андал шапқан иттің тобының ішіндегі ең көркемі, ең куаттысындей, үздік шыға қулаштады. Тәжрибесі мол адшы айтактай кеп жіберіп еді, ол ит кулашын керіп тастанап, бүкіл денеен жамбастай қыйсайта, қарды аяғымен боратып, кашкан қояннан шабысын он есе үдететін. Аңдрийде соған уқсады. Карт Тарас токтай қалып Аңдрийдың жүрген жерін жол қыльып, жапыра жарып, одды-солды шауып, шаншып жүргеніне қарады. Тарас тезе алмай: «Калай? Өз кісінді? Өз кісілді? Өз кісінді кырасын, перінід баласы?!» — деді айғайлап. Ал, Аңдрийдың алдындағылардың өзіндік, немесе жат екенін абаyllauға уақыты болған жок, оның көзіне түк көрінбеді. Оның көзіне елестеген тек буйра, 'толқындаған

бүйра шаш, өзендеңі ақкудай мамыктаған ақ кеуде, акша қардай мойыя, иық, отты жүрекпен естен та-нып суюге жаралған сулу дene.

«Эй, жігіттер! Оны маған орманға карай шығарып беріддер, тек оны маған шығарып беріддер!» — деп айғайды салды Тарас. Сол жерде Андрийді алдал, орманға карай апару үшін жүйрік мінген отыз козак шыға келді. Булар бастарындағы қаудайған биік бөріктегін баса киіп, гусарлардың алдынан кескектеп, кесе көлденең шаба жөделді. Алдыңғы қатардағыларына бүйірден келіп тиісіп, аттан қағып-қағып түсіріп, кейінгілерінен бөліп әкетті, сонымен алдыңғыларға да, соңғыларға да си-бағады жақсылап берді, ал, Голокопотынко қыльштың жалпығымен Андрийды арқаға сальш етті де баска ко-зактармен бірге куйындарып шаба жөнелді. Сондағы Андрийдың лап койғанын көрсөніздер! Жас қан тамырын бойлап кандай тулады! Қырлы өкше темірмен атын борбайлап-борбайлап жіберіп, алды-артына қарамастан, артында не болғаны жыйырма шакты кісі ғана ілесіп келе жатқанын андамастан кустай ушып, куйындарып тартты; ал, козактар аттарының бар ғабығына сальш, орманға карай узай берді. Кулазып шапкан Андрий атының бауыры барған сайың жазылып, Голокопытенкоге жетіп-ақ қалған кезде, бір тегеуірінді қол атының сулығына келіп жармаса тұсті. Андрий жалт караса, алдында турған Тарас! Бүкіл дене қалшылдан, ол куп-ку болды; кейде мектеп оқушысы қасындағы жолдасының құлағын аңдаусызыда кагты жұлып қалғанда, санау линейкамен маддайға так еткізіп беріп жібереді, соның кегін алам деп астан-кестен күшті жүргенде есіктен бай-каусызыда кірген мұғалімге соктығып қалғанда, ызалы баланың желіккен ашуы жым басылып, құйындаған ек-піні баяулай қалатын. Дәл сондай болып Андрийдың ашуы да тіпті козып көрмегендей-ақ жым-жырт басыла калды. Оның көзі қарсы алдында турған айбатынан адам тітірегендей әкесін ғана көрді.

«Ал, енді біз не істейміз?» — деді Тарас Андрийдың көзіне көзін қадап.

Бірак Андрий жауап кайыра алмады, жерден . кезін алмай мелшиіп тұра берді.

«Калай, улым, ляхтарың саған көмек көрсетті ме?»
Андрий жауап қатпады.

«Осылай сатыла сала ма екен? Дінді сата ма екен?
Өзінің журтын сата ма екен? Токта, аттан тұс!»

Баладай боп, бой сунып Андрий аттан түсті де, Тарастың алдында тірі де емес, елі де емес калшып турды.

«Тұр, тыптыр етпе! Мен сені туғыздым, мен сені өлтіремін» — деді Тарас, бір қадам кейін шегінді де иығынан мылтығын алды. Андрий, аппақ бөздей, қуп-қу; ерні қыбырлап, әлдекімнің атың аузына альш турғандығы байқалды; бірак, оның атағаны отаның, немесе анасының, немесе ағайындарының аты емес еді — оның атағаны поляктың сулу қызының аты еді.

Тарас атып салды.

Оракпен қайған егіннің басындаған, ажалдың жетекшісі сур алмастың жүргегіне суғылғаның сезген жас қозыдай, Андрийдың басы сылқ етіп салбырап, бір ауыз сөз катпастан шөпке күлай кетті.

Улын өлтірген жаң бір-аз кідіріп, демсіз лсаткан өлімтікке узак қарап турды. Андрий өліп жатканда да тамаша еді, жаңа ғана толқыған қуатты, әйелдідің тахыт-сабырын қалдырмластай келімді қайратты жүзінен нур сәулесі тольжысып әліде арылған жоқ еді; каралы күні ілгендай, қара қасының көлеңкесі қуқыл тартқан жүзіне түсіп турды. «Козактықта қандай олқылығы бар?» — деді Тарас, «бойыда аршың 'бік, касыда кап-кара, жүзіде ақ сүйектің жүзіндей, қолыда соғысқанда жақырлы еді — амал не, елді! Өлгендеде онбаған иттей азып өлді!»

«Батько, сенід мынау істегенің не? Сен өлтірдің бе мүны?» деді осы мезгілде жанына келген Остап.

Тарас басын изеді.

Остап вліп жатқан Андрийдің көзіне кадала қарады. Інісін оның іші аяп кетіп, сол арада былай деді: «Батько, мұның тәнін таза тәрбиелеп жерге тапсырайык, өлігін жау корлайтың болмасын, немесе куска, аңға жем болмасын».

«Оны бізсіз-ак көмер!» деді Тарас: «оны жоктап жылаушы да, жубатушы да табылар!»

Екі минут шамасында ойланып турды Тарас: Андрийдің тәнін қызылға қумар қаскырға жем қып тастау керек пе, немесе оның рыцарьлық өрлігід қәдірлеу керек пе, рыцарьлық ерлік біткен жанды дос-душпандығына карамаяк батыр адам қадірлеуге міндетті ғой. Сол мезгілде шауып келе жатқан Голокопытенкоге Тарастың көзі түсті. «Сумдық болды, атаман, ляхтар қүшейіп кетті, оларға көмекке тыңдан күш келіп косылды!» Голокопытенко айтып сөзін аяктамай жатканда шауып Вовтузенко келді. «Сумдық болды, атаман, тың күш тағыда кептап келе жатыр!» Вовтузенко сөзін аяктап болмай жатқанда, жаяу жүгіріп атынан айрылған Писаренко келді. «Батько, сен кайда жүрсід, сені козактар ізден жатыр. Курень атамандары Невыличкий, Задорожний, Черевиченколер каза тапты; бірак,, козактар қайсарап тур, сенің көзінді көрмей козактардың өлгісі келмейді, өлім сағаты таянған шакта олар сені бір керуе ынтық болыш отыр».

«Аттан, Остап!» деді де Тарас козактарын қөздері тірісінде көріп калуға асықты, атаманың өлер алдында олар да көріп қалсын, деп ойлады. Бірақ, бұлар тоғайдан шыкпай жатканда-ак жау келіп орманды жан-жанынан коршап алдыг, ағаш-ағаштың арасында айбалтаған кыльштарын жаркылдатқан жаудың салт-аттылары көріне бастады. «Остап, Остап! Бой берме!» деп айғайлады Тарас, өзі қылышын қынабынан суырып алып, кез келген жауды онды-солды жайпады. Ал, Остапқа кенеттен алтауы жабылды; бірақ, олар сәтсіз сағатқа душар болды білем, біреуінің басы ушып кетті, біреуі

шегіне беріп тоңқалаң асты; үшіншісінің қабырғасына айбалта дұп келді; тәртіншісі басқасынан басымырақ еді, басын оқтан аман альп қалды, оқ аттың қеудесіне кадалды, содан үріккен ат аспанға қарғып барып, жерге сылқ өтіп кулап, үстіндегі кісісін жаныштап тастады.

«Жарайсын, улым! Жарайсыд Остап!» деп айғайлады Тарас, «менде сенің ізідді басып журмін». Өзі қоршаған жауды жайпап журді. Шабысып та, урысып та жур. Тарас, анасының да, мынасының да басына сыйды тартып жур, өзі тағы алдындағы Остаптан көзін айырмайды, тағы сегізінің бірдей жалғыз Остапқа жабылып жатқанын көрді. «Остап, Остап! Бой берме!» деді Тарас, бірақ жау Остапты едсеріп барады; біреуі оның мойнына аркадны да тастап жіберді, Остапты байлап та жатыр; Остапты тутқындал әкеткелі жатыр. «Ай, Остап-ай! Остап-ай!» деп айғайлады Тарас, жолындағыларды онды-солды шауып баласына жетуге тырысты. «Ай, Остап-ай, Остап'..» дей берген минутта үстінен бір ауыр тас басып қалғандай болды, жер-көк айналып, көзіне дүние төңкеріліп жатқандай болып көрінді. Оның кезіне жарқ-журқ өтіп адамның бастары, айбалталар, түтін, оттың сәулесі, көзге жайкалған жапырағы елестеп ағаштың бутағы сапырылысып араласып жатқандай болып көрінді. Түбінен қыйылған емендей, Тарас жерге гурс етіп кулады. Бұлдырланған туман оның кезін торлап кеткендей болды.

X

«Мен коп үйіктадым ба?» деді Тарас мас болып қатты үйіктаған үйқыдан оянғандай болып, төңірегіндегі зағтарды бірінен бірін айыруға тырысты. Мүше-мүшесінде жан жоқ сыйқты. Бурын таныс емес үйдід стедалары мен бұрыштары ғана көзіне қараңдал кана керінді. Ақырында Тарас қарсы алдында отырған Товкачты көрді, ол Тарапт ыд әрбір дем алғаның аддып отырған секілді.

«Солай», деп ойлады Товкач ішінен: «сен мәдгі үйқыра батып кете жаздадың», бірак, үн шығарып ештеме демеді, саусағымен нұсқап кіжініп, үндеме дегендей етіп белгі берді.

«Сонымен айтсаддаршы, мен кайда жатырмын?» деп сурады Тарас тағыда бар ақылын жыйнап, бұрынғы өткендерді ойна түсірмекші болды.

«Унінді шығарма!» деп ақырып калды Тарасқа жанында отырған жолдасы түсін сұтып: «сенід тағыда не білгід келіп отыр? Тұлабойың тілім-тілім екенін әзід көрмей отырмысың? Сені алыш қашып келе жатқанымызға екі жума болды, сен күйіп, жанып, сандырактап, аузыңа келгенде оттайсың. Тыныш уйықтағаның міде осы бірінші рет. Егер өзінді өзің сорлатқың келмесе, үнінді шығарма».

Сондада Тарас бар күшін жегіп, ойын корытып, өткен* ді ойна түсіруге тырыса берді. «Ляхтар мені қоршап альп, тутқындалп кете жаздаған жок па еді? Топтан күтылып шығуыма ешбір мүмкіндік болмады ғой?»

«Үндеме деп отырмыз ғой саған, перінің баласы!» деп Товкач уатуға көнбей, жылай берген балаға ыза болған күтуші әйелдей ақырды. «Калай қутылғаныңды білуден саған канша пайда бар? Құтылғаныңда саған қанағат. Сені жауга жібермейтін адамдар табылды — саған сол жеткілікті! Біз әлі өзіңмен бірге талай түндер ілесіп шабармыз. Қалай, сен карапайым 'козактың арасында кете бардым деп отырмысың? Олай емес, — седід басыңды екі мыңдың кызыл акшаға бағалапты».

«Ал Остапшы?/» деп Тарастың даусы қатты шығып кетті, турмакшы болып умтылды, Остапты устап альп, байлаң жатқанын өз көзімен көргені есіне түсті, Остаптың қазір жау колында екенін Тарас адғарып білді. Осы Тарастың картайған басын кайғыға батырды. Жарасын байлаған шуберек атаулыны тас-талқан қылышп, жулып альп аулаққа дақтырды; дауыстап бірдеме айтуға оқта-

нып келіп, оны-муны сөйлеп кетті: еті кызып, тағыда сандырактай бастады, байламы, толғамы жок бейгұна сөздерді сөйлей берді. Бұл мезгілде қарсы алдында тур-Fan жан досы Тарасқа урсып, қайдағы ауыр сөзді айтты, жекуде. Акырында ол Тарастың кол, аяғын каусыра қушақтай альп, балаша жөргектеді; жарасының тануларын түзеді, сыртынан өгіздің терісімен орады, теңге шымқады, сонсоң ердің жанына байладап альп, тағыда аттанып сапарына жүре берді.

«Әйтеуір сенің өлігінді болсада жеткіземін! Ляхтар сенід жарамея айғызданған тәнінді келемеждең, бөлшек-қылыш, суға лактырғысы келеді ғой, мен оны істеппен. Егер сенід көзінді мандайынан ойып жесе, өзіміздің дала бүркіті жесін, ляхтардың жерінен келген бүркіг-терге жем болма. Өлігінді болсада Украинаға жеткізейін!»

Жан досының сөзі осы болды; күні-туні тынбастаң шауып отырып, ессіз-түссіз Тарасты Запорожье Сечіне альш келді. Сечке келген сод ол Тарасты шөппен және былаумен жалықпастан емдеді, еврейдің бір емші әйелін тауып алып еді, ол бір айдай дәрі-дәрмек беріп, акыры Тарас тәуір бола бастады. Дәрі көмек берді ме, немесе өзінің алуан күшінің арқасында ма, әйтеуір Тарас ай жарымда аяғын басуға жарады; жаралары жазылды, карт қозактың ертедегі жараларының ізіндегі болып білеуленіп қылыштың ізі ғана қалды. Эйткенмен Тарас бурынғыдай емес жабырқаңқы тартып, хасіреттеніп кетті. Маддайына түскен әжімнід үш ізі тереддей берді, енді кайтып тараған жок. Төңірегін андал қараса, Сечтегінің бәрі жадарған, бұрынғы жолдастарының бәріде өліп біткен. Әділет іс үшін, дія үшін, жолдастық үшін жанын пида әтетіндердің бәріде бірі қалмапты. Тіпті, ана кошевоймен бірге татарларды кууға кеткендердідде бәрі алдакашан жоғалған; бәріде ел үшін басын жумсап, дүние кешкен; біреулері қанды майданда аброймен дүние салған, біреулері Қырымның жусанды татырында шөлден,

жерлік сындырым жан таба алмай өлгем; біреулар корлықка төзे алмай тутқында өлген; бурынғы кошевойдід өзіде алдақашан бұл дүниеден көшкен болатын, ескі жолдастан ырымға жок, козактардыд бір кездегі лепірген күші солғын тартып, сүрлеуленіп, үстіне шөп шығын кеткен сыйқты. Үлкен жыйын, зор сайранмен ас ішу болыпты-мыс, дегенді ғана есгіді, онда бүкіл ыдыс атаулы қыйратылып гы, ешқайда бір тамшы арак, шараң калманты, қонақ пен кетушілер арағы бар ыдыс біткенді талап кетіпті, мед-зен болған үй қожасы едесі түсіп мундай жыйынның болғанынан болмағаны игі еді, деген көрінеді. Жолдастары Таразтың көңілін аулап, уайымын серпілтпекші болып еді, бірак, ештеме өнбеді; .аптақ күміс сакалы жеудесін жапкан бандурашыларда кос-косымен, үшеу-үшеуден топтанып өтіп, Таразтыд ерлік қыймылдарыд мадактап жыр кылыш еді, о да аккула болды — түсі жылымай Тарас соның бәріне калай болсалай қарады, тұнеріп тунған жүзінен өшпес қайғының таңбасы кетбеді, басын төмен салып күбірлеп: «Улым менід, Остапым менің!» дей беретін болды.

Запорожецтер тедізге сапарға шығуға дайындалды. Екі жуз кайықты Днепрдің сүйна әкеліп түсірді, Кіші Азия бұшарды шашын алдырған тақырбас қалпында да, кекілі салбыраған шашты калпында да талай рет қөрген, бәрін от пен күштің ойранына салғандарында білетін; өзін мекен еткен мұсылман дініндегілердің сәлделері, канға боялған даладағы гүлдердей, шашылып жатқанында, жарды мадайлап, суда қалкыш жүргенінде Кіші Азия сансыз рет қөрген. Запорожецтердің карамаймен батташқан шалбарларында, кара қамшыны қапсыра устаған бұлшық еті, балғадай колдарды да Кіші Азияның көруі аз емес. Запорожецтер жүзім атаульны мұжіп жеп, қыйратып кеткен болатын; мешіттердің ішін нәжіске толтырып кеткен күндері де болған, фарсының асыл шалыларын шылғау қылыш, салтактанған шекпендерінің белін бұынатын қылыштары да аз еместі. Запорожецтердің қысқа

көркорларым ол жердегілер капке дейін даладан тауым алып жүретін. Олар қайту сапарындағы жүзуде жайдары келетін. Түріктердің он зedbіrek орнатқан кемесі буларды күшті, зedbіrek атаулысынан жеделі мен гұрсілдетіп атып, булардың тостағаядай қайыктарын қусша бытыратып күшті жіберген болатын. Қайыктардың үштен бірі теңіздің тұңғыйына батып, қалғандары тағыда катар түзеп, аман сау ақшаны тығындаған салған он өкі бочканы алып Днепрдің сағасына келіп жеткед. Бірақ муның бәрінеде Тарас селт етпеді. Аңға шыққан адамдай, ол кулатуді, тоғайды кезіп кететін міnez шығарды; бірақ жасаулы мылтығы атылмастан қайтып жүрді; елден аулақ мылтығын мойнына асыншып уайымға шомып, теңіздің жағасында отыратын еді. Басын темен салып, узак уакыт отырып: «Ұлым менің, Остапым менің!» дей беретін. Кара тедіз қарсы алдында шалқыш, күміс суы жарқырап жататын; аулактағы камыста шағаланың даусы естіліп турады; оның бірде біріне елікпей Таастың ак мурты, күмістей жарқырап, бір жастың соңынан бір жас үздіксіз көзінен аға беретін.

I

Ақыры Тарас төзіп отыра алмады, «не болса, ол болсын барып барлап қайтамын, калай екен ол, тірі ме екен? Кабырда ма екен? Немесе тіпті қабырдада жок па екен? Барлап қайтам, неге ушырасам, оған үшырайын!» Бір жума өткен соң Тарас қаруың асыншып, астында аты, колында айбалта, асынғаны қыльш, жорық кутысы канжығада, саламат салғая күмыра, дәрілі патрон, аттың тусауы, баска азық-тұліктегін жетерлік тедделеп алып Уман каласына жетіп келді. Тозад басып, ыс шалған бір үйге ол турадан тұра жетіп келді, бул үйдің әлденемен сатпакталған кішкене терезелері әред-мәред көрінеді, муржасын ломан шүберекпен тығындаған қойыпты, садлаусадлау тәбесінде қаптаған шымшық, Есігінің 'алдында көң-қоқыр үйліп жатыр. Мойнында кір басқан маржаны бар, басында тебетеңі бар жидтід әйелі терезеден басын шығарып карал тур.

«Байың үйде ме? деді Бульба аттан тұсіп, есіктің нақ түбіндегі шығышында атын байлап жатып.

«Үйде» деді жидтід әйелі, қолында шуңқыр ыдысқа салған атка беруге арналған бидайы, рыцарьға беруге дайындаған кружкаға куйған арағы далаға шыға келді.

«Сенің жидің кайда өзі?»

«Ол басқа үйде, кудайға кулшылық қылыш жатыр» деді жидтің әйелі тәжім етіп, Бульба аузына аракты апара бергенде — деніңе саульшқ берсін деген сөздіде айтып калды.

«Сен осында кал, менің атымды суар, жем бер, оны мен өзім оңаша барып сөйлесейін. Онда менің жумысым бар».

Бул жид белгілі Янкель еді. Ол мунда арендатор және корчмар¹⁾; маңайдағы пандар мен шляхтичтерді біргіндеп уысына альш, бар ақшаларын сорған, бул жерде жид мекендереп отырғанын талайға-ак білгізген. Төңіректе үш миль жерде бір де үй қалпында, калған жоқты, бәріде кулап, қаусаған, бәріде ішімдікпен шабылып, кедейленіп, киімдері боршаланған; жаламыр өрт алғандай, немесе чума апаты өткендей бүкіл елке ту л қалған. Егер Янкель ол жерде тағы бір он жыл тұрса, бүкіл воеводс гвоны²⁾ сап қыларма еді, қайтер еді.

Тарас үйге кірді. Жид үстінен кір басқан кебінің жамылыш кулшылық істеп жатыр екен; бір мезгілде ез дінінің салты бойынша тұқіріп тастайын деп артына бұрылғанда, таяу турған Тараска көзі тұсті. Алдымен жидтід есінен түсे калған Тарастың басын алған адамға арналған екі мың сом қызыл ақша болды; бірақ, ол өзінің олжакумарлығына беті қызып, жидтың жанын курттай қоршашан алтын десе адсал туратын аранын ашқан пікірді тұмылдырықтауға тырысты.

«Янкель, тылда менің сөзімді!» деді Тарас жидке, жид

1) Корчмар — жол үстіндегі ас үйі, тамак сатып кәсіп істейді.

2) Воеводство — облыс.

Тарасқа тағым етіп, сырттағылар екеүін көрмесін, деп есікті жапты. «Мен сені өлімнен арашалап алып калдым—сені запорожецтер иттей қылыш бәліп-бәліп алып кететін еді, ендігі кезек сенікі — істе маған қызметің мен қайырымыңды!»

Жидтың беті аздап тыржыйды.

«Кандай қайырым тілейсіз? Егер колдан келетін нәрсе болса, істемейтін несі бар».

«Ештемені сөз қылмай-ак қой. Мені Варшаваға алып жүр».

«Варшаваға ма? Варшаваға не үшін?» деді Янкель. Танырқағандықтан оның қасы мен иығы жоғары қөтеріліп кетті.

«Маған түкте айтпа. Мені Варшаваға алып жүр. Не кез болса, ол кез болсын, мен оны тым болмаса бір рет көріп, бір ауыз сез катқым келеді».

«Кімге сөз қатпақшысыз?»

«Осталқа, өзімнің улыма».

«Мәністің анадай... болғанын пан әлі естіген жоқ па €ДІ?»

Білемін, бәрінде білемін, менің басым үшін екі мың қызыл акша атапты. Ол ахмактарда менің басымның кунды екенін біледі гой! Мен саған бес мың беремін. Екі мыңын міне сен казір ал. (Бульба былғары калтасынан екі мың қызыл акшаны суырып тастады), ал, қалғанын қайыш келген күні беремін».

Жид жанталасып орамалын алып қызыл акшаны бүркей қойды.

«Ай, кандай жаксы монет! Ай, кандай тамаша монет!» деді л^кид бір қызыл акшаны алақанына үйіріп, тісіне салып керіп: «менің ойымша, паныңд мундай қадірлі червонцыларын алған адам бір сағатта дүниеде 'өмір сүріп тұра алмай, салып өзенге барып, мундай тамаша червонецтер үшін суға кетіп, жанын құрбан етсе болмас па'»

«Мен саған жалынбай-ак кояр едім. Мүмкін, Варшаваңың жолын мен өзімдө тауып баар едім, бірак, қарғыс

атқан ляхтар мені бірдеме етіп, үстап алу қаупы бар. Үйткені менід өтірік айтуға ебім жок. Ал, сендер жидтер соған деп жарагансыңдар ғой. Сендер сайтанды да алдай аласыңдар. Сендер не істеуді болсада білесіндер. Міне, менід саған келген мәнім осы! Варшавада мен өзім жеке кара басым жүріп ештемені уксата алmas едім. Казір атылды жек, мені альп жүр!»

«А, пан биені жөндеп, жегіп альп, шу, қара-көк, деп жүре беруге болады, деп ойлайды-ау! Пан сірә, панды жасырып, тасаламай-ақ альп жүре беруге болады дең урынатын болар?»

«Олай болса, тасала, жасыр, жасыр өзің білгеніңше, бос бочкеге саламысың, қайтесің?»

«Ойпрай, ойпрай! Пан өзін бочкеге жасыруға болады, деп ойлайды-ау? Керіп жүрт бочкеде арак бар деп білетінін пан ойламайды-ау?»

«Мейлі, арак бар деп ойлай берсін».

«Калай? Арак бар деп ойлай берсін, дейсіз бе?» — деді жиіл екі колымен төбесін устап, сонсад қолың төбесінен көтерді.

«Ал, сен неменеге мунша абыржыдың?»

«Күдайым аракты әркім татып көрсін, деп жаратканын пан ойламайды-ау? Бар тәттілік, бар дәмділік сонда, ляхтар бес шақырым жерден-ақ бочкені көрсө жүгіреді, бір жерін тесіп алады да, ештеме акпағанын көрген сод, жид бос бочкені тасымайды, мунда бірдеме бар, деп ойлайды. Жидті устап алады, жидті байлайды, жидтың бар ақшасың сыптырып алады, жидты түрмеге отырғызады. Оның себебі; кайда пәле болса, жаласы жидке қалатын әдеті; жидты көрінгенің бәрі ит деп санайды; үйткені ол жид болғансон, адам болуға қыйсыны жок!»

«Олай болса, мені балық артқан арбаға сал».

«Болмайды, пан, кудайақы, олай істеуге болмайды. Бұкіл Польшаның халкы, қаңғырған иттей, аш, балықты да урлап кетеді, арасында панның жатқанын да біліп қояды».

«Періге мінгізіп апарсанда мейлін, әйтеуір алып баршы!»

«Тыдда, пан, тында сөзімді!» деді жид жеңінің кайырылған аузын жазып, саусағын тарбайтып Тарасқа жуықтап келіп: «біз былай істейік, осы кезде қай жерде болсада қорған соғу, бекініс үйі замокты салу бар, намістерден баспалдақтап Польшаға француз инженерлері келді, сондыктан л^еол-жолды бойлап кірпіш, тас тасушылар бар. Пан арбаның күймесінің тубіне жатсын, мен үстінен кірпіш артайын. Пан денелі, келбетіне Караганда берік адам сыйқты; сондыктан аздал ауырлау болсада оған оқасы жок; ал, мен арбаның астынан панға тамак беріп отыратын тесік жасайын».

«Қалай істесен — олай істе, әйтеуір алып барсад болады».

Сонымен бір сағаттан кейін кірпіш арткан арба Уман қаласынан сапарға шықты, арбаға екі ыңыршақ арық ат жегілген еді. Екі аттың біріне Янкель мінгенді, жолға орнаткан діңгектей уп-узын болып ол аттың үстінде келе жатып қопаң еткенде бөркінен жалбырап шыққан самай шашы желбед кағатын.

XI

Мунда баяндалып отырған оқыйғалар болған заманда сөудегерге, бүйідей тиетін шекара дағы таможня чиновник гері, объездиктері болмайтын, сондыктан кімде кім тілеген нәрсесін алыш жүре беретін. Егер біреу-міреу тіктсе, тек езінді ықласы тұскендіктен істейтія, мундай мінездер арбада көз тартар кызығылықты нәрсе болғанда, немесе тінтушінді білегі жуан, жудырығы нық болса' істелетін. Янкель кірпішіне кумарляған ешкім кездеспегенсод, аман-сau каланың бас какпасына келіп кірді. Тар капастағы Тарас естілген шумен атшылардың айғайынан басқа ештеме біле алмады. Янкель тозаң жүнін томырыла басқан² келте күйрык желгір

атымен бұрылып, бірнеше рет орағытып жүрді де, Қірлі дейтін бір тар көшеге еніп жүре берді, ол көше Жидтер көшесі деп те аталатын, үйткені онда шынында да бүкіл Варшавада жидтер көп туратын. Бул көшениң кейпі қабырғасы каусап қалған үйдің артындағы кораның сыйпаты сыйкты еді. Бул жерге атымен күн сәулесі түспейтін тәрізді. Терезесінен сорайып сырғауылдары шығып турған кара кожалак үйлер болып көшениң кутын одан жаман қашырып тур. Кей жерде қадак-қудақ кірпіштен салған үйлердің қабырғасы да көрінеді, бірак оның көбіде кара кожалак болып біткен. Кей жерде дуалдың жоғарғы жағындағы майланған азғана жер аппак болып күнмен шағылысып, тіпті адамды тұра каратпайды. Бул арадан үш кайнаса біріне біріндір сорпасы қосылмайтын нәрселерді ушыратасыд; труба, шүберектің Жыртығы, дәннің қауыздары, күйраған сод далаға лактырып жіберген аузы ашық бочкелер — бәрінде осында кездестіресіц. Қімде іске аспай қалғанының бәрін көшеге лактырып, өткен-кеткеннің бәрінді осы көн-кокырды көріп жүрегі айнысын дегендей істейтін. Көшені кесе көлденең бір үй мен бір үйдің арасына тартып қойған сырғауылдарға етіп бара жаткан кісі колын созса, жетерлік болатын; ол сырғауылдарға жидтың әйелдері байпактарын, қыска дамбалдарын, үйректерінді ысталған етін іліп қоятын. Кейде, ажары әжептәуір еврейдің әйелдері мойнына салған маржаны салтақ-салтақ кір болып терезеден карап туратын. Қір-қір, үстіндегі киімдері л^аулка-жулка, шаштары буйра-буйра болып еврейдің балалары айғайлап батпакта жататын. Бет-аузын бөртпе каптап кеткендіктен шыпшықтың жумырткасына уксаған жирен бетті еврей терезеден басын қылқыйтып карай калды да өзінің бажылдаған тілімен Янкельмен сөйлесе бастады. соңсод Янкель тұра барып біреудің шарбағына енді. Көшеме^ж келе жаткан бір жид токтап, Янкельмен сейлесе кетті. Бульба кірпіштің астынан тырмысып шыккан уақытта, үш жид күпілдесіп кызу-қызу сөйлесіп тур екен.

Янкель Тарасқа бурылыш тіл катыш, бәрінің де қылсыны келетінін, Остаптың қаладағы зынданда отырғанын, күзетшілерді көндіру кыйын болсада, қалайда ебін тауып жолықтыратындығын айтты.

Бульба үш жидпен бірге үйге кірді.

Жидтер өзара тағыда өздерінің адам тұсідбейтін тілдерінде сөйлей бастады. Тарас әрқайсысына бір қарап койып отырды. Арба езін жаман соғып тастаған сыйқты. Тарастың дөңкиіп селсок тартқад беті седім жалынының күшті шарпуы тие бастағандай болды, мундай үміт, мундай сенім адамға барада жер, басар тау калмай тарылғанда оралатын әдеті болады. Тарастың қарт жүрегі жастың жүрегіндей лұпілдеп соға бастады.

«Жидтер, менің сөзіме қулак қойындар!» деді ол, оның даусы бір түрлі желпініп, көтеріле шыкты. «Дүниеде сендердің қолыңдан келмейтін нәрсе жок, теңіздің түңғышында жатқан нәрсе болсада, алыш шығасындар, урлағысы кеп қөнілі соқса, жид езін өзі урлай ала алады, деген макалдарда бар. Маған Остапымды босатып беріңдер! Албастылардың тутқынынан қашуға оған жағдай жасаддар. Мен мұда кісіге он екі мың червонный акша бермекші болып уәде қылдым — он екі мылды тағыда косамын. Барлық асыл затымды, казып тыккан алтыннымды, үстімдегі үйімді, киген киімімді түк коймай сатып сендерге берем, оның үстіде емір бойы соғыста не олжа тапсам, тед жарымын сендерге беріп отырура шарт жасасам!»

«Ойбой, қадірлі пан-ай, оны істеу колдан келмейді! Колдан келмейді!» деді Янкель күрсініп.

«Жок, колдан келмейді!» — деді тағы бір жид.

Үш жид біріне бірі қарасты.

«Ал, байқап көрсө кайтеді», деді үшіншісі, басқа екеуіне жалтақтап қарап: «Кім біледі, құдай жөнін берер».

Жидтың үшеуіде немісшілеп сөйлесіп кетті. Бульба кулағын қанша тікседе, ештеме уға алмады. Оның құла-

Одна қайта-қайта «Мардохай» деген сез естіле берді, басқа сөздерінің буынын таба алмады.

«Пан, менід сөзімді тыңдашы!» деді Янкел: «осыг уақытқа дейін дүниеде болып кормеген біреумен ақылдасу. Ой, ой! Ол адамның данышпандығы Соломонмен барбар, егер ол ештеме істей алмаса, онда жер жүзіндегі адамның бір де бірі түк істей алмайды. Өзід осында отыр., Міне кілт. Еш адамды кіргізбе!» Жидтер далаға шығып кетті.

Тарас есікті жаптыда, кішкене терезеден жидтердің ластанған көшесіне карады да отырды. Үш жид жөшенің дәл ортасына барып токтап, кыза-қыза сөйлесіп жатты. Ұзамай оларға төртінші болып біреу косылды да, оның артынша бесінші біреу келіп тағы қосылды. «Мардохай, Мардохай» деген сез Тараптың қулағына тағыда естіліп турды. Жидтер жөшенің бір жак бетіне дамыл-дамыл карай берді. Ақыры сол жөшенің басында аяғында жидтың, башмағы, үстіндегі шекпенінің етегі желбендеп біреу көрінді. «Ай! Мардохай! Мардохай!» деп жидтер жапа-тармағай айғайласты. Янкельден көрі аласалау, бет аузын баскан ажым Янкельдікінен көрі әлдекайда, көп, жоғарғы ерні көстиген, дағарадай ұлken бір арық жид әбігерленіп турған топқа жақын келді, турған жидтер жапырласып, жан таласып анаған сөздерін айта бастады, Мардохай қайта-қайта айтылып, терезеге келіп сап-сап етіп естіліп турды, сез өзі туралы болып жатқанын Тарас сезді. Мардохай колын сілтеп-сілтеп қояды, аналарды тыңдайды, сөздерін бөліп бірдеме айтады, дамыл-дамыл жан-жағына түкіріп тастайды, бір уақытта қалта-сынан салдыраған бірдемені алуға қысқа шекпенінің етегін көтергенде, шалбарының салым-салым екеді көрініп қалды. Ақырында жидтердің даурығып дауыстап кеткендігі сондай, күзетте турған жид сөздерінді доғарындар, деп белгі берді, муны көрген Тарас өзінің кара басынан хауыптене бастады, бірак, жидтердің көшеден басқа жерде сөйлесе алмайтынъг, олардың тіліне пері болмаса, бас-

На ешкім тұсінбейтіні өсіне тұсіп, Таразтың көнділі орынды.

Бір-екі минуттан кейін жидтер Тарас отырған бәлмеге келді. Мардохай Таразтың жаңына келіп, иығынан устап әрлі-берлі жулқылап, былай деді: «Біз істеуге бетальш, кудай қостаған іс, қалай болсын деп тілесед, солай болыш орындалады».

Тарас мына Соломонға тесе қарады, мундай жанды ол әлі дүниеде кездестірген жок еді, сондыктан үміті бір аз демденді. Шынында, оның кейпі адамды бір аз үміттендірерлік, жоғарғы ерні тіпті адам шошырлық. Ол еріннід сонша қалындауына жөлденеңнен бір себеп болғандығы шексіз. Соломонның иегінде не бары он бес шақтығана қылтан бар, одағы иегінің тек сол жағында. Сотқарлықтың салдарынан бетіне талай соккы тиген болу керек, бет-аузы айғыз-айғыз таңба, таңбаның санына Соломон өзі де жете алмай, туа біткен мендей көріп, өзі елемей кеткен болу керек.

Мардохай жолдастарымен бірге шығып кетті, жаңындағылар Мардохайдың дадалығына таңырқануда. Бульба жеке қалды. Ол адамға кездеспеген, таңқаларлық бір Жағдайда отыр, өмір бойы Таразтың абыржып көргені осы. Жүрегі альш ушып, маза бермейді. Бұрынғыдай, илмейтін, толқымайтын, қайратты, талмайтын, емен сыйяқты қалыш ояда казір жок еді, ол жер коркактанған, ол әлсіреп, нашарланған. Бірдеме сыбдыр етсе, немесе көшениң басында бір жид көрінсе, ол селк ете тұсіп отырды. Осындай үрейлі қалышта ол күнімен отырды; ішкен де жок, жеген де жок, көше жактағы үлкен терезеден көзін бір минут айырған жок. Ақыры күн баткан сод, тіпті кеш Мардохай мен Янкель керінді. Таразтың жүрегі мұздай болыш кетті.

«Қалай? Жолдарың болды ма? деді Тарас, асау аттай тынышсызданып.

Жидтер найкальш айтуға кіріскенше, Мардохай шашыңың қалған талынанда айрылғанын Таразтың көзі шалып

калды, жұлынбай түрғанда ел шашы таран, балталмара-
нымен жалбырап киіз қалпағының астынан шығып тура-
тын. Мардохай бірдемені айта бастап еді, сөзі үйлеспей
бірдің басын, бірдің аяғы шатып, Тарас өнің айтканы-
нан түк түсіяе алмады. Янкельдің өзіде дамыл-дамыл
аузын колымен басып, сұық тиген адамдай болып
отырды.

«Ой, кадірлі пан-ай!» деді Янкель. «Енді, тіпті де бол-
майды! Кудайакы болмайды! Бұлар ғондай онбаған халық;
тіпті басына түкірседде сауап. Мына Мардохай айт-
сын; Мардохайдың бүгід істегедін дүниеде еш адам
істей алмайды, амал не, істід одға шығуын кудай макул
көрmedі. Үш мыш әскер коршап тур, ертең тутқындардың
бәрін өлтірмек».

Тарас жидтерге жалт қарады, бұл жолы онда сабыр-
сыздық немесе ашулы мінез жок еді.

«Егер пан баласын көргісі келсе, ертең ерте, тіпті күя
шықпай істеу керек. Күзетшілер келісті, бір левентар¹⁾
жолыктырам, деп уәде берді. Тек оларға ахыретте түк
жаксылық бермесін, мундай неткен жемқор халық! Тіпті
біздеде ондайлар жок. Мен әрқайсына елу червонецтен
бердім, ал, левентарына...»

«Жаксы. Мені соған альп бар!» деді Тарас тужыра
сөйлеп, кайтпас кайрат оның денесіне қайта бітті. Неміс
жерінен келген жат елдід графы болып, киімінді өзгер-
тіп киін, деген Янкельдің әкылымна Тарас көнді, алыстан
ойлайтын жид, киімді күні бұрын ғайлап-ақ қойып еді.
Бул мезгілде түн болып калған. Үй иесі, белгілі бет-аузы
бөртпелі жирен жид бір жекеге оралған жука кус тө-
секті сұрып алып, Бульбаға арнап нарға төседі. Сондай
бір төсөніштің үстіне Янкель еденге жатты. Жирен жид
шыны аякпен бірдемені жута салып, шолақ шекпенін ше-
шіп тастап, аяғында байпағы мен башмағы, балапан реуіш-
теніп әйелімен екеуі шкаф секілді бірдемеге карай жа-

1) Левентар — региментар, команданың начальникі.

Мұра жүнелді. Жидтід екі баласы, үйдегі үйренишікті итке уқсал, шкафтың түбіне еденге жата кетісті. Бірак, Тарас үйіктай алмады. Ол жылжымай бір жерде қадалың, столды саусағымен шертіп қойып отыра берді. Аузына коркорын қыстырып қойып мезгіл-мезгіл түтінді түйдек: түйдегімен шығарып жібергенде, үйіктап жатқан жид түшкірініп, мурның керпесімен қымтай түсіп жатты. Түннің іргесі сөгіліп, таң сөулесі біліне бергенде-ақ Тарас Янкельді аяғымен нұқып қалды.

«Тур, жид, әкел мағая графқа арнаған киімінді!» Минутта киініп-ақ алды; мұртың, қасын кап-кара қылып бояп алды, кішкене кара бөрікті шоқыйтып, қарақусына киді — казір ол ең жакын қозактарының бірде бірі танымастай болды. Кескініне қарағанда, жасы отыз бестен асты дейтін емес. Екі бетінен кан тамады, бетіндегі тадбаларының өзі бір түрлі айбат беріп' тур. Алтындаған киім оған өте жарасты. <

Көшеде жан жок. Пайдакұнемдердід бірде бірі долина кобдиша устап әлі көшеге шықкан жок. Бульба мен Янкель пішіні қонған тырнаға уқсаған бір қурылыштың жанына келді. Ол қурылыс аласада болса, жалпақ, улан байтақ екен, тозад басып қарайған, бір жағынан, әупілдектід мойныңдай болып мунарасы сорайтып шығып тур, мунараның төбесінде алакандай ғана қалқа бар. Бул үйде түрлі қызметтер істелетін. Мунда казармада бар, түрмеде бар, тіпті қылмыс сотыда бар. Біздід жолаушылар қакпадан кіріп өді, бір үлкен зал (сыякты төбесі жабық орынға душар болды. Мыд қаралы адам бір жерде үйіктап жатыр екен. Қарсы алдарында аласа ғана есік, есіктің тубіндегі екі часовий бірінің алаканына бірі екі саусағымен урып, бір ойын ойнап отыр. Келтедермен олардың жумысыда болғад жок, тек Янкель жуықтап барып: «бул біз, естисіндер ме, пандар, бул біз», дегенде ғана мойындарын бурды.

«Кіріңдер!» — деді біреуі бір колымен есікті ашып, екінші колын үргизу үшін жолдасына тосьго,

Тарас ~~пен~~ Янкель қараңғы, тар коридорға кіріп жүріп отырып, төбесінде кішкене-кішкене терезелері бар алғашқыдай бір үлкед залға кез болды. «Келе жатқад кім? деп айғайлады бірнеше дауыс, қаруланған қыруар адам Таастың кезіне шалынды. «Ешкімді жіберуге бізге руксат етілмеген» десті.

«Бул бізбіз» — деді Янкель, «күдайақы бізбіз, ~~хахи-~~ хат пандар!» Бірак, оның сөзін ешкім тыңдамады. Сәті түсіл, дәл осы мезгілде жуан біреу кез келі, шамасы бәрінің начальнігі болу керек, үйткені ~~куллісінен~~ басымырақ боктайды екен.

«Пан, бул бізбіз. Сіз бізді бұрыннан-ақ білесіз ~~жөнене~~ пан графта сізге алғыс айтады».

«Откізіп жіберіңдер, періден туған жұз пері! Бұлардан баска ешкімді жібермеддер. Ешқайсың қылыштарыңды шешпеддер, бір жад, иттей болып полда шубатылмасын...»

Сулу сөзбен берілген шұбырынды буйрыктың аяғын біздіді жолаушылар ести 'алған жок. «Бул бізбіз, ~~бул~~ мен, өз адамдарыңбыз!» деп қояды Янкель ~~жолыққа~~ жанға.

«Енді не істеуге болады?» деп сурады Янкель күзегшілердің бірінен, коридордың түйікталып бітетін жеріне келген кезде.

«Істеуге болады ғой, бірак, кім білсін, сендерді тұрменід өзіне откізіп жібере кояр ма екен. Қазір Яң жок, оның орнында баска біреу тур» — деді часовой.

«Ойпрай, ойпрай!» деді жид акырынғана: «бул унамсыз болды, пан!»

«Бастап жұр!» деді Тарас қасарып. Жид ~~коне~~ кетті. Төбесі күмбезденген зынданың аузында мұрты ~~өркеш-өркеш гайдук~~¹⁾ тур екен, мұртының жоғарғы ~~өркеші~~

1) Гайдук — венгрлердің жалдамалы солдаты. XVIII ғасырдан бастап кала сотының қызметкерлері гайдук деп аталатын болған.

кейін жапырылды, екіншісі ілгері сұғынып, үшіншісі темен салбырағандыктан ол мысықтың еркегіне тым уксас. Жид тәжім етіп үш бүктеліп, иліп, кабырғасынан жылжығандай болып гайдукка жетіп барды. «Сіз айқын ак-сүйексіз! Айқын аксүйек пан!»

«Жид, сен мұны маған айтып тұрмысың?»

«Сізге, айқын аксүйек пан'»

«Е... мен жабайы гайдукпyn!» деді үш өркешті мұртты қөзі құлімдеп.

«Ал, мен турған воеводаның нақ өзі шығар, деп ойладап едім. Ай. ай, ай...» — деді жид; бул сөзді айтканда жид басың бірнеше рет шайқап, саусағын тарбайтып жіберді, «Ай шіркін кияпты қандай келбетті! Кудай ақы аумаған полковник, кәдімгі полковник! Егер тағы бір елдей косса, нақ полковник болып шығар еді. Панды, шыбынчай, шырқап турған айғырға мінгізіп, полкты үйрегуге кояр ма еді!»

Гайдук мұртының төменгі өркешін бір сылап койды; қөзі жымындалап, көнілдене түсті.

«Бұл әскери адамдар, неткен жандар'» деді жид: «ох вей мін¹), бұлар қандай тамаша халық! Баулары, бляхалары²) қандай.. шіркін-ай күн сәулесіндей болып жаркырайды, ал, кыз жазғандар әскео адамды көргенде..: ай ай, ай!» Жид басың тағытда шайқады.

Гайдук желбуаздтып жоғарғы мұртын шыйратып тісінің арасынан аттың кісінегеніне уксас дыбысты да шығарып жіберді.

«Паннн көмек сұраймын-»—деді жид: «мынау князь жат жер ден келіп отыр, козактарды көргісі келеді. Ол козактарлы емірі көрген жок, қандай халық екенін де білмейді » Шет еллің графтары мен барондарының келуі Польшада үйреншікті байырғы нәрсе болып алған, олар көбінесе Еуропаның осы Азияға уксас түкпірін көруге

1) Вей мир — менің ойымша.

») Бляха — белбеудің айыл басындары алакал темір.

кумарланғандықтан көп келетін. Москва мемлекетін; Украинаны олар тіпті Азияны мекендеушілер, деп санайтын. Сондыктан гайдук иліп тәжім етті де, өз атынан бірнеше ауыз сөз сөйлеуді орынды, деп тапты.

«Мен білмеймін, айқын аксүйек, сіздід» деді ол: не үшід оларды көруге қумарланғаныңызды. Олар кәдімгі ит, адам емес. Олар діді де соядай, ешкім сондыктан кадірлемейді!».

«Сен, перінід баласы, өтірік айттып тұрсың!» деді Бульба: «сен өзің итсід! Біздід дінімізді ешкім кадірлемейді, деп айтуға сенің калай батылың барады? Кадірлемесе сендердід осы еретикелік¹⁾ діядерішді кадірлемейді!»

«Эге, ге!» деді гайдук, «сенід кім екенінді мен енді білдім, сенід өзің осында отырғандардың бірісін ғой. Тура тур осылай, мен кісілерімді шакырайын».

Тарас өзінің сабыр, сактық істей алмағандығын енді сезді; бірак, кайсарлық пен намыскойлық істеген ағаттыкты амалдап түзеуге жол бермеді. Сәті болғанда, Янкель араға киліге кетті.

«Айқын аксүйек пан! Графтың козак болуы мүмкін бе? Егер бул козак болса, мұндай киімді қайдан таппак, және мундай граф келбетті бола ма?»

«Сөзіңің маған керегі жок!» деді де гайдук кед аузын аңқыйтып ашып, айғай салуға ыңғайланды.

«Корольдегі мәртебелі ер! Үндемедіз! Кудай үшін, үндеменіз!» деді Янкель айғайлап: «Үндеменіз! Ол үшін біз еаған өмірде бітіп көрмеген ақшанды, екі алтын червонеңдер болады, жид!» Гайдук жоғарғы муртын тағы шый-

«Эге, екі алтын червонең па! Екі червонең маған түккіе түрмайды. Сакалымның жартысын кырғаны үшін мен шаш алушыға екі червонең төлеймін. Жүз червонең берсед болады, жид!» Гайдук жоғарғы муртын тағы шый-

1) Еретикелік — дін жолынан азып, тайған,

ратты. «Ал, егер жуз червонеңті бермөсек, мен қазір-ақ айғайды салам!»

«Сонша көптің неменеге керегі бар?» деді жид ~~уа-~~ йымды дауыспен тери қабының аузын шешіп жатып. Дес бергенде жидте одан артық акша жок екен, гайдук жүзден асып ештеме санай алмады.

«Пан! Э пан! Тезірек кетейік! Мундағы халықтың жақсы емес екенін көрдің ғой?» деді Янкель буданда көп сурамағанына өкінгендей гайдук акшаны қайта-қайта санай бергенін қөріп.

«Мұның сенід, перінді баласы гайдук» — деді Бульба, «акшаны алдың, ал керсету тіпті ойында да жок? Жоқ, олай емес, сен көрсетуге міндеттісін. Акшаны ала-рын алғансон, енді қөрсетпеуге хақыд 'жоқ».

«Көзге көрінбей, аулак жетіндер! Эйтпесе мед осы минутта білдірем, соңсоң сендерді табан аузында... Бастарыңды аман альп күтылыддар, менід айтарым сол, тезірек енді!»

«Пан! Пан! Күдайқы тезірек кету керек! Пәледекті осылар шықпасын. Бүлардың түсіне адам түкіріп тастауға жиренетін нәрселер енсін», деп айғайлады Янкель сорлы.

Бульба басын темен салып, әрең-мәрең бурылыш кейін жүрді, червонеңтерден текке айрылғанға іші күйіп Янкель Бульбаның кулағының етін жеумен болды.

«Қозғаудың керегі не еді? Мейлі итше үре берсін, боктап! Боктамай тұра алмайтын жарт булардың өзі! Ох вей мир. кудайым жүртқа байлықты калай тегін айдап келеді! Тек бізді айдау үшін ғана жуз червонең алды-ау, ә! Ал, біздің жазғандар самай шашын жулсада төзеді, бет-аузыд адам танығысыз етеді, сондада оларға ешкім жуз червонең бермейді. Ай құдайым-ай! Ай рахымың күшті кудайым-ай!»

Жолдың бурайша больш одғарылмауы Бульба жаман батты. Ішін күртша үңгіген хасірет Таастың қөзінен білініп турды.

«Кетейік!» — деді ол кенеттен сернілгендей белым: «жүр алаңға барайык. Остапты бұлар қалай азантар өкен, менің соны көргім келіп тур».

«Ай, пан-ай, барудың де керегі бар? Біз барғанмен өран еш көмек керсете алмаймыз ғой».

«Барайык!» деді Бульба касарып, сонымен жид, бала күтуші әйелдей, ауыр күрсіндіде, сүмендеп жөнелді.

Остаптарды жазалап өлтіруге белгіленген аладды тауыш алу онша қыйын емес еді, халық жан-жақтан сол аладға карай ағылып жатқад. Ондай мейрімсіз қатал заманда кісіні жазалап өлтіру карапайым халық түгіл аксүйектергеде қызық сыйкты көрінетін. Көптеген нағыз діншілмін деген адамдар, толып жаткан кос үрей қорқақ қыздар, әйелдер" жазалап өлтіргенді көріп қайтқан тұні қөздеріне кан-қан болған өлімтік елестеп, түсінен шошып оянып бақыра түрекелетін, олардың шошығандағы даусы мас болып айғайларған гусардың даусынан кем болмайтын; солай бола турсада жазалап өлтірілген адамның көрінісіне карай калуды әйелдердің өзі мінде-тіндей көретін. «Ай, не деген азап!» деп айғайлайтын одан кейін жын соққандай калшылдал, қөздерін жумыл теріс қарап кететін, әйткенмен көпке дейін кетпей турып алатын. Кейбіреулері аузын аңырайтып, қолын тарбайтып, айқынырақ көру мақсатымен алдындағы кісілердің төбесіне шығып кете жаздайтын. Қалак басты, тар маңдай усақ уландардың ішінен дүрдиген бетті ет сатушы майнын созып барлық болып жатқан оқыйға бір атақты білгішсінген кейіппен карайтын, мылтық мастерімен тужырымды-тужырымды сөзбен тілдесіп, оны кіндік ата денте атап коятын, ондай туысқан бола калатын себебі мейрам күндері екеуі аракты қатар отырып сіміретін. Біреулер кыза-кыза сөйлесіп, біреулер тіпті бәсте-сіп те қалатын; бірак, келетіндердің көбі дүниеде кандай оқыйға болып, кандай керемет жасалып жатсада, абыржымастан селсоктанып танауын шуқылап тура бе-]рет*шдер болатын, Алдыңғы қатарда, кала гвардиясының

тобын қурып турған мұрттылардың нақ жаңында жас шляхтич туратын, немесе шляхтич сыйктаңған, әскері кімді, үстіне не барын әсемдеп, үйіне түгін калдырмастан кигендер болатын, ондайлардың үйінде сальым-салым болған көйлегі мен ескі етігі ғана калатын. Мойнындағы ғұлмен баскан екі шыңжыр бірінің үстінде бірі катарланып туратын. Оның жаңында сүйіктісі Юзыся барда, үстіндегі жібек көйлегін біреу былғап кете ме, деп байғұс отқа түскендей шыжылдан туратын. Ол сүйіктісіне бәрінде байыптап баяндаған, енді оған косарлық ешбір сөз калған ләкта. «Міне мынау, Юзыся жаңым», дейтін ол: «өзід көріп турған халықтың бәрі қылмыстыны калай жазалап өлтіретінін көруге келгендер. Ал, анау өзің көріп тұрсың ғой, жаңым, қолына балта және баска саймандар устап турған адам — жендет, жазалап өлтіретін сол. Додғалакка салып айналдырып және баска азаптарды көрсеткен уақытта қылмысты тірі болады; ал, басын шауып алғансод-ак, жаңым, ол табан аузында өледі. Бастапкы кезде бакырып булқынады, ал, басын шауып алған сод, ол айғайлай да алмайды,, аста жей алмайды; сусын да іше алмайды, үйткені, жаңым, оның басы денесінде болмай калады РОЙ». Юзыся оның сөзінің бәрін қауыптентген кейінпен таңданып тыңдалп тур. Үйлердің тәбесі де адамға тольп кетті. Сырттағы дыбыс естілу үшін істелген терезелерден де мұрты бар талай селекет түстілер карап тур, олардың басында әйелдің тебетейі сыйкты бірдемелер бар. Балкондарда, курулы тігулі шатрларда аксүйектер отыр. Панның кызы құлімсіреп, канттай аппак, жаркыраған колымен балконның жактауынан устап отыр. Тольқы денелі айқын аксүйек пандар да маңыздынып караула. Жаркыратып тамаша киім киген холоптар да¹) жендерін арттарына кайырып тастап, түрлі ішімдік және тамактар тасып жүр. Кейде

1) Холоп — қызметкер, құл сыйкты адам.

қара көзді шалдуарлар аппақ колымен бүйректі, жемістін халықтың ортасына карай лақтыратын. Топтанған ашрышарылар бастарынан шляптарын альш- тоса коятын, муны көргенсон ұзын бойлы шляхтич үстінде түсі оның-кыраған алтын баулы кызыл шапаны, мойнын созып, қолының ұзындығымен пайдаланып бірінші болып жармасатын; алған олжасын қайта-қайта сүйіп кеудесіне басып, сонсад аузына салатын. Балконның астындағы салбырап турған хапастағы қаршығада алаңға караушының бірі басығын бір жағына кыйсайтып, аяғын көтеріп, одағы өз шамасынша халықка қөз салып отыр. Көпшілік бір мезгілде кенеттен шу ете калды, жан жактан: «Әке-ле жатыр! Әкеле жатыр! Козактарды караддар!» деген дауыстар естілді.

Тутқындар жалад бас, шаштары жалбырап келе жатыр. Сақалдары да өсіп кеткен; олар қорықпастан, шошынбастан жүріп келеді, бойларында такаббар өркеу. Делік бар сыйкты; асыл шуғадан тіккен киімдері тозған, бой-бой болып үстерінде жалпылдан жүр; олар халықка қараған да жок, тәжім де еткен жок. Бәрінің алдында Остап.

Өзінің Остапын көрген уакытта, карт Тарастың сезімі, ойы калай құбылғанын кім білсін? Сол сағатта оның жүрегі каддай халде болды еken? Остапқа Тарас топтың ішінде турып карап, жүріс-тұрысының бірде-бірін капы жібермей кезін тігуде. Тутқышдар өлтірілетін жеріне жетті. Остап тоқтады. Бул салмакты ыдыстың дәмін бірінші болып тату кезегі Остапка келіп тур. Ол жолдас-Тарына карады да, қолын көтеріп, дауыстап былай деді: «Жараткан алла, мынау одбаған еретиктерге христиандың әлсіреген даусын естірте көрме, біздің бірде бірміз кыдк етіп дыбыс шығармайтын болайық!» • Соньшайтыда ол эшафотка¹) қарай жақындағы.

1) Эшафот — кісінің асып өлтіретін жер.

«Жарайсын, улым, жарайсын!» деді Бульба ақырыңғана, ақшыл тарткан басын салбыратып түсіріп жіберді.

Палач Остаптың ұстіндегі боршаланған киімін жулып алды; қолы мен аяғыя әдей істеген станокке таңды, соңсод... естіген жанның тебе шашы тік туаралық керемет азапты айтып, окушылардың көңілін бузғанда қайтеміз.. Ондай мейрімсіз салт сол замандағы каталдықтан, адам адамшылық дегенді елемей, өмірі кан төгумен болып, батыл әрліктер жасап, соның жалынында пісіп шындалған өркеуделіктен туған ғой. Заманың ағымына бағынбай, мундай қатал, масқараашылыққа қарсы болған санаулы адамдар ол кезде күшін бекер сарп еткен. Ойына ақыл мен сананың сәулесі енген король мен рыцарь мундай қаталдық козак ултының өшпенділік ызысын арттыра беретінін гйтқанында өлтиратқа алынбады. Корольдың кудреті, ақылгөйлердің дана пікірлері тәртіпсіздікке, мемлекет басындағы магнattардың урда жық мінездеріне қарсы тұра алмайтын; магнattардың алды-артын абайламай іс істеуінің, болашакты болжашу деген естеріне кіріп шықпауының, баланың мінезіндей өркөкіректігінің, түкке турмайтын такаббарлығының нәтижесінде сейм үкімет басқару орны емес, кедемежге айналған. Остап азап пен қорлыққа, айнымас альштай-ак, төзді. Тіпті қол, аяғының сүйегін қыйратып, сынған сүйектің сытырлаған даусы үнсіз турған топ жүртқа түгел естіліп, панның қыздары дәті шыдамай теріс карап кетіп жатқанда ыңырсу, үн шығару деген Остапта болған жок; үнсіз касарған калпымен бетіне түк өзгеріс енген жок. Тарас топтың ішінде, басы темен түскен, әйткенмен көз карау әлпінде көтерідкілік, 'мен-мендік бар, улының қайсаrlығына айызы қанып: «Жарайсын, улым, жарайсын!» деп қояды.

Ең ақырғы өлім азабына таянған кезде, Остаптың қайраты сарқылған сыйқты керінді. Кезін тігіп ол айнала карады: Құдайым! Бәріде жат, бәріде ушырап көрмөгөй

жандар! Өлтіріп жатканда тым құрыса жақын, жаны ашыр жанның біреуі болсайшы. Эрине ол әлсіз анасыяйд адырап, есінен танып жатканын, яемесе жан л^колдас жарының акқула шашын жулып, қанды жасын төккенін көргісі келмейді; Остаптың казір адсап, қумартқаны жан тапсыраш шағында толғамы кед, дана сөз айттып, көңілін жайландыратын ер жүректі адам. Ол құшпен барып кулагап, жан жүйесі зарығып: «Батько! қайдасын сен? Ести-місін менің үнімді?» — деді.

«Естіп турмын!» деген дауыс үнсіз турған халықтың ортасынан саңқ етті, миллиондаған халық бір қісідей селк ете қалды. Салт атты әскерлердің бірсыптырасы топтың ішін тіміскіп карай бастады. Янкель, елі жандай, қуп-қу болып кетті, солдаттар аулағырақ кеткен кезде, зәре жок, калтырап, Тарасқа карайын деп артына бұрылса, Тарас маңында жок, еzsіз-тұзыз кете барышты.

XII

Таras ақыры хабарсыз кеткен жоқ. Украинаның шека-расыда козактың жүз жыйырма мың әскері пайда бола қалды. Бул анау-мынау олжа табуға немесе татарларды кууға аттанған жеңіл-желті әскер емес. Жоқ, бул көтеріліп отырған бүкіл улт, үйткені төзе-төзе халықтың төзімі тозды. Қөтерілгендердің максаты кек алу, адамгершілік правосын мазакка салғандығы үшін, кемітіп маскара-лағаны үшін, дінді және ата-бабадан келе жаткан салтты. корлағаны үшін, шіркеуді балағаттағаны үшін, жат елдің пандарының зорлық-зомбылығы үшін, канағаны үшін, уния курғаны үшін, христиан жерінде жидтердің билік. қурған сумдығы үшін, кашаннан бері козактардың жүре-гіде тунып, кегін қайрап жүргендердің бәрі үшін кек алу. Козактардың сансыз қолын жаста болса батыл мі-иезді Гетман Остраница¹⁾ бастады. Остраницианың жа-

1) Гетман Остраница — XVII ғасырдағы жозактардың Польшага қарсы қыймылында басшы болған көсемдерінің бәрі. 1638-ж. Таras ғавада өлтірілген.

нында көпті көрген көне, пісій, катып, жатылған ақылшысы, карт жолдасы Гуня болды. Он екі мың адамы бар полктарды сегіз полковник бастап жүрді. Генералдық екі есаул және генералдық бунчужный¹⁾ гетманның артында келе жатты. Генералдық хорунжий бас туды бастады, тольп жатқан баска тулар мен жалаулар аулакта желпілдеп келе жатты; бунчукшінің жолдастары бунчуктерді алып жүрді. Колда баска чинді адамдарда көпте, полктың керуендік, әскерлік жолдастары, полк қатшылары және онымен бірге жаяу және атты отрядтар, жолдан косылған, өзі тіленіп кіргендердің саныда әскер катарындағы козактармен бірдей болып кетті. Жер жердегі козактар бас көтеріп, Чигриннен, Переяславтан, Батуриппан, Глуховтан, Днепрдың төменгі жағынан және жоғарғы ағысының бойынан, барлық арал атаулысынан козактар топ-топ болып келді. Сансыз атпен, есеп жетпе көп арба кед даланы алып шұбады. Бул козактардың арасында, атаулы сегіз полктың ішінде адамдары іріктелген бір полк бар: ол полкты бастаушы Тарас Бульба. Басқаға Караганда кай жағынан болсада оның жолы үлкен болды, жасының еңкейіп қалғандығы, тәжрибесінің молдығы, әскерді бастай білуі, жауға өшпенділігінің ерекше басымдығы — кай жағынан болсада ол өзгеден асып тұсті. Таразтың жауға шектен аскан каталдығы мен қаһарлығы тіпті козактардың өздеріне де оғашырақ көрінді. Шашы аппак бола тұра өртеу, отка салу, дараға асу, деген сөздер ғаяла шығатын Таразтың аузынан; әскер кеңесі болғанда Таразтың берер ақылы тып-тыйпил қылқырып салу болатын.

Козактар ерлік көрсеткен урыс атаулының бәрін сыйпаттаудың, жорықтың біртінде дамуын сыйпаттаудың хажеті жок: муның бәрі жыл оқыйғасын тіркейтін кітап-

i) БУНЧУК — гетманның әкімшілік белгісі (бояған құрықша ағашқа қызыл баumen байлаған жылқының ақ қылы). Генералдық бунчужный — бунчукті сактаушы адам.

тарда жазулы. Дін намысы үшін басталған орыс елінің серпімі кандай болғаны журтка белгілі. Діннен күшті күш жоқ. Ол — адам жеңбес¹ және айбатты, ол толқынды, дауылды тедіздід ортасында қasarып, толқымай турған қыя тас сыйқты. Оның көрікке таласкан тіп-тік қабырғасы тедіз түбінің нақ ортасынан шықкан, онда жарықшак жоқ, тұта² бір тастан жаралғандай. Ол кайдан қарасаңда көрініп турады, жанынан жанап өтіл, бірін бірі күшп, жанталасып бара жатқан толқынның көзіне ол тайсалмай тұра қарайды. Бұған соқтыққан кеменід халы мүшкіл! Ондай кемелер күл-күл болып, жодқадай ушады, үстіндегінің бәрі суға карық болады, шексіз ауа суға кетіп бара жатқандардың бакырған даусымен жаңғырығып бітеді.

Босанған қалалардан Польша гарнизондарының калай қашқандығы жыл оқыйғасын тіркейтін жітаптарда сый-патталған; арсыз арендатор жидтердід дарға калай асылғаныда онда бар; патшаның од үзесінен орын алған гетман Потоцкий сан колды сайласада козактардың қайтпас күшіне қарсы туруға жарамағаныда онда баяндалған; талкандашып жеңіліп, өкшелеп куған козактардан коркып, әскерінің бар тәуірін бір кішкене өзенге суға кетіріп алғаны; Полонный деген mestechkede¹) козактардың айбатты полктары Потоцкийдың қолын камап алып, амалы қурыған сод Польшаның гетманы козактардың қандай тілегі болсада король және мемлекет бастықтары тарапынан қанағаттандыруға, козактардың бұрынғы барлық праволарын лоне кадірлілігін калпына түсірүте айт етіп уәде берген болатын, осының бәріде тарих кітабында жазулы. Алдауға көне коятын козактар емес, поляктардың уәдесінің қанша байымды екенін олар жаксы біледі. Егерде сол mestechkede жатқан орыс духовенство²) ара түсіп, амая алым қалмаса, Потоцкий өзінің

¹⁾ Местечке — поселок, қалаға жуық елді пункт.

²⁾ Духовенство — дін басылары.

алты мындык аръымағының үстінде алшактап, пан қыздарын кумарландырып, мырзалардың іштерін күйдіріп жүрмес еді, сеймде ауыздыға сөз бермей, сенаторларды сыйлаپ сайран салмас еді. Қолдарына икондары¹⁾ мем крестерін устал үстеріне жарқыраған алтынды шекпендерів киіп архиерей бастаған поптар топтанып карсы шыққанда козактар басын иіп, бөріктерін алысты. Корольдев тәменгілердің ішінен олар қызу үстінде еш адамдыда сыйлай қоймас еді; ал, өздерінің христиан шіркеуіне карсы шыға алмады, өз духовенствосын сыйлады. Христиан шіркеулерінің барлығына еркіндік беру, ескі жаулықты естен шығару, козак жауынгерлеріве жәбірлік істемеу туралы Потоцкийден антпен уәде алып босатуға гетман мен полковник көнді. Бул бітімге бір полковник кана көнбеді. Ол полковник Тарас еді. Басынан бір уыс шашын жулып алыш, ол айғайды кеп салды.

«Әй гетман, әй полковник! Бурай қатын ісін істемедер! Ляхтарға наңбаңдар, сатып жібереді бул иттер!» Полк қатшысы келісімнің жобасын жазып беріп, гетман әкімдік колын койып бекіткен уақытта, Тарас үстіндегі ак алмасын, кымбат бағалы таңдамалы асылдан істеген түрік қыльшын сыпрып альп, колға устаған асадай, тізесіне сальп екі бөліп, екеуін екі жаққа алыска лақтырыш жіберіп, былай деді: «Қош болыңдар! Мынә қыльштың екі басы енді косылмайды, енді олар біргіп бір қыльш болмайды, сондай-ақ, жолдастар, біздағы енді кайтып бул дүниеде көріспейміз! Менің қоштасқан сөзімді естеріндегі устаддар!...» (Осы сөзді айтканда оньщ даусы көтеріліп, жоғары шарыктап, айтып болмастық күш* біткевдей болды — отырғандардың бәріде ғайыпты болжап сөйлеген сөзден қаймышып калды). «Жан тапсыраң сағатта мені естеріңе аларсыздар! Бітім мен тыйыштықты байсалды кып сатыш алдық, деп ойлайсыздар ғой? Енді пандық

1) Икона — құдай.

курамыз деп ойлайсыздар ғой? Пандықты баска жолмен куарсыздар: гетман, сенің бас терінді .сыпрып алар! Бояуы кеткен шүберектей іліп кояр, сөйтіл ол көрінген базарда көрмे болар! Пандар, сендерде бастарыңа ие бола алмассыздар! Егер бәрінді, қойдай қамап, тірідей казанға салып жидітпесе, тас камауда, сулы погребте жатьга шірісіздер!»

«Ал, жігіттер, сіздердің!» енді ол өзінің полкына бетін бұрып: «Қайсың өз ажалыданан өлгің келеді? Пештің артында, қатынның төсегінде жатып емес, араққананың босағасында, өлімтікке уқсал, шарбактың түбінде жатып та емес, сүйіктісімен жатқан жігіттей, бәрід бір төсекте козактың адад абройлы өлімімен деп айтамын! Немесе үйге кайтып, дінсіздер жолына түсіп, Польшаның ксендзілерід арқаларыңа мінгізіп тасығыларың келе ме?»

«Сенімен боламыз, пан полковник! Сенімен бірге боламыз!» деп айғайды салысты Таразтың полкындағылар, жан-жактан да жүгіріп келіп оларға қосылып жатты.

«Менімен болуды тілесендер, болыңдар!» деді Тарас, беркін түсіріп баса киіп, қосыммай сыртқары турғандардың бәріне алая қарады, аттың үстінде отырып жөнделіп альп, өзіне ергендерге айғайды салды: «Бізді ешкім ба...ттатап, сөге алмайды! Ал, жігіттер жүріндер католик-Таразтың әлуегі ...!» Атын бауырлап тартып-тартып нап, бұлқынып-бұлқынып байқап арба кетер, бурынғы кездегідей, шашылып кала қоғағызыра «Ай, кәрілік-ай, кәрілік-ай!» деді де аксақалды қарт Тарас жылап коя берді. Бірак кінә кәрілікте емес еді, күш күшке мукальп жатыр еді. Таразтың қол-аяғына жармасқандардың саны отызға жуықта. «Іліндіді бе, күзғыным!» деп айғайласты ляхтар. «Енді бұл итке сыйды калай көрсетудің амальд ойлап табу керек»— десті. Ақырың гетманның руксаты бойынша Таразты букіл топтың алдында отка өртеуге үйғарды. Дәл сол жерде басына жай түскен ку ағаш бар еді! Темір шынжырмен Таразты ағашка тадып, байлады, қолын ағашқа темір

айуандық іс істеп іргелі сановниктері¹⁾ мен коса гетманың басын поляктар ағаштың басына ілді.

Ал, Тарас не істеп тыңды? Тарас өзінің полкышен жүріп бүкіл Польшаны кезіп, сайранды салды, он сегіз каланы, қырыққа жуық костелды өртеп, Краковкада таянып калды Шляхтылардың талайын қырды, қазналы тамаша замок гардың бірсыппырасын талады, пандардың vogребтерінде ғасырлар бойы сакталып турған арақшарап, балдарды козактар судай салырып ішіп, калғанын далаға төкті; коймадағы асыл ыдыстарды, киімдерді, сукноларды тіліп-тіліп, талқандап, отка жакты. «Ешнәрсені де аямаңдар!» дей берді Тарас оқтың оқтын. Қарасты пан қыздарын, қеудесі, аппак қардай, акша жүзді аруларды да козактар аяған жок, алтарьға жасырынсада ол жазғандар жанын сактап қала алған жок, Тарас оларды алтарімен қоса өртеп отырды. Акша кардай талай нәзік қолдар лапылдаған жалтының ішінде жан таласып ербендей жүргенде талай рет жөрінді, отта шыжған сулу—кулында құлыны шығып шыдғырған даусын естігенде бауыры сұyk кара жер сілкінгендей, даланың шөбі аянышты сезімге шомып, басын иер еді. Ал, мейрімсіз козактар ешемеге қараған жок, көшеде жүрген жудырыктай балаларды устап альп, әке-шешесімен бірге, откі өртеді. «Касқунем ляхтар, мұның болмайды, енді олар бірі асына жумсақ жүттегіш болмайды, сондай-ақ, жолдастар, рас. Ось енді кайтып бұл дүниеде көріспейміз! Менің коштасқая сөзімді естерішде устаддар!...» (Осы сөзді айтқанда оның даусы көтеріліп, жоғары шарықтап, айтып болмастың күш • біткендей болды — отырғандардың бәріде ғайыпты болжап сөйлегев сөзден қаймығып калды). «Жан тапсырап, сағатта мені естеріде аларсыздар! Бітім мен тыйыштықты байсалды қып сатып алдың, деп ойлайсыздар ғой? Енді пандық

1) Икона — құдай.

кутқарып отырды. Неше дегенмен, Потоцкий бул жолы мойнына жүктегөн міндettі аткарды; жалықастаң күшп отырып, Днестрдің жағасында, дем алу үшін ескі қорғанда аялдал жатқанда Тарастарды күшп жетті.

Днестр өзенінің нақ жарында бул қорғаның кезеттенген бөгеттері, ойырылған қабырғаларының қалдықтары карініп туратын. Қорғаның қыяланған биік төбесшің үсті тольп жаткан тастың, кірпіштің сынығы болатын, омсырайыльп өзенін тұңғыйығына кулагай кетуге бейім туратын. Корольдың од тізесінен орын алған гетман Потоцкий козактарды осы жерде келіп коршады. Кірпішті, тасты тынымсыз лақтырып, козактар төр гүн бойы арпалысып соғысты. Ақыры қорлары да, күштері де сарқылған сод, Тарас жаудың тобын бұзып етіп кашуға бел буды. Козактар етіп те калып еді, астарына мівген жүйріктері бул жолы да кутқаратын еді, бірақ құйындал шауып келе жатқанда Тарас кенеттен айғайды салын[<] токтай қалды «Тоқтаңдар! Темекісімен қорқорым түсіп қалды, қасқунем ляхтарға қорқорымды өлжаландырғым келмейді». Карт атаман едкейіп, қалың щептің арасынан[<] қорқорын іздеуге кірісті, бул қорқор тенізде де, қурғақта да, жорықта да, үйінде де оның ажыраспас жан жолдасы еді. Сүйтіп жүргенде топтанған жау қалтап келіп, Тарастың әлуетті иықтарына колды салды. Күшін жыйнап, булқыншып-булқыншып байқап еді, жармасқан гайдуктер, бурынғы кездегідей, шашылып кала қойған жок. «Ай, кәрілік-ай, кәрілік-ай!» деді де аксақалды карт Тарас жылап коя берді. Бірақ ківә кәрілікте емес еді, күш күшке муқалтып жатыр еді. Тарастьщ кол-аяғына жармасқандардың саны отызға жуықта. «Іліндің бе, құзғыным!» деп айғайласты ляхтар. «Енді бұл итке сыйды калай көрсетудің амалыңд ойлап табу керек»— десті. Ақыры гетманның руқсаты бойынша Тарасты бүкіл топтың алдында отқа өртеуге үйғарды. Дәл сол жерде басына жай түскен қу ағаш бар еді! Темір шынжырмен Тарасты ағашқа таңып, байлады, қолын ағашқа темір

шегемен шегеледі, бәріне көрінгендей етіп жоғары көтеріп, астына отты маздатып жақты. Бірак, Таразтың көзі отта болғад жок, өзін өртеуге жағылып жатқан отта оның жумысы болғад жок, ол бар ықыласымен жаудыа күғынанан кутылу шарасын істеп козактардың атысып жатқан жағына қарауда болды; жоғарыдан қараған оғав бәріде, алакандағыдай, айқын көрініп турды. «Жігіт Тер-ау тезірек!» деп айғайлады Таras: «орманның аржағындағы дәңесті альддар, оны алуға жаудың тісі батпайды!» Бірак, амал не, оның сөзін жел естіртпейді. «Ай осылар қырылады-ау, аккула қырылады-ау!» деді ол жаны түршігіп, сүйттіде төменде жарқырап жатқан Днестрдің сұына қарады. Куаныш оты көзінде жарқ етіп жанғандай болды. Бұтаның тасасынан шығып келе жатқан төркайыктың тұмсығын көріп, даусының жеткенінше айғайды салды. «Жағаға қарай барыңдар! Жағаға қарай, жігіттер-ау! Сол жақтағы жолмен жардан төмен түсіндер! Жағада қайықтар тур, арттарынан ешкім куа алмас үшін қайықтың бәрін ала кетіңдер!».

Бұл жолы жел екінші 'жактан соғып козактар Таразтың сөзін түгел естіді. Мундай ақыл бергені үшін ляхтардың біреуі оны басқа балтаның желкесімен салып кел жіберді, Таразтың көзі бұлдырап, дүние төңкерілгендей больш кетті.

Козактар жардың астындағы жолмен күйіндатып жөнелді, куғыншылар да иықтап қалмай келеді. Байқаса, жолдың булжағы, оралымы көп екен. «Жолдастар Мынаның жөні келмеді!» десті бәрі, қабақ қаққандай токтай қалысты, камшыларыга көтеріп алып, ыскырып қалысып еді, — астарыша мінген татар қаттары аяқтары жер баспай, жыланша созылып, жардан қарғып, Днестрдың сұыва күмп беріп—түсті де жетті. Тек екеуі ғана өзенге жете алған жок; биқтен тасқа қулап, тіпті үн шығаруға да муршалары келмей, ат-матымен мәңгі-баки сол арада қалып отырды. Ал, козактар

бұл кезде өзенде жүріп қайықтарды шешіп алumen болды. Козактардың оқыс кыймылына тадданып, ляхтар тік жардың басына келіп тұра қалысты; қарғыймыз ба, жок па? деген ойға келісті. Лепірген кызу қанды бір жас полковник, баяғы Аンドрийдің жүрегіне от салатын сулу қыздың туған ағасы, көп ойланып турмастан, козактардың артынан атын борбайлап түсе қалды. Бірак, өзенге жете алмай, әуеде үш үйіріліп барып, тік жартасқа былш ете түсті. Тік жардың қырлы тасы оның дал-далын шығарды, мыйы қанымен араласып, төңірегіндегі буталарға шашырап келіп жабысты.

Соккыдан кейів есін жыйып, Тарас кезін ашса, козактар қайыкка мініп, аулакта есіп бара жатыр екен; жоғарыдан жауған ок оларға жетпей тур. Карт атаманың көзі қуанғанин түл-гүл жайнады.

«Кош болындар, жолдастар!» деп айғайлады Тарас жоғарыда турып: «мені естеріңнен шығармаңдар, алдағы жазғытуры тағы келіп, бул жерде тамашалап сайранды ғалыңдар! Періден жаралған ляхтар не бітірді? Дүниеде козактар коркып, жасқанаарлық нәрсе бар ма, ойландаршы? Тура турындар, православиялық орыс дінінің не екедін білетін күн туар. Жырактағы, жуықтағы халықтар қазірдің өзінде-ақ сезіп отыр: орыс елінің өз патшасы ғылайып, жетіліп келеді, дүниеде оған карсы турып, бағынбай калатын күш жок!..» Бұл кезде от дауылдал, Тарастың аяғын шарпып, ағашты өрлеп жана бастады... Бірақ, жер жүзінде қандай от, қандай азап, қандай күш болсада, орыстың күшіне барабарда келмейді, оны мұкатада алмайды.

Днестр кішкене өзен емес, оның иірімі де көп, қалың қамысы да, саязыт да, тұңғыйық терені де көп, аккудың сыңқылдаған даусымен жадғырыккан өзеннің айқын айнасы жарқырап жатыр, ер қеуде суксырлар қалықтап аспанды қапталдалап ағып барады, оның жарға үйліға шыққан қамысында шіңкілдек 'те, кызыл жемсаулы қыз-қалдақ та, басқа кустарда көп-ақ. Козактар қос тутка-

лы қайықлен токтамай жүзіп, еспені тез еши, саяз жерді аулактан орап кетіп отырып, ушқан кустарды ұржітіп келе жатып бар сөз кылғандары өздерінід атаманы болды.

Н. В. Гоголь

ТАРАС БУЛЬБА

(На казахском языке)

Издание **КазОГИЗа**

Ответ. редакт. Ж, Есбатыров.

Подписано к печати 16/VI 1945 г. УГ01627 Издательский № 174.
Объем 9,5 п, л. Уч.-авт. л 7,125. Тираж 10000. Цена 5 р.

г. Алма-Ата, Гостинография № 1. 3 «. № 792